Бекітемін
«Гүлдер» жекеменшік балабақшасының директоры
_____________ М.Е.Овезова
«__1__» __06__ 2026ж

**2026 ЖЫЛҒЫ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**«ҚЫЗҒАЛДАҚ» мектепалды даярлық тобы**

Бекітемін
«Гүлдер» жекеменшік балабақшасының директоры
_______________ М.Е.Овезова
«__1__» __06__ 2026ж

**2026 ЖЫЛҒЫ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНЕ АРНАЛҒАН «ҚЫЗҒАЛДАҚ» МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫНЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**/МАУСЫМ АЙЫ/**

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық) «Гүлдер» балабақшасы

Топ: мектепалды топ «Қызғалдақ»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі: 01.06.2026 ж. - 05.06.2026 ж. «Бақытты балалық шақ»**

Педагогтың аты-жөні: Асанова М., Чоканова А.

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | *«Әрқашан күн сөнбесін!»* | *«Менің әлемім»* | *Кәусәр бұлақ* | *«Мен елімнің Ұланымын!»* | *Бақытты балалар* |
| Балаларды далада қабылдау | Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. | | | | |
| | Балалар мен ата-аналарды Балалар күніне сай безенділілген учаскіде қабылдау.<br>"Домино" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар<br><br>"Сыныптар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, бір аяғымен секіруге, ойын ережелерін сақтауға үйрету. | Балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны (жұптар айтысы).<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br><br>"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: белгілер бойынша жылдам жүгіруді, зейінді дамыту; дене мүшелерін нығайту.<br><br>"Айна" ойыны. | Кәусәр бұлақ<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимылқозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.<br><br>"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br>Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады.<br>Ойын іс-әрекеті. Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан | "Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: қабылдау қабілетін, түстерді ажырата білуді жетілдіру.<br><br>Еркін ойын: "Үш нәрсені атаңыз".<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың заттарды топтастыра білу қабілетін жетілдіру.<br>Ойын барысы. Бір сөзбен қандай нысандарды атауға болады: гүлдер, құстар және т.б.<br>"Гүлдер!" - дейді тәрбиеші және кішкене кідірістен кейін допты балаға лақтырады. Ол жауап береді: "түймедақ, раушан, жүгері гүлі".<br><br>Санамақ айту жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Бір дегенім - бесік,<br>Шықтық содан өсіп. | "Өзіңе жұп тап" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір-бір жалаудан таратады. Дағырараның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, "Өзіңе жұп тап" - деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: "Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой". Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады.<br><br>"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойын: "Сақина".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, достықта ойнай білуді жетілдіру; зерек, шапшаң, алғыр болуға тәрбиелеу.<br>Жүргізуші шеңбердің ішінде, ал балалар айналасында тұрады. Ол алақанында сақинаны ұстап тұрады да, байқатпай балалардың біреуіне беруге тырысады: балалар алақандарын бір-біріне беттестіріп тұрады, жүргізуші кезек-кезек балалардың алақандарын ашады.<br>Сақина бұйырған бала басқаларға білдіртпеуі керек.<br>Жүргізуші: "Сақина, сақина алаңға жақында!" - деп нұсқау бергенде, сақинасы бар бала ортаға жүгіріп шығады да жүргізуші атанады. | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеу және қозғалыс белсенділігін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалар шеңберге шығады. Санамақ көмегімен таңдалған бала шеңбердің ортасына орналасады.<br>Қалғандары айтады:<br>- Бірігеміз бәріміз,<br>Бірімізден біріміз.<br>Қайталаймыз, қалмаймыз,<br>Ұйықтамаймыз, талмаймыз.<br>- Асан (Аида, Мансұр) бізге көрсеттер.<br>Тағайындалған балалар шеңбердің ортасындағы бала әртүрлі қимылдарды көрсетеді, қалған балалар қайталайды. | да көп бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек.<br>Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар).<br><br>Еркін ойын: "Ұшады - ұшпайды".<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту, ауызша командаға реакция және мінез-құлықты реттеу.<br>Барысы: балалар қатарда тұр. Жүргізуші әртүрлі заттарды атайды және қолдарын жоғары көтереді.<br>Балалар аталған зат ұшатын кезде ғана қолдарын жоғары көтеруі керек. | Екі деген - елім,<br>Дала, туым, көлім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Үміт артар жігіт,<br>Төрт дегенім - төзім,<br>Төзе білем - өзім,<br>Бес дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт | (шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды түстер жүйесін қайталау; спектрдегі түстердің орналасуын бекіту; қабылдау қабілетін дамыту.<br>Ойын барысы. Балалардан жауыннан кейінгі шығатын кемпірқосақты кімнің көргенін, онда қандай түстер бар екенін сұрап, ойын құралдарын тақтаға іледі, түстерді толық атын атап орналастырады. Жеке балалардың алдарына ойын құралдары үлестіріліп балалар өз бетімен жұмысты үлгіге қарай отырып орналастырады. |
| | Еңбек: ауланы сыпыру, орындықты тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: сыпырғышты пайдалану туралы<br>білімдерін бекіту, өз ауласында тұрақты әрі уақытылы тазалық сақтауларын, тапсырылған іске жауапкершілікпен карауларын қалыптастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: ауладағы орындықты тазалау, ауладағы желмен шашылған жапырақтарды сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: ауланы ұстауға үйрету; еңбексүйгіштікке, ұжымдық еңбекке тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: құмсалғыштағы құмды қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: тәрбиешіге көмектесуге ынталандыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: отырғызылған өсімдіктерді күту (суару, қопсыту, арамшөптерден тазарту)<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге қамқорлық жасауға деген құштарлықты тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: аланды ұсақ бұтақтардан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, мәселені соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| Таңғы гимнастика | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені.<br>1."Жіпті соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу.<br>2. "Бұрылу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру.<br>1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу.<br>2-бастапқы қалып, сол жаққа орындау.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру.<br>1-2-сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау.<br>3-4-бастапқы қалып.<br>4."Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау.<br>1-жіпті ұстаған күйде жоғары созу.<br>2-оңға еңкею.<br>3-бастапқы қалып.<br>4- сол жаққа орындау.<br>5. "Бүгілу, майысу".<br>Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда.<br>1-3-артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру.<br>4-бастапқы қалып. | | | | |
| Гигиеналық шаралар | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| Таңғы асқа дайындық | (қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. | | | | |
| Таңғы ас | Көркем сөз<br>Біздерде бар қасықтар,<br>Ас ішерде асықпа!<br>Міне-табақ, міне-тамақ.<br>Бұл недеген сиқыр ғажап.<br>Осы жолдардан кейін балалар таңғы асқа кіріседі.Таңғы ас кезінде педагог балалардың | Көркем сөз<br>Ыдыс толы тамағым,<br>Тамағыма қарадым.<br>Тауысып ап асымды,<br>Бүгінгі күн жарадым.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану | Көркем сөз<br>Сақтағаннан тазалықты,<br>Ауырмайды ішіміз.<br>Тазалықты сақтасаң,<br>Ауырмайсың ешқашан.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. | Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі – жиі жуын сен.<br>Таңертең де, кешке де,<br>Жуын күндіз – түсте де.<br>Су - тіршілік негізі,<br>Онсыз өмір сүрмейсің.<br>Гигиена егізі, | Көркем сөз<br>Хош иісті сабынның,<br>Көбігіне малынып.<br>Қолымызды жуамыз,<br>Барлық кірден арылып.<br>Көкөністі жуып жеп,<br>Қайнаған су ішеміз.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындықтарға отыруын бақылайды.<br>Егер бала үстелдегі дұрыс отыру қалпын сақтамаса, педагог оған барып, дұрыс отыруға кеңес бере алады.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Су деп және білгейсің.<br>Су - табиғат байлығы,<br>Өзен - көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті | «Әрқашан күн сөнбесін!» атты Балалар күні мерекесін ұйымдастыру:<br>Балалар шығармашылығынан концерт.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Асфальтқа сурет салу байқауы.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Жаз келді алақай!"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; спорттық ойындар арқылы кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру дағдыларын дамыту. | АЙНАЛАЙЫН, МАМА! \|\| ДОРОГАЯ МАМА!<br>Ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)<br><br>Отбасы тақырыбында<br>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>"Сиқырлы тон" қазақ халық ертегісі".<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру; өз пікірлерін ашықта, еркін жеткізе білуге үйрету; ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын, тілін дамыту; алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br><br>Музыкадан ойын-жаттығулар<br>"Балақан да алақан"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Кемпірқосақ жолымен"<br>Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдеріне тән белгілерді, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау , берілген дыбысқа арналған сөздер ойлап табуға, жалпылау мен жіктей білу дағдыларына жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>Түрлі түстер (екінші бөлім) \| Bilimland Kids \| https://www.youtube.com/watch?v=JfNykxbhXKk<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Түрлі-түсті доғалар"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс тәсіл «дымқыл» бетте сурет салумен таныстыру; акварель бояуын қолдану дағдыларын бекіту; өз түсінгендерін, әдемі құбылыстарды түрлі | «Мен елімнің Ұланымын!» Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br><br>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>""Кемпірқосақ"өлеңін жаттау. Шәймерген Әлдибекұлы".<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды көркем шығарманы мұқият тыңдауға; қойылған сұрақтарға жауап беруге; сұрақтар қоя білуге үйретуді жалғастыру; өлеңді мәнерлеп айта білу қабілеттерін әрі қарай жалғастыру; есту, қабылдау, есте сақтау қабілетін дамыту; ойлау қабілеттерін дамыту: талдау, синтез, жинақтау; монологтық сөйлеуді дамыту; көркем шығармаларға деген қызығушылықты тәрбиелеу; ұжымда жұмыс істеуге үйрету; достарына қамқоршы болуға тәрбиелеу. | Фотосуреттерді қарастыру «Менің отбасым».<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Фотосуретте бейнеленген өздерінің отбасы туралы әңгімелеу.<br><br>Дамытушы ойын. "Сынық телефон".<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері: балалардың есту, түйсік, ойлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Сазбалшықтан жасалған «Ат» Дымково ойыншығы".<br>Мақсат-міндеттер: Дәстүрлі халық өнерінің иесі ретінде Дымково жердімекен ойыншығымен таныстыру; ойыншықтың пайда болуы туралы, эстетикалық ерекшеліктері туралы таныстыру; балалардың танымдық белсенділігін және шығармашылығын, көзбен өлшеуін, ұсақ қол маторикасын, нсте сақтау қабілетін дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бейнелеу құралдарымен, шығармашылық танытa отырып суреттеу біліктіліктерін дамыту; сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>Кәусәр бұлақ<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимылқозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау. | | |
| Серуенге дайындық | Өз бетінше дұрыс ретпен киінуге үйрету; көмек көрсете білуге , оған алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| Күндізгі серуен | Жаз мезгіліндегі табиғат өзгерістерін бақылау (кемпірқосақтың пайда болуы).<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жаздағы ауа-райы туралы түсініктерін нақтылылау; табиғатқа құрметпен қарауды, оның сұлулығын көре және бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Әңгіме-викторина.<br>Мақсаты: балаларды кемпірқосақ сияқты табиғи құбылыспен таныстыру, кемпірқосақтың пайда болу себебін түсіндіру, кемпірқосақтың түстерімен, олардың орналасу ерекшелігімен (қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін) таныстыру; кемпірқосақтың "пайда болуы" үшін күн сәулелері мен су тамшылары | Жансыз табиғаттағы құбылыстарды бақылау, кемпірқосақ.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: кемпірқосақ туралы айту арқылы балалардың қызығушылығын дамытуды жалғастыру.<br>Экологиялық міндет: өсімдіктер мен жануарлар өміріндегі жаңбырдың маңызы туралы айту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту.<br>Көркем сөз<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл- жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегңн үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем.(М. Әлімбаев)<br>Халық болжамдары<br>Ыстық жел соқса - жаңбыр | Бұлттарды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бұлттарды байқауға баулу және ауа райын аспан күйімен анықтауға дағдыландыру.<br>Экологиялық міндет: жансыз табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру.<br>Түзету тапсырмасы: берілген сөздермен сөйлемдер құру (аспан, бұлт, қалқымалы және т.б.)<br>Сұрақтар:<br>- Бүгін ауа-райы қандай? Бүгін аспан қандай? Сіз аспанда не көресіз? Бұлттар қандай болып көрінеді? Бұлттар қозғалмады ма немесе қозғалады ма? Жел бұлттарға не істейді? Балаларды бұлттардың пішіні туралы қиялдауға, | Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу.<br>(дене тәрбиесі)<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Айгөлек» ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қимыл ептілігі мен шапшаңдығын дамыту; ойын ережесін түсінуге және қатаң сақтауға, бір-бірін құрметтеуді үйрету.<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Теңге ілу» ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдық қабілетін дамыту, балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтауға, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қазақ халқының ұлттық ойындары. Асық тігіп ойнау.<br>Мақсат-міндеттер: мергендік қабілетін дамыту; балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір- | Бұлттарды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құбылыс - бұршақпен таныстыруды жалғастыру.<br>Бұршақ қалай пайда болатынын айту: бұлттарға өте ыстық жерден қуатты жылы ауа ағыны әкелінеді. Мұндай реактивті реакция ылғалдың тамшыларын алады және алып кетеді. Биікте тамшылар қатып жерге асығады, ал ауа ағыны қайта лақтырылады. Бұл мұз бөліктері ауырлап, ауа ағыны ұстай алмайтындай етіп жалғасады, олар еріп, жерге мұз бұршақтары сияқты шашылып үлгермейді. Бұршақ - бұл табиғи апат: ол егіндер мен өсімдіктерді құртады.<br>Экологиялық міндет: судың әр түрлі күйлері туралы түсініктерді нақтылау.<br>Көркем сөз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қажет екенін көрсету.)<br>- Жылдың қай мезгілінде біз көп уақытымызды далада өткіземіз? (Жазда)<br>- 1 маусымда қандай мерекені атап өтеміз? (балаларды қорғау күні)<br>- Жаңбырдан кейін көлшіктерге секіретін жануар? (Бақа)<br>- Жаз мезгіліндегі балалардың сүйікті ісі? (Демалыс)<br>- Тікенектері бар бақша гүлдері? (Раушан)<br>- Күн соққысын алмау үшін жазда басымызға не киеміз? (Қалпақ)<br>- Жазда орманда не істейміз? (Саңырауқұлақтар, жидектер жинаймыз)<br>- Үсітімізді су қылатын жазғы табиғи құбылыс? (Жаңбыр)<br>- Жаңбырдан кейін, әдетте аспанда не пайда болады? (Кемпірқосақ)<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Көкте қызыл- жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Құлпырғаны қызық-ақ<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегңн үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем.<br><br>Еңбек әрекеті: құмсалғыштағы құм үйідісін су сепкіштер мен шелектер көмегімен суару.<br>(зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру.<br><br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | жауады.<br>Торғайлар топтасып ұшса - ашық, құрғақ күн болады.<br>Жермен тәжірибе: топырақ салынған бар екі ыдыс дайындау, сумен суару және бақылау. Ауа көпіршіктері пайда болады, ол өсімдіктердің өсуіне септігін тигізеді.<br>Қорытынды: топырақты қопсыту керек.<br>Экологиялық ойын: "Өсіру".<br>Топырақта өсетін өсімдік түрін алып келу.<br><br>"Кемпірқосақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бір-бірін итермей жүгіруді жетілдіру; абай болуға дағдыландыру.<br><br>Еңбек: гүл отырғызуға ыдыс дайындау (жерді қазу, топырақты дайындау).<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жер өңдеу жұмыстарымен таныстырып, еңбек дағдыларын жетілдіру.<br><br>"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына | оған жануарлар мен өсімдіктер әлемінде ұқсастықтар табуға шақырыңыз. Балалардың сөздерін және бейнелі сөздерін мадақтаңыз.<br>Көркем сөз<br>Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп,<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br>Жұмбақ<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды. (Бұлт)<br><br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппатарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>(Д. Ахметова)<br><br>Еңбек: балалармен бірге гүлдарда өскен гүлдерді тексеру; сынған сабақ, бұтақтарды жинау, майысқандарын көтеру.<br>Мақсат-міндеттер: | бірін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>Бұлттарды бақылау (жаңбыр қалай пайда болады).<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға табиғаттағы су айналымы туралы түсінік беру; қорытынды жасауға үйрену.<br>Экологиялық міндет: экологиялық таза ауа барлық тіршілік иелерінің тіршілігі үшін өте маңызды.<br>Түзету міндеті: "Бұлтты тарат" сөйлеу тынысын дамыту.<br>Сұрақтар:<br>- Жаңбырдан кейін шалшық қайда жоғалады? Суға не болады? Бұлт қайдан пайда болады?<br>Егер балаларға жауап беру қиын болса, онда өзендердегі, теңіздердегі, шалшықтардағы және басқалардағы судың булануынан ауада әрдайым су буы болатындығын түсіндіріңіз, бірақ біз оны көрмейміз. Бу көтеріліп, көрінетін болады - бұлттар пайда болады. Олар кішкентай су тамшыларынан тұрады. Егер мұндай бұлт салқындаса, тамшылар бірге жиналып, үлкен, ауыр болып жерге түседі - жаңбыр жауады.<br>Көркем сөз<br>Күзгі көк бұлт мен болам,<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын,<br>Қаласам қазір сендерге,<br>Жаңбыр болып жауамын.<br><br>Еңбек: алаңды тазарту ұжымдық еңбегі. | Ақсың, сұрсың қарасың,<br>Қалқып қайда барасың?<br>Жерге нөсер төгілсін<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көп<br>Нөсерлетсең нөсерлет.<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа,<br>Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түк-түк, түк-түк,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br><br>Еңбек: гүлзарларды суару.<br>Мақсат-міндеттер: ересектерге көмек көрсету; өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br><br>"Жолда кім жылдам жүгіреді?" ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: кеңістіктік бағдарлауды дамытуды жалғастыру.<br><br>"Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.<br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар.<br><br>"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>«Менің бауырларым», тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру.<br>Санамақ арқылы бір бала «жапалақ» болып таңдалады. Ол «ұясында» жасырынып тұрады, ал қалған балалар «тышқандар» мен «шымшықтар» рөлін орындайды.<br>Жүргізуші «Таң атты!» дегенде балалар алаңға шығып, еркін қозғалады. «Түн батты!» деген белгіде бәрі қозғалысын тоқтатуы тиіс. Қозғалып қойған ойыншыны «жапалақ» ұстап алады.<br>Ұсталған бала келесі «жапалақ» болады. Ойынды қызықтыру үшін екі «жапалақпен» де ойнауға болады.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін | Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, жұмысты соңына дейін жеткізуге баулу.<br><br>"Жұптық эстафета" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ережелер бойынша ойнауды, жылдам жүгіруді, жұппен секіруді үйрену; өзара қолдау мен достыққа тәрбиелеу.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Қозғалыстарды дамыту жыттығулары: жүгірумен ұзындыққа секіру (кемінде 1м).<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ұшу ауқымын дамыту.<br><br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. | "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.<br><br>Шығарылатын материалмен тәуелсіз ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жетілдіру.<br><br>Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. (қарым-қатынас іс-әрекеті) | | |
| Серуеннен оралу | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бірбіріне көмектесуге баулу.<br>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| Гигиеналық шаралар | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-бірін көмектесу). |
| Түскі асқа дайындық | Мақсат-міндеттер: үстелдегі тағамға назар аудару; үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелерін бекіту. | Мақсат-міндеттер: үстелдегі тағамға назар аудару; үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелерін пысықтау. | Мақсат-міндеттер: дағдыларды жетілдіріңіз: шанышқыны бас бармағыңызбен және ортаңғы саусақтарыңызбен ұстаңыз, сұқ саусағыңызбен үстінгі жағынан ұстаңыз; қолдың шанышқысының орнын өзгертпестен, тек қолды сәл бұрап әр түрлі тағам түрлерін жеу керек. | Мақсат-міндеттер: дұрыс тамақтануға шақыру, жағымды эмоционалды жағдайды сақтау және сөздік қорын байыту; мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту; аспаздың жұмысына құрметпен қарауды тәрбиелеу. | Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. |
| Түскі ас | Көркем сөз<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды, бала, жуып жүр. | Көркем сөз<br>Дастарханға барамыз,<br>Қасықты қолға аламыз. | Көркем сөз<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамызда қаламыз. | Көркем сөз<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында, | Көркем сөз<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ас ішуді "рақметпен"<br>Аяқтау туралы біліп жүр.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Төкпей-шашпай тамақты,<br>Аузымызға саламыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>Көңілді әуен сазымен,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| Күндізгі ұйқы | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау.<br>Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тыңдату. | | | | |
| Ұйқыдан тұру | Майтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолымен жүргізу.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.<br>"Мөлдір су" ойын жаттығуы.<br>Ұйқымнан тұрайын,<br>Бетімді жуайын,<br>Осылайыша сақтайын,<br>Тазалықты лайым.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын.<br>Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>Көркем сөз<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып<br>Тәтті ұйқыға батамын.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Тыныш музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады.<br>Біртіндеп көтерілу (музыка ақырын ойнайды).<br>Көркем сөз<br>Қарсы ал ерте күн көзің,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Саусағыңды сормағын,<br>Салдыр салақ болмағын.<br>Әдеп қыл ісіңді,<br>Тазалап жүр тісіңді.<br>Қарағанда айнаға,<br>Ұқыпты болсын киімің.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Әр баланың көңіл-күйін көтеріңіз, сөздермен ояту.<br>Көркем сөз<br>Ұйқымыздан тұрайық,<br>Көзімізді ашайқ.<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Төсек жапқышын ауыстыруға қатыстыру: таза жайма салу, таза жастық қапшықты ауыстыру.<br>Көркем сөз<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| Бесін асқа дайыдық. Бесін ас. | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету<br>дағдыларын бекіту.<br>Көркем сөз<br>Балабақша тәртібін,<br>Барлығымыз сақтаймыз.<br>Тәрбиеші үмітін, | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау кезінде және гигиеналық рәсімдерді жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет<br>көрсету дағдыларын бекіту.<br>Көркем сөз<br>Түс уақыты келгенде,<br>Дастарханға жайғастық.<br>Тамақ ішу әдебін,<br>Ішімізден ойластық. | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту.<br>Көркем сөз<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.<br>Көркем сөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>(мәдени-гигиеналық | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде,<br>Қол жумай оны ұстамас.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Болашақта ақтаймыз.<br>Тамақтану әдебін,<br>Жатқа біздер білеміз.<br>Дастарханға отырып,<br>Жеңімізді түреміз.<br>Ас атасы ақ нанды,<br>Қадірлейміз шашпаймыз.<br>Тамақтану үстінде,<br>Асықпаймыз, саспаймыз.<br>Сүлгімен де орынды,<br>Пайдалана аламыз.<br>Шанышқы мен қасықты,<br>Қалай ұстайм қараңыз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Ұстанатын баламыз.<br>Тамақтану кезінде педагог балалармен жеке жұмыс жасайды: балаларды ұқыптылық және мәдени дағдылары үшін мадақтайды.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Аяғымыз орнында,<br>Сөйлемейміз бәріміз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Жинасамыз тағы біз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Есте сақтап алыңыз.<br>Тамақтану аяқталғаннан кейін балалар аузын майлықпен ақырын сулап, қолдарын сүртеді (майлықты алдын-ала дайындалған арнайы контейнерге тастайды), тамақ үшін алғыс айтады және орындықтарды жайлап итеріп, үстелден тұрады.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | (мәдени-гигиеналық дағдылар) | дағдылар) | |
| Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті | «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>"Балалар бақшасы" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балабақша қызметінің негізгі түрлері және онда жұмыс істейтін мамандар туралы балалардың жалпы түсініктерін бекіту; жеке қабілеттерін, өнімді қатынастарды құру қабілеттеріндамыту.<br>Құрал-жабдықтар. | Дамытушы ойын. "Қайда болғанымызды айтпаймыз, көргенімізді көрсетіп қайтамыз".<br>Мақсат-міндеттері: балалардың ойлау, елестету қабілеттерін, логикасын, тапқырлығын дамыту.<br>Шарты.<br>Жүргізуші.<br>1-нұсқа. Педагог жұмбақтарды қимыл арқылы көрсетеді, балалар көрсетілген затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді.<br>3-нұсқа. Шеңберде немесе тізбекте отырған (тұрған) әрбір бала кезек бойынша қимылдарды көрсетеді. Барлық балалар ойланып, жұмбақты шешуге тырысады.<br><br>Боямақ суреттермен | "Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.<br>Ойын барысы. "Адам не істеді?" - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені тудырды?". Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп | "Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз).<br>Мезгіл өзгерістерін талқылау.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала) т.б.<br><br>Еркін ойын: "Дауысынан таны".<br>(дене тәрбиесі) | "Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: қассиетіне қарай-қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.<br>Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Қара сиыр" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету, кеңістікті бағдарлау, шапшаңдық пен тапқырлықты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Медбикеге, тәрбиешіге, тәрбиешінің көмекшісіне, аспазға, балабақшада жұмыс істейтін тазалаушыға қажетті құралдар.<br>Барысы. Балалар алдымен балабақша қызметкерлерін өздері тағайындайды.<br>Мамандар рөлін атқаратын балалар қажетті құралдарды таңдап, оларды белгілі бір бұрышқа жинайды.<br>Балалар мен мамандарды ойнайтындар бір-бірімен кеңесіп, кім, қайда баратындығын және не істейтінін жоспарлай алады.<br>Педагог диалогтар мен қарым-қатынастарды нығайтуға көмектеседі, қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттер жасайтынын немесе не істейтінін анықтайды, балалардың алмасуын басқарады. | жаттығулар.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару.<br><br>"Ойыншықтар дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>"Ойыншықтар" дүкені туралы балалардың идеяларын бекіту; сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру; позитивті қарым-қатынасты дамыту.<br>Құрал-жабдықтар. Сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, сөмкелер, қағаз ақшалар.<br>Барысы. Сатушы өз қалауы бойынша тағайындалады, сатып алушылар қажетті құралдарды (карта, қаражат, смартфон) алып, ойыншықтардың біреуін таңдап, өз қалауларын айтады. Сатушы ойыншықтарды сөрелерге қояды, бағаларды анықтайды, тұтынушыларға өнімнің ұтымды жақтары туралы айтады және оны "сатады". | жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып, атаса, оны қайтадан ойынға қосады.<br><br>"Аңшылар мен қояндар" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қоян болып секіре, "аңшыдан" қорғана білуге дағдыландыру.<br>Ойын барысы. Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. | Мақсат-міндеттер.<br>Физикалық қасиеттерді жетілдіру.<br>Ойын барысы. Шеңберде тұрған ойыншылардың бәрі ортаға шығып көзін байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны: "Секір, секір" деген кім, білгіш болсаң таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, сол орынды ала ғой, деген өлеңді айтып, шеңберді айнала жүгіреді.<br>"Секір, секір" деген сөзді мұғалім белгілеген оқушы айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, "секір" деп айтқан баланы табуға тырысады. Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді. | дамыту, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға бірнеше бала қатысады. Бір зат (малақай, дорба т.б.) таңдалып, балалар шеңбер құрып, көздерін жұмады. Бір ойыншы затты тығып қояды, ал қалғандары оны іздейді. Зат табылған соң, иесі оны қорғайды, ал басқалары алдап алып қоюға тырысады. Затты алған бала келесіде оны тығушы болады. Ойын осы ретпен жалғасады.<br><br>Үстел үсті ойыны."Лото".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар.<br>(таным іс-әрекеті) |
| Серуенге дайындық | Өз бетінше дұрыс ретпен киінуге үйрету; көмек көрсете білуге , оған алғыс айтуға тәрбиелеу. | Балалардың дербес және жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдықты, ұқыптылықты қалыптастыру. | Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. | Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. | Балалардың өз бетінше жүйелі киінуін бақылау. Жылдамдыққа, ұқыптылыққа баулу. |
| Серуен | Жаз белгілерін бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жаздың белгілерін өз бетінше анықтауға үйрету (жасыл шөп, | Жансыз табиғат құбылыстарын: кемпірқосақты бақылауды жалғастыру.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың | Бұлттарды бақылау (жалғасы).<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың табиғат | Бұлттарды бақылау. Жаңбыр қалай пайда болады? (жалғасы).<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: | Найзағайды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ауа-райының жағдайы, найзағайдың жақындау белгілері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасыл ағаштар, гүлдер гүлдейді, ұзақ күндер және т. б.)<br>Экологиялық міндет: балаларды өлкеміздегі жазғы өзгерістердің ерекшеліктерімен таныстыру.<br>Көркем сөз<br>"Жаз", Қадыр Мырза Әли.<br>Жаз да келді пейілді:<br>Жан-жануар сейілді.<br>Жаз да келді: аптапта<br>Жан-жаққа ұшты бақ-бақта.<br>Жаз да келді найқалып:<br>Жатыр егін жайқалып.<br>Жаз да келді: шаттанып,<br>Жұмыла іске аттанып,<br>Тындырып бар жұмысты,<br>Тоя жедік жемісті.<br><br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалардың бірі «қасқыр», қалғандары «аққу-қаздар» болады. «Құсшы» құстарды «жем жеуге» жіберіп, олармен қысқа диалог жүргізеді. Белгі берілгенде «аққу-қаздар» өз орындарына қарай жүгіріп ұшады, ал «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады. Ұсталған балалар «қасқырға» қосылады. Ойын барлық | табиғат құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту.<br>Жұмбақтар<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан шайдай ашылды.<br>Қызыл, сары, жасылды,<br>Көкте бір зат асылды.<br><br>Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді.<br>Көркем сөз<br>Жаңбыр жауды далада<br>Су толып сай-салаға<br>Тамшыларым тоқтады<br>Табиғат тұр жаңара.<br>Кемпірқосақ көгімде<br>Керілгенін көрдің бе?<br>Аспанда тұр әдемі<br>Қуантып мені, сені де.<br><br>Еңбек: құмсалғышты тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді<br>Сол кезде алаңның ортаңғы екі | құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту.<br>- Неліктен олар жүгіретін, жүзетін, ұшатын бұлттар дейді?<br>- Бүгін бұлт қалай қозғалып тұр?<br>Жұмбақ<br>Көз жасты – жылауық,<br>Келе жатыр бір алып.<br>Жабырқаса жылайды,<br>Жадыраса тарайды. (Бұлт)<br><br>Еңбек: ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Үкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; белгі бойынша әрекет етуге тәрбиелеу.<br>Барлық ойыншылар - тышқандар, бір бала (санамақ арқылы таңдалған) - үкі.<br>«Күн» белгісі бойынша тышқандар алаң бойымен жүгіріп жүреді.<br>«Түн» деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрып қалады. Үкі тұрғандарды аралап, қозғалатындарды ұясына апарады. Ойын бірнеше рет қайталанады.<br><br>"Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. | балалардың табиғат құбылыстарын бақылауға деген құштарлығын дамыту.<br>- Неліктен жаңбыр жауып тұр?<br>- Жаңбырдың қандай пайдасы бар?<br>Жұмбақ<br>Жабағыны ұшырдым,<br>Жерге моншақ түсірдім.<br>(Жаңбыр)<br><br>Еркін ойын: "Ұшады - ұшпайды".<br>(дене тәрбиесі, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту, ауызша командаға реакция және мінез-құлықты реттеу.<br>Барысы: балалар қатарда тұр. Жүргізуші әртүрлі заттарды атайды және қолдарын жоғары көтереді. Балалар аталған зат ұшатын кезде ғана қолдарын жоғары көтеруі керек.<br>Соңында мүлдем қателеспегендерді атап өтіңіз.<br><br>Еңбек: құмсалғышты тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | (қараңғы аспан, қара бұлт, найзағай, тыныштық және т.б.) бойынша анықтауға үйрету.<br>Экологиялық міндет: найзағайдың жақындауының жәндіктер мен құстардың мінез-құлқына әсерін көрсету.<br>Көркем сөз<br>Найзағай оты жарқылдап,<br>Нөсер жауды селдетіп,<br>Сайда сулар сарқырап<br>Күн де ашылды желдетіл.<br>Бұлтты түріп, жел қуып,<br>Аспан шайдай ашылды,<br>Жердің шаңын сел жуып<br>Тозаң да ұшпай басылды.<br>(С.Бегалин)<br>Болжам<br>- Күн көзін бұлт шалса, қыс қарлы, жаз жаңбырлы болады.<br>- Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңінде ыстық болады.<br>Жұмбақтар<br>Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,<br>Дабылдап дабылын ол қағып тұр. (Найзағай)<br>Тау тарс етсе тағы үркер,<br>Таудағы елдің малы үркер.<br>Қырдағы жылқы үркер,<br>Жортып жүрген түлкі үркер.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жардай дәулер соғысты,<br>Жарқ - жұрқ етіп оқ ұшты. (Бұлт пен найзағай)<br><br>Еңбек: ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «аққу-қаздар» азайып біткенше, ойын жалғасады.<br><br>Еңбек: ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>Қимылдарды дамыту: доппен жаттығу: алдыңызға жерге лақтырып, екі қолыңызбен ұстаңыз (қатарынан кемінде 10 рет).<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: реакция жылдамдығын дамыту.<br><br>Экологиялық ойын:" сөзді безендіріңіз " - анықтамаларды таңдау.<br>- Жаз қандай? Бақ-бақ қайсысы? Күн қандай?<br>Балалардың еркін әрекеті. | шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.<br>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру.<br><br>Еркін шығармашылық жұмыс: асфальтқа кемпірқосақты түрлі-түсті борлармен салу. | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек.<br>Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.<br>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br><br>Еркін спорттық ойындар.<br>Бадминтон.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бадминтонды ойнату.<br>Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. | Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.<br>Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br><br>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Қауіпсіздікті ескеру.<br>Балалардың тәжірибесі: желдің күші, бағыты.<br>«Желді ұста», «Жылы және суық жел», «Желді өзіміз жасайық» ойын-тәжірибелері. | жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>- Сәлеметсіз бе! Кім боласыз?<br>"Бояушы":<br>- Мен бояушымын,<br>Үстімде боялған киімім.<br>Алыстан келемін,<br>Бояу үшін теңге беремін.<br>"Бояуды сатушы":<br>- Түсі қандай бояуды қалайсыз?<br>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:<br>- Бояудың бағысы қанша?<br>- Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге.<br>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды қуалап кетеді.<br><br>"Кім жылдам?" (доппен) қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ептілікті дамыту, қимылдарды үйлестіру.<br><br>Еркін спорттық ойындар.<br>Бадминтон.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Балалардың еркін әрекеті. | |
| Кешкі ас | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Үйге қайту Ата-анаға кеңес | Ата-аналарға кеңес: "Жаз құбылыстарын бақылайық". | "Баламен қарым-қатынас мәдениеті" тақырыбында кеңес беру. | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. | Ата-аналарға кеңес: "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі". | Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу. |

**08.06.2026 ж. - 12.06.2026 ж. «Жас із кесушілер»**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Күн тәртібі | *Жас із кесушілер* | *Аңдар мен аңшылар* | *Мейірімді достарым* | *Саялы бақ* | *Сыр сандық* |
| Балаларды далада қабылдау | Балаларды көңіл-күйіне байланысты дене температурасын өлшеп, қабылдау. | | | | |
| | "Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу.<br>Ойын барысы. «Адам не істеді?» - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: «Табиғат нені тудырды?».<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балалардың затты (доптар немесе қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын | "Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.<br>(таным іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br><br>Еркін ойын: "Тыйым салынған қозғалыстар".<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту.<br>Ойын барысы. Ойыншылар шеңберге тұрады, ортада - педагог. Ол олардың қайсысына тыйым салынғанын көрсетіп, әртүрлі қимылдар жасайды. Балалар тыйым салынғаннан басқа барлық қимылдарды қайталайды.<br>Ойын ережелері. Кім тыйым салынған қимылды қайталаса, ол ойыннан шығарылады. Тыйым салынған қозғалысты 4 - 5 қайталаудан кейін өзгерту керек.<br><br>Еркін ойын: "Мысық пен | Мейірімді достарым<br>Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру.<br>Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бір-екі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады.<br>Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін.<br><br>"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта | Саялы бақ<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>«Біздің өлкенің ағаштары», «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.<br><br>Ағаштар туралы әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Д. Әбілев «Орман».<br>Көк бояқ орман<br>Бұтақтарына әнші құстар<br>қонған, –<br>Қарасаң оған,<br>Оңнан, солдан<br>Түстіктен, шығыстан –<br>Алыс жолдан:<br>Көгілдір аспан сияқты<br>Мүлгіп тұрған, –<br>Көктемде жерден бу алған<br>Бу алып, нұр боп қуанған!<br>Кейде сол,<br>Көк бояқ орман<br>Бұтақтарына әнші құстар<br>қонған<br>Көкшіл теңіз сияқты кешкі<br>жатқан<br>Ырғалады зордан,<br>Бесіктей тербеткен қолдан! | "Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.<br>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары.<br><br>Ә.Табылдиев «Жаз»<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Үйін тіккен жасылдан,<br>Үсті-басы асыл дән.<br>Жаз келеді жайраңдап,<br>Жарық жүзі – сайран бақ.<br><br>"Кім жылдам жүгіреді?" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: шектеулі аумақта жылдам жүгіруге жаттықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.<br><br>"Дауыста, атыңды айтамын" ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың коммуникативтік дағдыларды дамыту; адамгершілік құндылықтарға баулу.<br>Қимылдарды үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Ойыншылар қол ұстасып шеңбер құрады. Ортада көзі байланған бір ойыншы тұрады. Ол қолындағы таяқты шеңбердегі ойыншылардың біріне ұсынып: «Дауыста, атыңды айт», дейді.<br>Таяқ алған ойыншы даусын өзгертіп сөйлейді. Көзі байланған ойыншы оның атын табуға тырысады. Егер дұрыс тапса, екеуі орын ауыстырады. Таппаса, келесі ойыншыны тексереді. Үш рет қате тапса, ойыннан шығады. | тышқан".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды, ойын шартын бұзбай, шапшаңдықпен ойнауға баулу; жүгірудің түр-түріне машықтандыру.<br>Мысықай аппақ қарасақ,<br>Құйрығы сұр, тамаша-ақ,<br>Жебедей-ақ ұшады,<br>Көзін жаймен қысады.<br>Тырнақтарын үндемей,<br>Ашқан кезде инедей,<br>Тышқандардың тықырын,<br>Мысықай естісе ақырын,<br>Аңдып аулап алады,<br>Мысықай біздің жарады. | отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.<br><br>Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді. | Сипар ма ем маңдайын алақаныммен<br>Оңнан, солдан!<br>Сурет, альбом, иллюстрацияларды қарау.<br><br>Еркін ойын: "Кім епті?"<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: допты лақтыруға және ұстауға машықтандыру. | |
| | Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: алаңды қоқыстан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: табиғи материал жинау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын жетілдіру, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: гүлзарлардағы гүлдерді суару.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| Таңғы гимнастика | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Міне, бүгін ойнадық<br>Ойнадық та, ойладық.<br>Көжектер боп жүгіріп,<br>Сәбіздерді жинадық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бүгін жаттығу жаңаша,<br>Қалмадық біз оңаша,<br>Біздің балабақшада,<br>Күнде осындай тамаша!<br>Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені.<br>1. "Жіпті соз" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру.<br>1-2- жіпті жоғары көтеру, оған қарау.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу.<br>2. "Бұрылу" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру.<br>1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу.<br>2- бастапқы қалып, сол жаққа орындау.<br>3. "Сәл отыру" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру.<br>1-2- сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау.<br>3-4- бастапқы қалып.<br>4. "Еңкею" жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау.<br>1- жіпті ұстаған күйде жоғары созу.<br>2- оңға еңкею.<br>3- бастапқы қалып.<br>4- сол жаққа орындау.<br>5. "Бүгілу, майысу".<br>Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда.<br>1-3- артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру.<br>4- бастапқы қалып. | | | | |
| Гигиеналық шаралар | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-бірін көмектесу). |
| Таңғы асқа дайындық | (қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. | | | | |
| Таңғы ас | Көркем сөз<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге, | Көркем сөз<br>Нан – ардақты адал ас,<br>Кәрі, жас одан аттамас.<br>Ақ дастархан үстінде, | Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де, | Көркем сөз<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты, | Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Қол жумай оны ұстамас.<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар,<br>Теріп алып, қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Ө.Тұрманжанов<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Тазалатып тұрамын!<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті | Жас із кесушілер<br>Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу.<br>(бейнелеу іс-әрекеті)<br><br>«Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. «Із кесуші» мультфильмін көрсету.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Гимнастикалық орындық үстінде еңбектейміз"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу; балаларда тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру.<br>Қимылды ойындар «Өз түсіңді табу», «Жасырынбақ», | Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>"Қызыл телпек" ертегісі<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні түсіндіру арқылы, мазмұндап айтуға үйрету; өз ойларын толық айтуға, әңгімелеуге дағдыландыру; есте сақтау қабілетін дамыту, тілін, сөздік қорын молайту; кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бағалауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>Сурет салу: «Менің сүйікті жануарым» (балалардың қалауын ескеру ұсынылады).<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Музыкадан ойын-жаттығулар<br>"Жол ережесі сақтайық!"<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы | «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Математикалық ойын-жаттығулар<br>"Қалашық тұрғындарына арналған дәмді ас"<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: Заттар топтарын салыстыру қабілетін нығайту; тапсырмаларды өздігінен орындауға қызығушылықты арттыру.<br><br>Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар<br>(дене тәрбиесі)<br>(ресурстарға сілтеме:<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Түнгі қала"<br>(бейнелеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға дәстүрден тыс бейнелеу – граттаж техникасын таныстыру, | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Менің қаламдағы жаз"<br>(танымлық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жаз белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру, сұрақтарға толық жауап беру қабілетін дамыту, жұмбақтарды шешуге үйрету, балаларды табиғаттағы жазғы өзгерістерді атап өтуге үйрету; есте сақтау, ойлау, өз ойларын дұрыс және сауатты айту қабілетін дамыту; жазда табиғатта мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу.<br><br>Ағаштардың суретін салу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br><br>"Кім шеңберде қалады?", "Тірі лабиринт" ойындары.<br>(танымдық іс-әрекет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: тепе-теңдік, ептілік, қозғалыс жылдамдығын сезімін дамыту; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам | Құрастырудан ойын-жаттығулар<br>"Балалық шаһар"<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі ғимараттарды сызба бойынша салуға үйрету, сөздік қорды кеңейту, ғимараттардың мақсаттары туралы және олардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесу арқылы, балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту, топта жұмыс істеу және дос құруға қамқорлық жасау дағдыларын тәрбиелеу.<br><br>«Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру: таныс ертегі қойылымдарын сахналау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Жалаушаны табу». | түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.<br><br>Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) | түстер палитрасына сәйкес қаланың кешкі бейнесін беруді, заттарды кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейіндерін дамыту; туған қалаларына сүйіспеншілікке, өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу. | реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру. | |
| Серуенге дайындық | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу,<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | Күнді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: күнді, оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдік тіршілігі үшін құндылығын көрсету.<br>Көркем сөз<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br><br>Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту.<br><br>Жұмбақ.<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қапты,<br>Ұшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн)<br>Болжам: Батар күн қызыл шапаққа малынып барып | Құмды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: құмның қасиеттерін анықтау: шашырағыштығы, борпылдақтығы, ылғал құмнан мүсін жасауға болатыны; балаларды құмнан сурет салу тәсілімен таныстыру; құмның қасиеттері туралы білімдерін бекіту.<br>Бақылау жақсы ауа райында алаңда өткізіледі.<br>Тәрбиеші балаларға құрғақ және ылғал құмды салыстыруды ұсынады.<br>– Құмның түсі қандай?<br>Құрғақ па, әлде ылғал ма?<br>Жабысқақ па, шашырағыш па?<br>– Құмсалғыштағы құм құрғап қалды. Құрғақ құмнан құрылыс салуға бола ма? Неліктен? (Ол шашырап кетеді. Құрғақ құмды шелекке салып, електен (тордан) өткізуге, үйінді етіп үйіп қоюға болады.) | Мысықты бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: мысық үй жануарлары, сүтқоректілер және белгілі бір ерекшеліктерге ие екендігі туралы білімдерін бекіту; жануарларға деген ізгілік сезімдерін тәрбиелеу<br>Бақылау барысы<br>Педагог балалардан жұмбақ сұрайды, жауап беруді ұсынады сұрақтарға.<br>Жұмбақ<br>Тікірейіп құлағы<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады. (Мысық)<br>Көркем сөз<br>Сағат сегіз таянды<br>Тарғыл мысық оянды<br>Жатпайды ол ерініп<br>Мысық бойын жазады.<br>Созылады керіліп,<br>Аяқ – қолын созады.<br>Дағдысы оның солай - ды<br>Елден бұрын тұрады.<br>Беті - қолын жуады,-<br>Жумайды - ау, жалайды. (М. Әлімбаев) | "Ағаштар мен бұталарды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: ағаштар туралы білімдерін бекіту; маңызды белгілерді бөлуге үйрету (тамыр, дің, бұтақтар, жапырақтар).<br>Көркем сөз: "Орманшы", М. Әлімбаев.<br>Орманшы менің нағашым,<br>Лайлатпайды тұнығын,<br>Омырауында үлкен дүрбісі.<br>Ауырлатпайды ауасын.<br>Аралап орман арасын,<br>Көрсең де қашан, қай түні,<br>Түспейді аттан бұл кісі.<br>Айтатын сөзі әйгілі:<br>Шырылдатып шыбығын,<br>- Қалың ну - халық саулығы!<br>Аңыратпайды ағашын.<br>Көк орман - Отан байлығы!<br>Әңгімелесу. Ағаш дегеніміз не? (Тамыры, бір діні және жапырағы бар өсімдік).<br>- Дұрыс! Бұта дегеніміз не? (Тамыры, сабағы мен жапырағы көп өсімдік). Тәрбиеші өсімдік бөліктерінің схемаларын (ағаш) | Шыбынды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: шыбынның пайда болу ерекшеліктері туралы білімдерін және түсініктерін кеңейту<br>табиғат туралы шынайы түсінік қалыптастыру.<br>Көркем сөз<br>"Шыбындар"<br>Қабырғаны жағалап,<br>Қуалаймыз сабалап.<br>– Шыбындар, нас, кірсіңдер,<br>Мұнда неге жүрсіңдер?!<br>Бір қап кір бар аяқта,<br>Жабысасың аяққа,<br>Қонасыңдар етке де,<br>Танау менен бетке де. (Ж. Смақов)<br>Шыбын - қосқанатты зиянды жәндік. Ұшқан кезде қанаты арқылы ызыңдаған дыбыс шығады. Жабайы табиғатта және адамдар мекендейтін аймақтарда мекендейді. Дәмді аяқтары арқылы сезеді. Біздің күнделікті көріп жүрген шыбынның тұмсығы сұйықтық ішуге бейімделген, қатты заттарды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | ұясына кірсе, ертеңінде шыжыған ыстық болатынын білдіреді.<br><br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге жиналып, көздерін жұмады. Педагог бір баланы білдіртпей таңдап, оны «қу түлкі» етеді. Балалар «Қу түлкі, сен қайдасың?» деп үш рет сұрайды. Соңында «қу түлкі» өзін білдіріп, балалар одан қашады.<br>«Қу түлкі» кімге қолын тигізсе, сол ойыннан шығады. Ойын осылай жалғасады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын- | Зерттеу әрекеті "Құм неден тұрады?"<br>Тарелкеге құм салып, оны ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Құмға магнитті батырып, оның бетінде пайда болған металл бөлшектерін бақылау. Құм – түрлі түсті, пішінді және өлшемді ұсақ тастардан тұрады. Құмда металл бөлшектері де кездеседі. Қолмен ұстағанда құмның беті кедір-бұдырлы болады.<br><br>Құм және сумен тәжірибе.<br><br>Еңбек: балаларды алаңдағы жұмысқа тартуды жалғастыру; суару, қопсыту, арамшөптерді жұлу.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>"Аю мен аралар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; балаларды ойын шартын бұзбай, әділ ойнауға тәрбиелеу; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.<br>Халық болжамы: өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі.<br>Жаңылтпаш<br>Шын еңбекшіл – өрмекші,<br>Өрмекші - шын еңбекші. | - Неліктен мысық үй жануары, үй мысықтары неге ұқсайды?<br>- Мысықтар не жейді? Мысықтардың балалары қалай аталады?<br>- Сіз мысықтардың қандай тұқымдарын білесіз? Мысықтардың адамдарға қандай пайдасы бар?<br>- Үй мысығына қандай жабайы аңдар жақын туыстар? Мысықтың жыртқыш жануар екенін дәлелде.<br>- Иттер мен мысықтардың қабілеттері мен темпераментін салыстыру.<br>- Мысық туралы қандай әндер, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер?<br><br>Еңбек: алаңды терек бүршігінен тазарту<br>Мақсат-міндеттер: балаларды алаңда тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мүддесіне жұмыс істеуге үйрету.<br><br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге | қояды. Оларда не бейнеленген? (Ағаш пен бұта).<br>- Осы схемаларға сәйкес ағаштар мен бұталардың бір-біріне ұқсастығын және айырмашылығын көруге болады.<br>- Ағаштар мен бұталардың ұқсастығы неде? (Ағаштар мен бұталардың тамырлары мен жапырақтары бар.<br>- Ал, ағаш пен бұтаның айырмашылығы неде? (Ағаштың бір діңі, бұтаның сабағы көп).<br>Педагог балаларға кесілген суреттерді - ағаш пен бұтаның схемаларын береді.<br>- Ағаштың барлық бөліктерін ретімен орналастырайық.<br>- Ағаштың тамыры қайда жасырынады? Бұта? (Жерде).<br>- Түбірден кейін қай бөлік шығады? (Діңі). Діңнен кейін? (Сабақ). Сабақтан? (Жапырақтары).<br><br>Еңбек: ағаштардың діңгектерін (жерін, топырағын) қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: қопсытудың өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.<br><br>"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. | сілекеймен еритіп жібітіп барып ішеді. Шыбындар лас жерлерге жұмыртқаларын тастап тез өніп өседі. Шыбындарға қарсы күрес тазалық.<br>Шыбындар өте зиянды жәндіктер!<br>Шыбындар көптеген ауыр жұқпалы ауруларды таратады. Олардың жауы: өрмекшілер, бақа, құрбақа, кесіртке.<br>Шыбындарға қарсы күрес тазалық.<br><br>Еңбек: гүлдерді суару.<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерді күтуге тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Тазалықты іздесең,<br>Мөлдір судан аласың.<br>Жиі-жиі жуынсаң,<br>Аппақ, таза боласың.<br>Тазалықты іздесең,<br>Сабын, сүлгі керегі.<br>Бірі жуып шашыңды,<br>Бірі сүртіп береді.<br>Тазалықты іздесең,<br>Айна,тарақ керегі.<br>Бірі тарап шашыңды,<br>Екіншісі көреді.<br><br>"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br><br>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br><br>Еркін спорттық ойындар. Бадминтон.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. | "Ләйлек пен бақа" жапон ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіре білу мүмкіндіктерін жетілдіру.<br>Бұл жапон ойынын төрт немесе одан да көп адам ойнай алады. Ол үшін асфальтқа шығанақтар, аралдар мен мүйістер салынған үлкен көл салу керек. Ойыншылар бір жүргізушіні таңдайды - «ләйлек», ал қалғандары барлық ойыншылар «бақаға» айналады. «Бақалар» «суға» отырады, «құрлыққа» шығуға құқығы жоқ. «Ләйлек» жағалау бойымен жүріп өтіп, «бақа» ұстауға тырысуы керек. «Ляйлек» «аралдан» «аралға» секіруге құқылы, бірақ «суға» кіре алмайды. Соңғы ұсталған «бақа» «ляйлекке» айналады.<br><br>"Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.<br><br>Еркін ойындар. | машықтандыру.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз. (Д. Ахметова)<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету.<br>Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру.<br><br>Еркін спорттық ойындар. Бадминтон.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. | Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамас оны бола ма?<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>"Қасқыр қақпан" құрайық.<br>Берік қақпан сынбайды,<br>Қасқырларды ұстайды.<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>Қақпан, қақпан, берік бол!<br><br>Жеке жұмыс. Ағаштар туралы әңгіме құрастыру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдерін дамыту.<br><br>Мақал-мәтелдер:<br>Ағаш та ылғалды жерде көгереді.<br><br>"Кім ағашқа бұрын жетеді?" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: берілген белгі бойынша тез жүкіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. | Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Қауіпсіздікті ескеру.<br><br>"Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт-бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: асық.<br>Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды.<br>Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. |
| Серуеннен оралу | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| Гигиеналық шаралар | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-бірін көмектесу). |
| Түскі асқа дайындық | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен біргеойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен біргеойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен біргеойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен біргеойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен біргеойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу. |
| Түскі ас | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: киіну дағдыларын жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Тамақтың алды-артында,<br>Қолыңды, бала, жуып жүр.<br>Ас ішуді "рақметпен"<br>Аяқтау туралы біліп жүр.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне күтім жасау әдетін тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Дастарханға барамыз,<br>Қасықты қолға аламыз.<br>Төкпей-шашпай тамақты,<br>Аузымызға саламыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: алдағы түскі асқа назар аудару; үстелге отыру мәдениетін бекіту.<br>Көркем сөз<br>Қырыққабат пен картопты,<br>Салғам үлкен қасыққа.<br>Жасырынып қалыпты,<br>Іздеп көрші асықпай.<br>Көрінбейді қасықта,<br>Бос қалыпты тәрелке.<br>Қырыққабат пен картобым,<br>Салды мені әлекке.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: үстелдегі тағамға назар аудару; үстелде отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыс; этикет ережелерін пысықтау.<br>Көркем сөз<br>Тәрелкемде әдемі,<br>Суреті бар тиіннің.<br>Ботқамды жеп қоямын,<br>Көрінсін сары тиінім.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: ас құралдарын сенімді түрде қолдануға үйрету, тамақтану кезінде мінез-құлық нормаларын сақтауға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын.<br>Үсті -басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| Күндізгі ұйқы | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау.<br>Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тыңдату. | | | | |
| Ұйқыдан тұру | Біртіндеп ұйқыдан тұру (музыка ақырын ойнап тұр).<br>Бойымызды жазайық<br>Қолымызды созайық<br>Жаттығулар жасайық<br>Ұйқымызды ашайық!<br><br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады. | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу.<br>Тыныс алу жаттығуы:<br>Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1.«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. | Жалпақ табанның алдын алу үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру.<br>Көркем сөз<br>Әдемі ирек жолдармен,<br>Лақтарша біз ойнақтап,<br>Тастан - тасқа секіріп,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі, | Біртіндеп ұйқыдан ояту.<br>Жалпақ табандықтың алдын алу үшін түзету жаттығулары.<br>«Ұшақ» жаттығуы.<br>Мақсаты: омыртқаның бұлшықет корсетін, жамбас белдеуінің бұлшықеттерін күшейту.<br>Көркем сөз<br>Ұйықтап жатқан кім екен?<br>Уақыт болды тұратын. | Балаларды сипап ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Ұйқыдан кейін балалар өздігінен киіну дағдыларын бекітеді, ал қажет болған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі.<br>Көркем сөз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | 3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру.<br>Көркем сөз:<br>Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық.<br>Түс мезгілі, түс мезгілі.<br>Балапандар ұйқыға кірісті.<br>Балапандар көреді түсті,<br>Ғажайып сиқырлы әлемді.<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Массаж жасау білеміз.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Жаттығуды жасайық,<br>Ұйқымызды ашайық!<br>Бізді күтіп тұрмайды,<br>Жылдам алға басайық!<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Көздеріңді ашыңдар,<br>Кірпіктеріңді көтеріңдер.<br>Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар,<br>Бір - біріңе жымиыңдар,<br>Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар,<br>Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер,<br>Іштеріңді тартыңдар,<br>Көңіл күй көтерілді,<br>Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар,<br>Жұдырықты қысыңдар,<br>Енді біраз ашыңдар,<br>Керіліңдер, созылыңдар,<br>Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| Бесін асқа дайындық. Бесін ас. | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: өзін үстел үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>Көркем сөз<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы.<br>Көркем сөз<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу; сыпайы болуды үйрету (тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>Көркем сөз<br>Жылы сумен қолымды,<br>Тазалап мен жуамын.<br>Қолыма алып сабынды,<br>Алақанды жуамын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыру әдетін жетілдіру.<br>Көркем сөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар: "Тазалық-денсалық кепілі".<br>Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын-жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балаларды өзін-өзі бақылауға дағдыландыру.<br>Көркем сөз<br>Тиін жаңғақ жарады,<br>Ешкі шөп жеп барады.<br>Құстар дәнді шоқиды,<br>Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым,<br>Қамаулы тұр қорада.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті | "Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін | "Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау | "Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы | "Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын | "Төртінші артық" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: жәндіктер туралы білімдерін бекіту<br>Тәрбиеші төрт сөз айтады, балалар артығын атау керек. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>Ойын барысы.<br>Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек.<br>Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; балалардың күш-жігерін, шапшаңдығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.<br><br>"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту.<br>Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту. | қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.<br>"Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді.<br><br>Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер»…<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Құрастыру «Аңдардың үйшігі».<br>(құрастыру) | білімдерін бекіту, жүйелеу.<br>Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені жаратқан?".<br><br>"Резеңке" аула ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіру қабілеттерін жетілдіру; жылдамдыққа, күштілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құралы: Ұзындығы шамамен 2 м резеңке таспа (ұштары байланған).<br>Ойын барысы:Екі ойыншы резеңкені тобық деңгейінде керіп ұстайды, үшінші ойыншы секіреді. Секіру кезінде әртүрлі қимылдар (фигуралар) орындалады және оларды дұрыс қайталау керек.<br>Қате жіберген ойыншы резеңкені ұстап тұрған ойыншымен орын ауыстырады.<br>Ойынды 2–3 адаммен немесе топпен ойнауға болады.<br><br>"Жер, су, ауа" азқимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі, танымдық іс- | релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы. Балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тыныштапып, көздерін жұмады.<br>Тапсырма. Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады.<br><br>Үстел үсті ойыны."Лото".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін, логикалық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Құралдары: балалардың қалаулары бойынша заттарды, ұғымдарды, құбылыстарды, жан-жануарларды, адамның әрекетін топтастыруға арналған түрлі тақырыптағы лотолар.<br>(таным іс-әрекеті)<br><br>"Күн қояндары" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалармен бірге бағыттарды нақтылаңыз: жоғары, төмен, жанына. Әр түрлі қимылдарды орындауға үйрету. | <br>"Ұшты - ұшты" аз қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты<br>(қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты<br>(қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты арба ұшты<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты дауыл ұшты<br>(қол көтермейді)<br>Ұшты - ұшты ұшақ ұшты<br>(қол көтереді)<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекет)<br>Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу. | | |
| Серуенге дайындық | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу,<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| Серуен | Күндізгі жарықтың ұзақтығын бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ, ал түннің қысқа екенін көрсету; күн ерте шығады және ұзақ уақыт жарқырайды.<br>Экологиялық міндет: балалардың жаз мезгіліне тән белгілері, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, жаздың басталуымен не байқадыңыз?<br>Балаларға «таң», «күн батуы» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>Жұмбақ жасыру<br>Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді.<br>(Күн)<br><br>Еңбек: ағаштардан түскен ұсақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | Жәндіктерді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жәндіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін кеңейту.<br>Экологиялық міндет: балалардың жәндіктердің әртүрлілігі туралы идеяларын жүйелеу.<br>Көркем сөз<br>"Көбелек".<br>Мен тимеймін, жасқанба,<br>Дос болайық, көбелек.<br>Жайнап тұрған бақшамда,<br>Гүлдерімді көре кет.<br>Тұтқиылдан састыра,<br>Жаңбыр жауса себелеп.<br>Тақиямның астына,<br>Тығыла ғой, көбелек. (А. Сәрсенов)<br><br>"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды.<br>"Өрмекші" бала алаңның | Мысықты бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды үй жануары – мысық туралы әңгімелей білуге үйрету; екі-үш сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту; жануарға деген қамқорлық сезімдерін ояту.<br><br>Жұмбақ жасыру<br>Беті – қолын жуады,<br>Тышқандарды қуады<br>Тазалықты сақтайды,<br>Апам оны мақтайды. (Мысық)<br>Мысық туралы тақпақ айтып балармен бірге қайталау<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті – қолын жуады.<br>- Мысықты көбінесе қыздар қауымы өте жақсы көреді.<br>Кейбіреулер ауруға шипа беруге сеп болады деп сенеді.<br>Оны арамдығы басым деп жақтырмайтындар да бар.<br>Қазақта мысық жүрген үйде тышқан болмайды деген түсінік бар. Мысықтар тәтті дәмді сезбейді екен. Олардың көзі қараңғыда жақсы көреді, бірақ | "Ағаштар мен бұталарды бақылау (жалғасы)<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: ағаштар туралы білімдерін бекіту; маңызды белгілерді бөлуге үйрету (тамыр, дің, бұтақтар, жапырақтар).<br>Көркем сөз: "Орманшы", М. Әлімбаев.<br>Орманшы менің нағашым,<br>Лайлатпайды тұнығын,<br>Омырауында үлкен дүрбісі.<br>Ауырлатпайды ауасын.<br>Аралап орман арасын,<br>Көрсең де қашан, қай түні,<br>Түспейді аттан бұл кісі.<br>Айтатын сөзі әйгілі:<br>Шырылдатып шыбығын,<br>-Қалың ну-халық саулығы!<br>Аңыратпайды ағашын.<br>Көк орман-Отан байлығы!<br>Әңгімелесу. Ағаш дегеніміз не?<br>(Тамыры, бір діңі және жапырағы бар өсімдік).<br>- Дұрыс! Бұта дегеніміз не?<br>(Тамыры, сабағы мен жапырағы көп өсімдік). Тәрбиеші өсімдік бөліктерінің схемаларын (ағаш) қояды. Оларда не бейнеленген?<br>(Ағаш пен бұта).<br>- Осы схемаларға сәйкес | Шыбынды бақылау (жалғасы)<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: шыбынның пайда болу ерекшеліктері туралы білімдерін және түсініктерін кеңейтуді жалғастыру, табиғат туралы шынайы түсінік қалыптастыру.<br>Көркем сөз<br>Шидім, шидім, шидім құс,<br>Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс. (Шыбын)<br>- Төбеде шыбындар қалай жүреді? (Шыбындардың аяқтарында жабысқақ түкті төсемдер бар; шыбын жеңіл және жастықшалар кез-келген бетке өте жақсы жабысатындықтан, шыбын кез-келген жерде қалуы мүмкін.)<br>- Неліктен шыбындарды зиянды жәндіктер деп атайды?<br>- Шыбындардың қандай зияны бар? (Олар микробтарды таратады.)<br>- Шыбындар қалай көбейеді?<br>(Олар жұмыртқалайды.)<br>- Шыбындар қайда жұмыртқалайды? (Көңде, қоқыста.)<br>- Шыбындардың қандай жауы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады:<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Шолпан атты қыз керек, - дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді.<br>Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі. | ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар<br>Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар!<br>Зуылдап ұшыңдар!<br>Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Еңбек: алаңды тазартуда сыпырушыға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: үлкердге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту<br><br>Еркін ойын: "Ыстық картоп".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: доптың шеңбер бойымен жылдам өтуін қамтамасыз ету.<br>Ойыншылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындыққа тұрады. Шеңбер бойымен жүру. Бір ойыншының | түстерді ажырата алмайды.<br>- Тағы қандай үй жануарларын білесіңдер? Үй жануарлары қай жерде тұрады? Үйде қандай үй жануарларын ұстауға болады? Балалар, сиыр немесе ешкіні үйде ұстай аласың ба? Неліктен?<br>Балалар сұрақтарға жауап беруде өз ойларын тырысады.<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Тышқан:<br>- Бұтақты да кемірдім,<br>Кітапты да кемірдім,<br>Мен осындай жемірмін,<br>Шиық-шиық, шиық-шиық.<br>Секектеймін ыршып та,<br>Кезікпеймін қырсыққа,<br>Ұстатпаймын мысыққа,<br>Түқ-түқ, түқ-түқ,<br>Қане, ортаға шық-шық!<br>Мысық:<br>- Мияу!<br>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей,<br>"Шық-шық!" - дейді?<br>Бұл тышқанның өнерін,<br>Қане, байқап көрейін.<br><br>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | ағаштар мен бұталардың бір-біріне ұқсастығын және айырмашылығын көруге болады.<br>- Ағаштар мен бұталардың ұқсастығы неде? (Ағаштар мен бұталардың тамырлары мен жапырақтары бар.<br>-Ал, ағаш пен бұтаның айырмашылығы неде? (Ағаштың бір діні, бұтаның сабағы көп).<br>Педагог балаларға кесілген суреттерді - ағаш пен бұтаның схемаларын береді.<br>-Ағаштың барлық бөліктерін ретімен орналастырайық.<br>- Ағаштың тамыры қайда жасырынады? Бұта? (Жерде).<br>-Түбірден кейін қай бөлік шығады? (Діні). Діннен кейін? (Сабақ). Сабақтан? (Жапырақтары).<br><br>Еңбек: ағаштардың діңгектерін (жерін, топырағын) қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: қопсытудың өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.<br><br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар». «Қойшының» көзі байланады. | бар? (Өрмекшілер, инеліктер.)<br>- Шыбынның мұрны бар ма? (Жәндіктердің мұрындары жоқ; олар аяқтары мен мұрттары арқасында жанасады, иіс сезеді және дәмін сезінеді. Мұрттары - сенсор мүшесі. Ол температураны, ылғалдылық пен исті сезінеді.)<br>- Шыбынның қанша көзі бар? (Көздің екі түрі - қарапайым және күрделі: олар бір уақытта алдында, артында және астында көре алады.)<br>- Шыбын қайда және қалай қыстайды?<br><br>Еңбек: құмсалғышты тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу.<br><br>"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br><br>"Кеглиді көзде", "Допты қуып жет" қимылды ойын-жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.<br><br>Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту<br>Мақсат-міндеттер: қабырғаға доппен ойнау техникасын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін, кеңістікті бағдарлау, жүгіре білу қабілетін дамыту.<br><br>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.<br><br>Еркін ойындар. | қолында ыстық картоп добы бар. Белгі бойынша балалар допты бір бағытта шеңберге айналдырып, мүмкіндігінше жылдам жүргізушінің допты алып кетуіне жол бермеуге тырысады. Жүргізуші шеңбер бойымен қозғалады және оны беру кезінде допты алуға тырысады. Кім жетекші допты алады, ол шеңбердің артында тұрады.<br>Ойын ережелері. Допты көрші ойыншыға беру, ешкімді өткізбеу. | Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға баулу; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br>Еркін ойындар. | Ол белгілі қашықтықтан «Менің табыным қайда?» деп сұрайды, ал «қойлар» «мә-мә» деп дыбыс беріп, тығылады. «Қойшы» дыбысқа қарап балаларды іздейді. Ұсталған баладан дауысын шығаруды сұрайды. Егер «қойшы» оны дауысынан таныса, сол бала келесі «қойшы» болады. Танымаса, ойын сол «қойшымен» жалғасады.<br><br>Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы ?», «Тыңда да таны», «Қай ағаштың жемісі ?»<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)<br><br>Жеке жұмыс. Ағаштар туралы әңгіме құрастыру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдерін дамыту.<br><br>Мақал-мәтелдер:<br>Ағаш та ылғалды жерде көгереді.<br><br>"Кім ағашқа бұрын жетеді?" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: берілген белгі бойынша тез жүкіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. | |
| Кешкі ас | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Үйге қайту<br>Ата-анаға кеңес | Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі» тақырыбында әңгіме | «Неліктен қыста жәндіктер болмады?» тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен "Жәндіктер" тақырыбында әңгіме. | Ата-аналармен күн тәртібін сақтау туралы сөйлесу | Ата-аналармен "Демалыс" тақырыбында әңгімелесу |

**15.06.2026 ж. - 19.06.2026 ж. «Жаз да келді, көңілді»**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|

| Күн тәртібі | Сабын көпіршіктері күні | Теңіздегі тіршілік | Сүйкімді кірпі | Табиғат аясында | «Күн, ауа, су» ойын сауығы |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды далада қабылдау | Балалардың денесін, терісін қарау. | | | | |
| | "Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br><br>"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікте бағдарлауды жүзеге асыру.<br><br>Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, дер кезінде тығырықтан шыға білуге үйретеді.<br>Ойын ережесі: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді.<br><br>Санамақ айту жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу.<br>"Кел, санайық санамақ".<br>Бір, екі, үш,<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнеки, ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау - ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Сегіз, тоғыз, он, | "Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.<br><br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Е. Елубаев<br>Арманым бар ең ізгі,<br>Армандаумен келем мен.<br>Матрос болып теңізді<br>Жүзсем кешіп кемемен.<br>Теңіз дейтін күштімен,<br>Алысуға жарасам.<br>Тау толқындар үстінен,<br>Алыстарға қарасам.<br>Желбіреткен төбеге<br>Көкшіл туын елімнің.<br>Алып, алып кемелер –<br>Бөлшегіндей жерімнің.<br><br>Еркін ойын: "Соқыр теке"<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: жылдамдықты, ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту. | "Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды жаттықтыру<br><br>Көркем шығарма оқып беру.<br>"Қасқыр мен кірпі" ертегісі.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны.<br>«Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. | "Әткеншек" қимылды ойын-жаттығулары, қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: сөздерді іс-әрекетпен үйлестіру мүмкіндігі.<br><br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Ө. Тұрманжанов «Гүлдер».<br>Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады далалар.<br>Жаз келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Қос білекті сыбанып,<br>Жүгірейік қуанып.<br><br>Еркін ойын: "Мысық пен тышқандар".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; балаларда төзімділікті, қимылдарды сөзбен үйлестіре білу, ептілікті дамыту. Жүгіру мен иілу жаттығулары, шеңбер бойымен тұру және шеңбер бойымен жүру. Сөйлеуді дамытуға ықпал ету. | "Кім кім болды?" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: зейінін, қиялын дамыту.<br>Сипаттама: бала мұғалім атағаннан бұрын болған жағдайды атауы керек.<br>Мысалы:<br>- Ата кім болды? (Ұл)<br>- Ағаш не болды ? (Өркен)<br><br>"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.<br>"Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ал, кәнеки, қон!<br>Асықпа да саспа,<br>Бірден қайта баста. | | | | |
| | Еңбек: аланды қоқыстан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: аланда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: аула тазалаушыға ауланы тазартуға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: улкендерге көмектесуге деген ықыласты, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: құм жәшіктерін құммен толтыру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың еңбекке деген құштарлығын ояту.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту, қажет болса суару.<br>Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, гүлдерге қамқорлық жасауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: көкөністерді суару.<br>Мақсат-міндеттер: көкөністерді күтуге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| Таңғы гимнастика | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; алға екі аяқпен секіре жүріп, жылжу; жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады.<br>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында.<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады.<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында.<br>4.1. Қолдарын жандарына созады. | | | | |
| Гигиеналық шаралар | Салқын сумен жуыну. Сүртіну.<br>Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну.<br>Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну.<br>Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну.<br>Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну.<br>Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-бірін көмектесу). |
| Таңғы асқа дайындық | (қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңғы ас | Көркем сөз<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды,<br>Табиғаттың барлығы.<br>Таза болсаң судай бол,<br>Бәрін жуып кетірген.<br>Жақсы болсаң жердей бол,<br>Бәрімізді өсірген.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Ірімшікті кеміріп,<br>Тышқан отыр керіліп.<br>Мысық сүтті ішіп -ап,<br>Бет жұмайды ерініп.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс,<br>Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар,<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы,<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті | Балалабақшада және үйде жеке бас тазалығын сақтау туралы әңгімелесу.<br>Медициналық кабинетке саяхат.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>«Тамшылар». Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Су әлемі туралы жұмбақтар шешу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету.<br>(танымдық іс-әрекет)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Кім қалай жүреді?"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды тізенің арасына қапшықты | Су ханшайымымен саяхат.<br>(таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)<br><br>«Су патшалығы» суреттер байқауы (ата-аналармен бірге).<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br><br>«Өзен, көлдер» альбомын безендіру. Сумен ойындар.<br>(шығармашылық іс-әрекеті)<br><br>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>"С. Оспанов "Күн" (оқу)"<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға "Күн"туралы өлеңді оқып, мазмұнынын түсіндіру; көктем және жаз айларында күннің шуағы мол түсетінін айту; өлеңді мұқият тыңдап, жаттқа | «Менің ағзамның қорғаушысы», «Пайдалы және зиянды» әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>«Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу (ұжымдық жұмыс)<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Су -өмір нәрі"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың су туралы түсініктерін кеңейту; судың қажеттілігі, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы екенін түсіндіру. Су табиғаттың баға жетпес сыйы екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп | Жыл мезілдері<br>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарды пысықтау.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br><br>Жапсыру «Күлімдейді күн маған».<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Тіл дамытудан ойын-жаттығулар<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>"Су - тіршілік көзі"<br>Мақсат-міндеттер: Су және оның табиғаттағы, адам өміріндегі мәні туралы бұрын алған білімдерін бекіту, күрделі сөйлемдерді қолдана отырып сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру; мағыналары қарама-қарсы сын есімдерді құрастыру қабілетін | «Күн, ауа, су» ойын сауығы<br>«Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы, судағы қауіпті жағдайлар туралы тақырыптық әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)<br><br>«Жуыну әні»<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Аквариумдағы балықтар.<br>(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсаты: балалардың аквариумда балықтар тіршілік ететіні туралы нақтылау; абайқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Төрт бұрышты шыны ыдыс<br>Терезесі жоқ, іші толы су.<br>Осы үйдің ғындары<br>Шетінен шебер жүзгіштер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысып, қос аяқтап секіру; балаларда бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату; заттарды аттап өту; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру. | айтуға үйрету; байланыстыра сөйлеуге үйрету, сөздік қорларын молайту; алғырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>Музыкадан ойын-жаттығулар "Ақ жаңбыр"<br>Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. | пайдалану, лайламау керектігін және судың барлық қасиеттерін түсіндіру.<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Тұңғиық теңіз түбінде" (бейнелеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: Кеңістіктегі қатынастарды бекітуге жағдай тудыру; қағаз бетінде бағдарлай білу біліктіліктерін қалыптастыру, заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сөзбен айтқызуды үйрету (сол жақта, оң жақта, төменде, жоғарыда, сол жақтағы жоғарғы бұрышта); сөздік қорларының кеңейюіне ықпал ету; ойлау, көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу. | бекіту; шығармашылық әңгімелеуде таңдалған оқиға желісін ұстану қабілетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту; топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу, серіктестің пікірін ескеру, өз пікірін қорғау, өз ісін дәлелдеу, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | (Аквариум)<br><br>Жапсырудан ойын-жаттығулар "Аквариумдағы балықтар" (шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың шашыны қиғаш етіп екі үшбұрышқа кесу дағдыларын бекіту, үшбұрыштардан балықтың бейнесін өз бетінше құрастыру; судың қасиеттері туралы, балықтардың тіршілік ету ортасы туралы білімдерін бекіту; қайшымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; өзбетінше жұмыс жасау барысында алдында алған білімдері мен дағдыларын қолдануға ынталандыру. Өздігінен жапсыру. |
| Серуенге дайындық | Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сәйкес қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін) және серуеннің сюжеті осы сәтте айналады.<br>Балаларға киім-кешек бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін, киіну ретін еске түсіріңіз, түсіндіріңіз, қажет болған жағдайда оларға көмектесіңіз. | | | | |
| Серуен | Суды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды суды ұқыпты ұстауға үйрету. Судың қасиеттері туралы ойды нақтылаңыз: ол ағады, температурасы басқа, кейбір заттар суға батады, басқалары жүзеді.<br>Әңгімелесу.<br>- Балалар, қане, судың қандай болатыны еске түсірейік. Сендерге оңай әрі қызықты болу үші, мен сендерге қандай бөтелкелер дайындағанымды қараңдар. Әрине, балалар, су сұйық, ол ағады, оның температурасы әр түрлі болуы мүмкін (ол күн астында | Суды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: судың тірі табиғаттағы маңызын көрсету; су туралы білімді толықтыру және оны адамдар қалай пайдаланады; балаларды ағын суды үнемдеуге үйрету.<br>Көркем сөз<br>Ақсың, сұрсың, қарасың,<br>Қайда қалқып барасың?<br>Жерге нөсер төгемін,<br>Өссін гүлдер, көп егін.<br>Гүл, гүл жайнап өсер көк,<br>Нөсерлетсең, нөсерлет.<br>Әңгімелесу:<br>- Балалар, бүгін біз су туралы әңгімелесеміз. Су туралы айтыңызшы, ол қандай? | Суды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалармен суды ұқыпты ұстау туралы есте сақтау.<br>Тәжірибе: "Судың түсі жоқ, бірақ оны бояуға болады". Кранды ашыңыз, ағып жатқан суды көруді ұсыныңыз. Бірнеше стаканға су құйыңыз. Су қандай түсті? (Судың түсі жоқ, ол мөлдір). Суды оған бояу қосу арқылы күңгірттеуге болады. (Балалар судың түсін тамашалайды). Су қандай түсті болды? (Қызыл, көк, сары, қызыл). Судың түсі бояудың суға қандай түсті қосылуына байланысты. | Жаңбырды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту.<br>Жауынның алғашқы белгілерін байқау: бұлттар бұл қараңғы, қалың бұлттар. Жауынның қалай құрылатыны жөнінде түсініктемені бекіту(су тамшысынан құрылатын бұлт аспанда ұзақ тұрмайды, жерге жауын болып құлайды; егер тамшылар кішірек болса - жауын сіркірейді,ірі тамшылар - жауын жиі құяды; әр бағыта болса- тікелей, қисық). Жазда жауын әр түрлі болатынын түсіндіруді қалыптастыру. | Шықты бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту - шық туралы әңгімелеу.<br>Экологиялық міндет: әр түрлі табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру, табиғат сұлулығын көре білуге үйрету.<br>Жұмбақ<br>Мөлдіреген жүзімді,<br>Ұстап едім, езілді. (Шық)<br>Тәрбиеші таңертеңгі шыққа назар аудартады, "шық" баламасын айтуды ұсынады (мөлдір, таза, сергітетін)<br>Көркем сөз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызады, ағыннан суық).<br>- Су құйылған бөтелкелеріңді қараңдар. Су мөлдір, онда бәрін көруге болады. Неліктен біз су ішеміз?<br>- Суды шөлімізді қандыру үшін ішеміз. Өмір сүру үшін барлық тіршілік иелері суды қажет етеді: жануарлар да, өсімдіктер де және, әрине, балықтар.<br>- Балалар, сендер шөлдедіңдер ме? Жаз ыстық, сендерге көбірек су ішу керек. Бөтелкелеріңді ашыңдар, судың дәмін татыңдар. Ол қандай?<br>- Адамдар суды не үшін пайдаланады? Иә, жууну керек.<br>- Гигиенаңызды сақтау үшін. Сондай-ақ, жазда суда шомылу үшін. Ыстық күні су тез қызады, өзенде, тоғанда, көлде.<br><br>Жұмбақтар<br>Ұзын-ұзын ұз келеді,<br>Ұзын бойлы қыз келеді.<br>Қасы қалтырап,<br>Көзі жалтырап. (Су)<br>Жылт-жылт еткен,<br>Жырадан өткен. (Су)<br><br>Еңбек: ағаш діңдерінің жерін босату.<br>Мақсат-міндеттер: қопсытудың өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. | - Мөлдір, сұйық.<br>- Салқын және ыстық болуы мүмкін.<br>- Балалар, кімге су керек?<br>- Ағаштар, құстар, жануарлар, балықтар, адамдар.<br>- Бізге балабақшада су керек пе?<br>- Иә, керек.<br>- Су бізге не үшін қажет?<br>- Жууну үшін, гүлдерді суару үшін, киімді, еденді, ыдыс жуу үшін, асханада таңғы, кешкі ас дайындау үшін..<br>- Иә, сусыз жер бетіндегі барлық тіршілік жойылады.<br>Су - тіршілік, суды қорғау керек. Барлығы «Суды құтқар!» дейді.<br>- Мұның нені білдіретінін кім біледі?<br>- Бұл суды дұрыс және ақылмен жұмсау деген сөз. Кранды ашық қалдырмаңыз.<br>- Ал егер кран дұрыс жұмыс істемесе және одан су тамшылап жатса? Не істеу керек?<br>- Оны тезірек жөндеу керек.<br><br>Еңбек: гүл бақшасын арамшөптен тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: өз жұмысының нәтижесін көріп, қуана білуге тәрбиелеу.<br>Сумен тәжірибе жасаңыз: әр түрлі ыдыстардағы су көлемін салыстырыңыз; балалар судың өзіндік формасы жоқ екеніне көз жеткізеді.<br><br>"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды | Қорытынды.<br>- Біз бүгін не білдік? Егер оған бояу қосылса, суда не болуы мүмкін? (Суды кез-келген түске оңай бояуға болады)<br><br>Көркем сөз<br>Самал жел, бізді желдетші,<br>Күн нұры, бізді жарқырат.<br>Таза ауа, дем берші,<br>Мөлдір су, бізді салқындат.<br><br>Дидактикалық ойын "Батады-батпайды"<br>Мақсат-міндеттер: заттардың қасиеттері, олардың салмағы туралы білімді бекіту.<br>"Су қандай?" — балалар суды сипаттайды.<br>Мақсат-міндеттер: салыстырмалы сын есімдерді қалай таңдау керектігін үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығу:<br><br>"Сумен ойындар" - үрлемелі бассейн немесе үлкен ванна және ойынға арналған ойыншықтар жиынтығы серуенге шығарылады. Балалар қайықтарды ұшырады, ыдыстарға су құйады, қуыршақтарды жуындырады және т.б.<br><br>Еңбек: ойыншықтарды жуу (оларды өңдеуге болады), төсеншке жаю, кептіру.<br>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>"Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. | Жылдың жылы уақытында жауынның орнына бұршақ жаууы мүмкін –бұл мұз жауынның қатқан тамшылары. Егер бұршақ өте ауыр болса, олар жерге түседі. Қорытындылай келе, бұл ауа температурасына байланысты болатынын атаған жөн. Жерден жоғары ауа өте суық, ол жер буынын суытады. Жазда жансыз табиғат құбылысына қызығушылығын дамыту.<br>Көркем сөз<br>Жаңбыр-жаңбыр жауады,<br>Тамшылары тамады,<br>Ойнап, ойнап, аламыз,<br>Ойын сауық саламыз!<br>Жау аяма нөсерле,<br>Сенсіз бір түп өсеме?<br>Құйып, құйып өтпесең<br>Бұлт жөніне көшер ме?<br>Жұмбақтар:<br>Тіл былдыр, үні сылдыр.<br>(Жаңбыр)<br>Қырда қылыш жарқылдайды.<br>(Найзағай)<br>Мақал-мәтел:<br>Жаңбыр жауса – жер ырысы.<br><br>Еңбек: қолөнерге арналған жағалаулардан қызықты малтатастарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ортақ мақсат үшін саналу жұмыс істеуге үйрету.<br><br>"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге | Су – тіршілік білсеңдер,<br>Судан ырыс күткен жер,<br>Суды лайлап түкірме!<br>Деп үйретер үлкендер.<br><br>Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар».<br>«Қойшының» көзі байланады. Ол белгілі қашықтықтан «Менің табыным қайда?» деп сұрайды, ал «қойлар» «мә-мә» деп дыбыс беріп, тығылады. «Қойшы» дыбысқа қарап балаларды іздейді. Ұсталған баладан дауысын шығаруды сұрайды. Егер «қойшы» оны дауысынан таныса, сол бала келесі «қойшы» болады. Танымаса, ойын сол «қойшымен» жалғасады.<br><br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды.<br>"Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу.<br>Көңілді шыбындар<br>Жан-жаққа ұшады.<br>Өрмекші бұрышта<br>Қармағын жаяды.<br>- Көңілді шыбындар!<br>Зуылдап ұшыңдар!<br>Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға болады.<br><br>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды | ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді<br>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.<br>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br><br>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.<br><br>Еркін спорттық ойындар.<br>Бадминтон.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. | Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:<br>Айгөлек-ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз (Асан атты ұл ) керек! - деп шақырады.<br>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек.<br>Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз.<br><br>"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>"Мұхиттар толқиды" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, ойластырылған бейнені қозғалыста көрсете білу.<br>Еркін ойындар. | дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында «тауық қора», ал қарама-қарсы бетінде «түлкінің іні» белгіленеді. Бір бала – түлкі, қалғандары – тауықтар мен балапандар.<br>Жүргізуші: «Тауықтар, жем шаштым!» дегенде, тауықтар алаңда еркін қозғалып, жем шоқиды.<br>«Түлкі!» деген белгі берілгенде, түлкі інінен шығып, тауықтарды қуады.<br>Тауықтар қораға қашып үлгеруі керек.<br>Түлкі қолмен тигізген баланы ұстап алады. Қора сызығынан өткендерді ұстай алмайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанып, түлкі әр жолы қайта таңдалады.<br><br>"Шеңбер" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: лақтыру нақтылығын, ептілікті дамыту, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын тәрбиелеу.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br><br>Еркін спорттық ойындар.<br>Футбол.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту. | ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Көлшіктен секіру" қимылды ойын-жаттығулары (2 топқа бөлініп қатысады).<br>(дене тәрбиесі)<br>Шарты: жердегі көлшіктерден өтіп (обруч немесе мата) белгіленген шартты жерге тез жету.<br><br>Еркін спорттық ойындар.<br>Бадминтон.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бадминтонды ойнату. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.<br><br>"Доппен ойын" қимылды ойын-жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: спортпен айналысуға деген құштарлығын дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. | |
| Серуеннен оралу | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| Түскі ас | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдайлар жасау. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Гигиеналық дағдылар<br>Өзін үстел үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>Көркем сөз<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарына дұрыс қолдануға, дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу,<br>Тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау.<br>Көркем сөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: майлықты қолдануды дағдыландыру.<br>Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузынды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: балалардың назарын гигиеналық процедураларға аудару, қол жуу ережелерін бекіту.<br>Көркем сөз<br>Қуанады анашым,<br>Таза оның баласы.<br>Маңдайымнан сипайды,<br>Саусағының саласы.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: тағам дағдыларын қалыптастыру: оны дұрыс пайдалану ас құралдары, майлық; үстел басында тыныш болу әдетін дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар,<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| Ұйқыдан тұру | Велосипед жаттығуы. Аяқтарыңызды кезек-кезек сермеңіз, қолдарыңызды және аяқтарыңызды жоғары көтеріңіз.<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүріңіз.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене тәрбиесі) | | | | |
| | | Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | Сүт ботқаны жемесең,<br>Келіп сені сүзеді.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. (мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | | «Әке көрген оқ жонар», зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасау. Дайындалған бұйымдардан көрме ұйымдастыру.<br><br>Ата-аналар мен балалардың бірлескен әрекеті, Абай Құнанбайұлының өлеңдерін жатқа айту челленджі.<br>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>""Жан - жануарлардың дауласуы" қазақ халық ертегісі"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды қазақ халық ертегісімен таныстыру; үй жануарлары туралы білімдерін тиянақтау; ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнын өз ойымен толық жеткізіп айтуға үйрету; сөздік қорын, тілін дамыту; жан-жануарларды күтіп-баптауға, қорғап, қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | «Әлди-әлди ақбөпем» челенджі, әжесінің бесік жыры.<br>Отбасының қызықты демалыс сәттерінен суреттер көрмесін ұйымдастыру. (бейнелеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Тақырыпқа сәйкес ән айту мен мәнерлеп оқу сайысы.<br><br>Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу. Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>"Отбасы"<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен. | Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың қимыл қабілеттерін жетілдіру, ережені саналы орындауға, төзімділікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Жидектер"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды жидектердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атауға үйрету, сыртқы түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың жидектердің қайда және | «Мен атамның көмекшісімен» тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер.<br><br>«Жеті атасын білу тектіліктің белгісі» жеті атаны жатқа айтудан сайыс ұйымдастыру. (қарым-қаынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br><br>«Ханталапай» ұлттық асық ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br><br>- асықтан жасалған «денсаулық жолымен» жүргізу;<br>- асықтар тізілген қолғаппен бір-біріне массаж жасату.<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Әжемнің тосабы (бояуларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Музыкадан ойын-жаттығулар "Астана нұры"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту. | Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде - бесеуміз.<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Қолды жан-жаққа сөз"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру; балаларда заттар арасымен жүру; биіктіктен секіру дағдыларын дамыту; негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту. | қалай өсетіні туралы білімдерін бекіту (бақта, орманда, жерде, бұтада, ағашта); есту қабілетін, байланыстырып сөйлеуді дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу.<br><br>Мүсіндеу "Жидектер толған себет".<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Міндеттер: көлемі бірдей заттарды дөңгелектеп мүсіндеу техникасын жетілдіру; шығармашылық ойлау қабілетін дамыту. | араластырып, жаңа түстер шығару жолымен)"<br>Мақсат-міндеттер: Бояуларды араластыру арқылы ашық және қою қызыл түстерді шығаруды таныстыру; араластыру тәсілдерінің реттілігін бекіту; бояумен жұмыс жасау, түстерді дұрыс таңдау дағдыларын дамыту; зейіндерін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; іс-тәжірибе көмегімен түрлі мәселерді шешімін табу, практикалық тәжірибе негізінде қорытынды жасау біліктіліктерін қалыптастыру; ізденімпаздылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды.<br>Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін).<br>Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған. | | | | |
| **Серуен** | | Қарақатты бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: бұтаны ағаштан ажырата білу қабілеттерін бекіту; балабақша аумағында өсетін жидек бұталарымен - қарақатпен таныстыру.<br>Көркем сөз<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма.<br>Бірде – бірін жұлғызба,<br>Қасындағы балаға.<br>Әңгіме. Қарақат жидектері кішкентай қара шарларға ұқсайды. Қарақат - әр түрлі жапырақтары бар көпжылдық | Күннің биіктігін бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Таң мен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады. (Күн)<br>Көркем сөз<br>Кең аспан гой ай, күнің,<br>Қашаннан-ақ тұрағы.<br>Кейде кіріп бөлмеге,<br>Ол ойнады айнада.<br>Шомылады көлге де, | Гүл егілген алаңқайды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Кешкілік пе, күндіз бе, | Арамшөптерді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өсімдіктер туралы білімдерін молайту. Арамшөптердің зияны туралы түсініктерін кеңейту.<br>Көркем сөз<br>Жеміс біткен бау - бақта,<br>Желі жайды жан - жаққа.<br>Бақта құстар сайрайды,<br>Құйқылжытып жан – жаққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып,<br>Арамшөпті жұламын.<br>Әңгіме. Жан-жағымызда өсіп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бұта. Көктемде қарақат бұталарында кішкентай қоңырауға ұқсас гүлдер пайда болады.<br>Бақшада қарақат басқа жидек дақылдарына қарағанда ерте гүлдейді. Қарақат жидектері шілде айында піседі. Дәмді, тәтті және қышқыл, шырынды. Бұл өсімдіктің құрамында «С» дәрумені (витамині) көп екен. Қарақат жидектері мен жапырақтары емдік қасиетке ие. Хош иісті қарақаттың жапырақтары маринадтарға және тұздалған қиярға, қызанақ, саңырауқұлақ және қырыққабатиарға қосады.<br>Халық болжамы:<br>Жазда жидек көп болса, қыс қатты болады.<br>Қайыңнан шырын көп ақса, жаз жаңбырлы болады.<br><br>Еңбек: ересектерге алаңда өсетін бұталарды күтуге көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегін құрметтеуге, бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру.<br><br>"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; | Шуақ шашып қайда да.<br>Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. Аптап ыстықтан қар ериді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сенімді бекіту.) Күн қайда шығады, күн қайда кетеді?<br>Зерттеу қызметі<br>Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек жылынатынын анықтаңыз.<br>Жауап беріңіз, қай заттар тез қызады: қара ма, әлде ақ па? Күнге ұзақ уақытқа қалай қарауға болады? (Қара көзілдірікпен)<br><br>Еңбек: аула тазалаушыға аланды тазартуға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.<br><br>Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу. (дене тәрбиесі)<br>*"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>*Қазақ халқының ұлттық | Үзіп алсаң сен бір гүл,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе.<br>Үзіп алсам мен бір гүл,<br>Туған жерді далаға,<br>Не қалады сиқынан,<br>Тастағалы жүрміз бе?<br>Қызыл-жасыл жердің бұл,<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма.<br>Бірде – бірін жұлғызба,<br>Қасындағы балаға.<br>Әңгіме. Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз. Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз.<br>Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші!<br>Зерттеу жұмысы.<br>Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру.<br>Әр гүлдің жапырақтары мен сабақтары арасындағы айырмашылықты қарау.<br>Болжам.<br>Гүлдердің иісі одан сайын аңқып шықса, жауын жауады.<br><br>Еңбек: балалармен гүл егілген алаңға сусепкішпен су себу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды | тұрған қызылды-жасылды өсімдіктерді көргенде, көңілімізге қуаныш ұялайды. Өсімдіктер тек қана көрік беріп қана қоймай ауаны тазалайды, ауаның ылғалдылығына да әсерін тигізеді. Кейбір өсімдіктерден ерекше заттар бөлінеді де, адам денсаулығына зиянды микробтарды жойып отырады. Ол фитонцид деп аталады. Енді осындай жайнап өсіп тұрған өсімдіктердің арасында зиянды өсімдіктер де кездеседі. Оларды арамшөптер деп атайды. Олар мәдени өсімдіктерге көп зиян келтіреді: топырақтың нәрін алады, топырақтағы ылғалды алады, күн қызуын тартып алады да, сөйтіп өсімдіктердің өсуіне кедергі жасап, өздері қаптап кетеді. Олар мәдени өсімдіктерге қарағанда тез өсіп, жетіледі. Сондықтан да гүл егілген гүлзарлар мен бау-бақшаны, егіс алқабын үнемі арамшөптерден қорғап отырады.<br>Зерттеу жұмысы<br>Гүлзарларда, өсімдіктер өсіп тұрған алаңшалардан арамшөпті тауып алып, оларды жақсылап көріп алу.<br><br>Еңбек: балабақша ауласындағы гүлзарлардағы, гүл егілген алаңқайдағы арамшөптерді жұлу: балаларға гүлдерді күтіп- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында «тауық қора», ал қарама-қарсы бетінде «түлкінің іні» белгіленеді. Бір бала – түлкі, қалғандары – тауықтар мен балапандар.<br>Жүргізуші: «Тауықтар, жем шаштым!» дегенде, тауықтар алаңда еркін қозғалып, жем шоқиды.<br>«Түлкі!» деген белгі берілгенде, түлкі інінен шығып, тауықтарды қуады. Тауықтар қораға қашып үлгеруі керек.<br>Түлкі қолмен тигізген баланы ұстап алады. Қора сызығынан өткендерді ұстай алмайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанып, түлкі әр жолы қайта таңдалады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке,ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету.<br>Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету.<br><br>Жеке жұмыс: ағаштар туралы әңгіме құрастыру.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдерін дамыту. | ойындары. "Асық тігіп ойнау"<br>Мақсат-міндеттер: ойлау, еске сақтау, сөйлеуді, қимылептілігін дамыту. Балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>*Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Алшы» ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: ойлау, еске сақтау, сөйлеуді, қимылептілігін дамыту. Балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>*Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Бес тас» ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қимыл шапшаңдығы менептілігін дамыту, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Ойын бес кішкентай домалақ тас немесе бес асықпен ойналады.<br><br>Еркін ойын: "Құмдағы суреттер".<br>Құмның беті тегіс және ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір нәрсе салуды тапсырыңыз.<br>"Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі.<br>Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады. | еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету.<br><br>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br><br>Жаттығу ойындары: "Волейбол ойыны".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: бір-біріне доп беру, кері лақтыруды жаттықтыру.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі) | баптауды үйрету, әсемдікті сақтай білуге тәрбиелеу.<br><br>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.<br>Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.<br>Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.<br><br>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың меңгерген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: "қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Ойынға 5-6 бала қатысады.<br>Еркін ойындар. | | Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Қауіпсіздікті ескеру.<br><br>Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып тұру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта.<br>Еркін ойындар. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Түскі ас** | | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: жуыну дағдыларын жетілдіру: көбік пайда болғанша қолыңызды көбіктендіру, жақсылап шаю, бетіңізді және қолыңызды сүлгімен құрғату, орамалды уақытында қолдану.<br>Көркем сөз<br>Бесін астың кезі келді,<br>Дастарханға отырдық.<br>Түзу ұстап денемізді,<br>Ас ішейік отырып.<br>Тамағыңды алаңдамай,<br>Төгіп алма! Дұрыс іш!<br>Дастарханда көп сөйлемей,<br>Отырамыз тып-тыныш.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: төсек жинау қабілетін жетілдіру. Жайманы түзету, төсек жапқышты жабу.<br>Көркем сөз<br>Кешкі ас келді,<br>Балалар үстелге жайғасты.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: өз бетінше және ұқыпты тамақтана білуге, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға, қасықты оң қолына ұстай білуге тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Құстар келді далаға,<br>Бақтың ішін аралап.<br>Не береміз Аланға,<br>Дәмді тамақ қалай ма?<br>Бірі ботқа сұрады,<br>Екіншісі айранды.<br>Үшіншісі сүт сұрап,<br>Бірі бәліш қалады.<br>Тойып алып тамаққа,<br>Тыныш тапты бағана.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сыртқы келбетін бақылауға, өз уақытында тәртіпке келтіруге, ұқыптылыққа, тәуелсіздікке тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| **Күндізгі ұйқы** | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау.<br>Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тыңдату. | | | | |
| **Ұйқыдан тұру** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін асқа дайындық. Бесін ас.** | | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: жуыну дағдыларын жетілдіру: көбік пайда болғанша қолыңызды көбіктендіру, жақсылап шаю, бетіңізді және қолыңызды сүлгімен құрғату, орамалды уақытында қолдану.<br>Көркем сөз<br>Бесін астың кезі келді,<br>Дастарханға отырдық. | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: төсек жинау қабілетін жетілдіру. Жайманы түзету, төсек жапқышты жабу.<br>Көркем сөз<br>Кешкі ас келді,<br>Балалар үстелге жайғасты.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: өз бетінше және ұқыпты тамақтана білуге, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға, қасықты оң қолына ұстай білуге тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Құстар келді далаға,<br>Бақтың ішін аралап. | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сыртқы келбетін бақылауға, өз уақытында тәртіпке келтіруге, ұқыптылыққа, тәуелсіздікке тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Түзу ұстап денемізді,<br>Ас ішейік отырып.<br>Тамағыңды алаңдамай,<br>Төгіп алма! Дұрыс іш!<br>Дастарханда көп сөйлемей,<br>Отырамыз тып-тыныш.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | Не береміз Аланға,<br>Дәмді тамақ қалай ма?<br>Бірі ботқа сұрады,<br>Екіншісі айранды.<br>Үшіншісі сүт сұрап,<br>Бірі бөліш қалады.<br>Тойып алып тамаққа,<br>Тыныш тапты бағана.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | (мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | | "Өсімдікті керекті дыбыспен ата" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балаларда фонематикалық естуді, шапшаң ойлауды дамыту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші айтады: Атауы «А», «К», ... дыбыстарынан басталатын өсімдіктер туралы ойла». Кім көбірек қоңырау шалса, сол жеңеді.<br><br>"Ақ сүйек" қимыл-қолғалыс ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау.<br><br>"От- су" қимыл-қолғалыс ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту; белгі бойыша әрекет етуге үйрету.<br>"От" - бәрі отыра бастайды, "Су" - айналым бойынша бір жаққа ағады.<br>Ойында жолдастарының және өзінің ойын нәтижесін дұрыс бағалауға үйрету. | Математика негіздерінен ойын-жаттығулар<br>"Егін жинау аптасы"<br>Мақсат-міндеттер: Күннің бөліктері туралы білімдерін бекіту. Бір аптадағы күндер тізбегі туралы түсінік қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін, сөйлеу қабілетін дамыту. 7 ішінде алға және артқа қарай санау қабілетін дамыту. Қоршаған ортаға деген қызығушылықты тәрбиелеу.<br><br>"Кім тез жинайды?" ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады.<br>Балалар екі топқа бөлініп тұрады.Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды | "Не естігеніңді айт" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: толық сөйлемдерді жауаптарда қолдануға үйрету; фразалық сөйлеуді дамыту.<br>Ойын барысы. Педагог балаларды көздерін жауып, мұқият тыңдап, қандай дыбыстарды естігендерін анықтауға шақырады (жаңбыр шуы, көлік сигналдары, құлап тұрған жапырақтың сыбдыры, өтіп бара жатқан адамдардың әңгімесі және т.б.). Балалар толық сөйлеммен жауап беруі керек. Ең көп естілген дыбыстарды атайтын адам жеңімпаз болады.<br><br>Құрастырудан ойын-жаттығулар<br>"Карлсонға арналған тосап"<br>Мақсат-міндеттер: Қажет емес бөліктерді өз күшіммен кесуді үйрету, шығармашылық және табиғи материалды түрлендіру қабілетін дамыту, «Жемістер мен жидектер» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейту, сөздік қорын байыту және | "Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br>Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.<br>«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сол топ марапатталады.Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.<br><br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалардың бірі «қасқыр», қалғандары «аққу-қаздар» болады. «Құсшы» құстарды «жем жеуге» жіберіп, олармен қысқа диалог жүргізеді. Белгі берілгенде «аққу-қаздар» өз орындарына қарай жүгіріп ұшады, ал «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.<br>Ұсталған балалар «қасқырға» қосылады. Ойын барлық «аққу-қаздар» азайып біткенше, ойын жалғасады. | белсендіру, ұжымдық жұмысқа деген қызығушылықты тәрбиелеу.<br><br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар». «Қойшының» көзі байланады. Ол белгілі қашықтықтан «Менің табыным қайда?» деп сұрайды, ал «қойлар» «мә-мә» деп дыбыс беріп, тығылады.<br>«Қойшы» дыбысқа қарап балаларды іздейді. Ұсталған баладан дауысын шығаруды сұрайды. Егер «қойшы» оны дауысынан таныса, сол бала келесі «қойшы» болады. Танымаса, ойын сол «қойшымен» жалғасады. | беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару.<br><br>"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны (жұптар айтысы).<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br>- Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек.<br>Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды.<br>Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау.<br>Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін).<br>Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған. | | | | |
| **Серуен** | | Қарақатты бақылау | Күндізгі жарықтың | Алма ағашын бақылау. | Шөп-шаланды өсімдіктерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (жалғасы).<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: бұталардың орман, саябақ өміріндегі мәні туралы айту.<br>Әңгімелесу: Көптеген құстар өсімдіктерді зиянкестерден қорғайтын бұталарда өмір сүреді және ұя салады.<br>Педагог балаларға сұрақтар қояды.<br>- Қарақат жидектері қалай көрінеді?<br>- Жидектер қандай түсті?<br>- Қарақат жидектерінде қандай пайдалы заттар бар?<br>- Қарақаттың қандай сорттарын білесің?<br>Зерттеу қызметі: жабайы қарақат бұталарын, олардың ағаштардан айырмашылығын қарастыру; жидектерге назар аударыңыз, оларды тек піскен кезде және оларды жуғаннан кейін ғана жеуге болатындығын нақтылау.<br>Піскен жидектерді бұтақтарын сындырмай, мұқият жинау керек,.<br><br>Еңбек: құмсалғышты құммен толтыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өз-өзіне қызмет етуге, өз қажеттіліктерін түсініп әрекет етуге баулу.<br><br>"Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды | ұзақтығын бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жаз күнінің өте ұзақ, ал түннің қысқа екенін көрсету; күн ерте шығады және ұзақ уақыт жарқырайды.<br>Экологиялық міндет: балалардың жаз мезгіліне тән белгілері, қоршаған әлем туралы білімдерін бекіту.<br>Әңгімелесу: жаздың басталуымен не байқадыңыз?<br>Балаларға «таң», «күн батуы» сөздерінің мағынасын түсіндіру.<br>Жаздың соңғы күндерінде тәуліктегі өзгерістеге назар аудару: күн қысқара, түн ұзара бастады. Түнде, кешке, таңертең күн салқындай бастады.<br>Жұмбақ жасыру<br>Жұрттың бәрі оны сүйеді,<br>Бірақ қарағысы келмейді.<br>(Күн)<br><br>Еңбек: ойыншықтарды құмнан тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмысқа деген оң көзқарасты, тапсырмаларды орындау кезінде жауапкершілікті тәрбиелеу.<br><br>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік | (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды алма ағашымен таныстыру.<br>Осы жерде өсіп тұрған басқа ағаштардан оның қандай өзгешілігі бар екендігін зерттеу.<br>Көркем сөз<br>Алма пісті қызыл алма, ақ алма,<br>Оттай болып басылады жанарға,<br>Сілкіп қалсақ бір бұтағын ақырын,<br>Топырлап бір төгілгені жаман ба?<br>Балаларға сұрақтар<br>- Біздің аулада өсіп тұрған қандай ағаштар бар?<br>- Ал, мынау қандай ағаш?<br>(алма ағашының жанына келеді)<br>- Бұл ағаштың басқа ағаштан қандай айырмашылығы бар?<br>- Жеміс беретін ағаштарды қандай ағаш дейміз?<br>- Жеміс ағаштары көп етіп отырғызылған немесе әртүрлі жеміс ағаштары бар жерді не деп атайды? (бақ)<br>- Балалар, жабайы алмалар да болады. Ал, мынау нағыз алма ағашы. Жабайы алма ағашының жемісін жеуге болмайтынын естен шығармаңдар.<br>Зерттеу жұмысы<br>Алма ағашының жемісін көру, ұрығы, түйіні, жасыл алмалары қандай? Ағаштағы көк алма мен әбден піскен алманы салыстыру. Бұл ағаштың діңі, жапырағы, гүлі | бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды алаңда өсетін шөп-шаланды өсімдіктермен таныстыру; өсімдіктің дамуы мен өсуі жайлы көріністерді қалыптастыру; өсімдіктің жеке құрылымымен таныстыру (тамыр, жапырақ, гүл), олардың әр өсімдікте әр түрлі екендігін түсіндіру: шөп-шаланды өсімдіктер гүлдейді.<br>Мақал-мәтел:<br>1. Сусыз жердің шөбі аясыз. Ұлсыз ердің малы аясыз.<br>2. Тікеннен гүл,<br>Заһардан бал.<br><br>Еңбек: ауланың жұлынып, кептірілген арам шөбін жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ауланың арам шөбін жұлуға , жұмысты өз еркімен ықыласты жасауға үйрету.<br><br>"Не өседі, гүлденеді, толықсиды?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: аталмыш жерде кең таралған өсімдіктер жайлы түсіндіру.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру.<br>Ақырын-ақырын итеріп,<br>Әткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балалардың затты (доптар немесе қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.<br><br>"Күн мен түн" қимыл-қолғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ойын ережесін сақтап ойнауға дағдыландыру, зейіндерін дамыту. | беру; балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br><br>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға баулу; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; | қандай?<br><br>Еңбек: алма ағашына су құйып, айналасындағы топырақты өңдеу.<br>Мақсат-міндеттер: табиғатқа жанашырлықпен қарауды үйрету, еңбекке баулу.<br><br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойынға қатысушылар қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br><br>"Бәйге" қимыл-қолғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: тез жүгіруге, ептілікке үйрету.<br><br>Жеке жұмыс: "Алма бағы" тақырыбында асфальтқа сурет салу.<br>Жұмбақтар<br>- Көктемде ақ гүлге оранады,<br>Күзде қолға доп боп оралады. (Алма)<br>- Ортасында қазығы,<br>Бұтағында азығы. (Алма) | беру; балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру.<br>Санамақ арқылы бір бала «жапалақ» болып таңдалады. Ол «ұясында» жасырынып тұрады, ал қалған балалар «тышқандар» мен «шымшықтар» рөлін орындайды.<br>Жүргізуші «Таң атты!» дегенде балалар алаңға шығып, еркін қозғалады. «Түн батты!» деген белгіде бәрі қозғалысын тоқтатуы тиіс. Қозғалып қойған ойыншыны «жапалақ» ұстап алады.<br>Ұсталған бала келесі «жапалақ» болады. Ойынды қызықтыру үшін екі «жапалақпен» де ойнауға болады.<br><br>"Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре (секіре) білу қабілетін жетілдіру.<br><br>Өзіндік іс-әрекеті<br>Балаларды құрастыру ойынына қажеттілерді жинастыруға; ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жеке жұмыс: "Табиғатым тамаша" тақырыбында асфальтқа сурет салу. | шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br><br>Еркін ойын: "Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: есту зейінін, жүгіруді жетілдіру. | - Күн нұрымен піседі,<br>Уылжып қолға түседі.<br>(Жеміс)<br><br>Мақал-мәтел<br>Көк алманы үзбе, өзі үзілер күзде. | |
| **Кешкі ас** | Алдыңдағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br>Міндеттер. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>(шығармашылық іс-әрекет, музыка)<br>Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br><br>Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | | | |
| **Үйге қайту Ата-анаға кеңес** | | Ата-анаға кеңес: "Жидектердің денсаулыққа пайдалы ықпалы". | Фото көрме: "Біз қандай жидекті жинап көрдік?". | Ата-анаға кеңес: "Аллергияның пайда болу себептері". | Хабарлама бұрышына: "Жидектен тосап жасаудың ең үздік рецептілері". | |

**13.07.2026 ж. - 17.07.2026 ж. «Жазғы сайыстар»**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | «Ұлы дала баласы» | Жүгіреміз, зырлаймыз | Спорттық ойындар күні | Менің көңілді добым | «Олимпиада алауы» |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту. | | | | |
| | "Табиғатта не болады?" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: етістіктің сөйлеу барысында қолданылуын бекіту, сөйлемдегі сөздердің келісімі.<br>Барасы. Тәрбиеші допты балаға лақтырып, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала сұраққа жауап беруі керек. Ойынды тақырып бойынша ойнаған жөн.<br><br>"Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару.<br>Ойын үйде де, далада да ойнала береді.. Ойыншылар шеңбер құрып, дөңгелене турады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке — сол. Қалған ойыншылар соқыр текені қолымен түртіп қойып, одан айнала қашып журеді. Ал соқыр теке сол түрткен адамды ұстап алып, тануға тиісті. Егер ол устаган кісіні таныса, оның | "Ұқсас - ұқсас емес" дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: заттарды салыстыруға үйрету; олардың айырмашылық белгілерін табу; ұқсастықтар, элементтерді сипаттама бойынша тану.<br>Міндеттері: балаларға зейінділікке үйрету. Есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Ойынға қызығушылықты тәрбиелеу.<br>Ойын барысы. Мысалы: бір бала болжам жасайды, ал қалған балалар болжауды жалғастыру керек: "Екі қоңыз жорғалап жүрді. Бірі қара нүктелермен қызыл, екіншісі қара ... ".<br><br>"Домино" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, | "Қолымда не бар?" дидактикалқы ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол; кеңістік түсінікті пысықтау, қимылды, түсіну сезімдерін дамыту.<br>Керекті материалдар. Табиғи материалдар: ұсақ тастар, жаңғақтар, таяқшалар.<br>Ойынның мазмұны. Бала қолын артына ұстайды. Тәрбиеші оның қолына үлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кіші тасты ұстатады. Балал қолына қарамастан, оң қолында үлкен тас, сол қолында-кіші тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әр түрлі екі таяқша немесе жуандығы әр түрлі, ұзындығы бірдей екі қарандаш ұстатады. Топ алдына шақырылған әрбір бала бір-біріне ұсақ 2-3 жаттығу орындайды. Ешқандай қателік жібермеген балалар жеңімпаздар болып | "Жетіспейтін сөзді ата" дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: апта күндері туралы білімдерін бекіту.<br>Материал. Доп.<br>Ойын барысы. Үй иесі бірден бастап, допты ойыншылардың біріне лақтырады:<br>- Күн күндіз жарқырайды, ал ай. ... ...<br>- Таңертең мен балабақшаға келіп, үйге оралдым. ... ...<br>- Егер кеше жұма болса, бүгін. ... ...<br>- Егер дүйсенбі, сейсенбі болса, бейсенбі. ... ...<br>Сол сияқты сіз жыл мезгілдері, айлар туралы ойын жүргізе аласыз.<br><br>Санамақ айту жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Бір дегенім - бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі деген - елім,<br>Дала, туым, көлім.<br>Үш дегенім - үміт, | «Олимпиада алауы»<br><br>Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру.<br>(дене тәрбиесі)<br><br>«Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)<br><br>Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою.<br>Санамақтар мен өлеңдер жаттау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол).<br>(дене тәрбиесі)<br><br>Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар.<br><br>"Пішіні бірдей затты тап" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: заттар нысаны туралы ойды нақтылау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көзін байлап, соңы соқыр теке жасайды. Өйтпеген жағдайда соқыр теке ойыны ары қарай жалғаса береді.<br>Ол:<br>Қараңғыда көзім жоқ,<br>Тиіп кетсе сөзім жоқ.<br>Қайда кеттің қалқа жан,<br>Жетектейтін өзің жоқ.<br>Қолға түскен құтылмас,<br>Қала бермек көзім боп,<br>— деп таяғын өзі болжаған тықыр, дыбыс естілген жаққа қарай соза береді. Айнала трған ойнаушылар қашып жүріп. | зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br><br>"Фигура жаса" қимыл-қозғалым ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер:балаларды жүгіруге жаттықтыру.<br>Ойын ережелері. Балалар барлық ойын алаңында жүгіреді. Сигнал берілген кезде олар тез<br>орнында тұрып, қандай-да бір қалыпқа келу: шалқайып отыру, қолдарын көтеру аяқтарын көтеру т.б.<br>Тәрбиеші кімнің фигурасы қызықты екенін атап өтеді.<br>Жыл соңына қарай ойын күрделене түседі, оған топтық фигуралар енгізіледі - жұппен,<br>үш. Сонымен қатар, балаларға белгілі бір позициядағы фигураны ұсынуға кеңес беріледі:<br>тек тұру, төрт аяғымен тұру, отыру т.б. | есептеледі.<br><br>"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады да ойнағысы келген немесе ойынға тартылған балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. Балаларға бір-бір доп таратып бергеннен кейін, тәрбиеші оларға допты қақпадан өткізуді ұсынады. бала допты домалатып, қуып келеді де сызыққа жеткеннен кейін кері оралады.<br>Ойынға 5-6 бала қатысады. Ойнаушы топтардың ауысуына болады; 2-3 рет ойнаған балаға тәрбиеші енді дем алуды, басқалардың қалай өткізетінін көруді ұсынады.<br>Қақпаны ірі құрылыс материалынан жасауға немесе оның орнына балалардың орындығын пайдалануға болады.<br>Олардың аяғының арасынан балалар доп өткізеді. | Үміт артар жігіт,<br>Төрт дегенім - төзім,<br>Төзе білем - өзім,<br>Бес дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br><br>"Бес тас" қазақтың ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың зейіні мен ептілігін дамыту. | Ойын барысы. Тәрбиеші шеңбердің суретін көтереді, ал балалар мүмкіндігінше бірдей пішіндегі заттарды атауы керек.<br><br>"Жұптық эстафета" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ережелер бойынша ойнауды, жылдам жүгіруді, жұппен секіруді үйрену. Өзара қолдау мен достыққа тәрбиелеу.<br><br>Еркін ойын: "Ұшады - ұшпайды".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: зейінді дамыту, ауызша командаға реакция және мінез-құлықты реттеу.<br>Барысы: балалар қатарда тұр. Жүргізуші әртүрлі заттарды атайды және қолдарын жоғары көтереді. Балалар аталған зат ұшатын кезде ғана қолдарын жоғары көтеруі керек. Соңында мүлдем қателеспегендерді атап өтіңіз. |
| | Еңбек: ойын алаңын сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: тәртіпті сақтауға, бірлесіп жұмыс | Еңбек: аланды қоқыстан тазарту.<br>Мақсат-міндеттер:  бірлесіп | Еңбек: гүлзардағы жерді тазарту және қазу.<br>Мақсат-міндеттер:  еңбек | Еңбек: ағаш кесуге қатысу.<br>Мақсат-міндеттер: ересектермен бірлесіп жұмыс | Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | істеуге машықтандыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | жұмыс істеуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | тапсырмасын жауапкершілікпен орындауда баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | жасаудың нәтижесін көруге тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | қопсытудың не үшін қажет екенін түсініп, еңбекте саналылықты танутуға тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалаулармен жалпы дамыту жаттығулары кешені.<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>3.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Дәндер патшалығына саяхат: суреттер мен альбомдар қарау.<br>(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Көркем шығарма оқып беру, тыңдалған мәтіннің мазмұнын айтқызу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Ыдыстағы дәндерді түрлеріне қарап ажыратып әр ыдысқа бөлу; бөлінген дәндерді санау.<br>(зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br><br>Табиғи материалдармен, ермексазбен жұмыс «Дәндер патшалығы»<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Епті бол!"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол қолмен лақтыру; балаларда қысқа секіртпемен қос аяқтап секіру; арқаға қапшық қойып төрт | «Нан - дастархан байлығы» әңгімелесу; шығарма оқып беру, тыңдалған шығарманың мазмұнын айтқызу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Нан қиқымымен ауладағы құстарды қоректендіру және оларды сыртынан бақылау.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br><br>Нанның суретін салу, ермексаздан мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар "Ыбырай Алтынсарин "Бір уыс мақта""<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды әңгімені оқығанда мұқият тыңдап, сұрақтарға толық жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету; сөздік қорларын, тіл байлықтарын жетілдіру; диалог түріндегі сөздерді айта білуге дағдыландыру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. | Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Наубайхана жұмысымен таныстыру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br><br>Тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>""Өнер Ханшайымына" арналған натюрморт"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды суретте үлкен, орташа, және кішкентай аюлардан композиция құрап, ертегі кейпін бейнелеуді үйрету; сурет салу үлгілерін (дөңгелек және сопақ пішінді) бекіту; оларды контурдан шығармай, | «Алқапта не өседі?» әңгімелесу, шығарма оқып беру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>«Ғажайып дәндер» ұжымдық жұмыс: дайын суретті дәндермен безендіру.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Майя арасы"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту және бекіту, жәндіктердің атауларын, сыртқы белгілерін, олардың құрылымын бекіту;.көру және есту қабілеттерін дамыту, тақырып бойынша балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту; жәндіктерге жақсы көзқарас қалыптастыру. | «Жемістер мен көкөністер» фестивалі<br>(шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br><br>Жұмбақтар мен тақпақтар сайысы<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Жапсыру «Менің дәмді достарым»<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>«Кім күшті?» жемістер мен көкөністерді сумен жуып, жеуден сайыс ұйымдастыру.<br><br>Құрастырудан ойын-жаттығулар "Сиқырлы орман."<br>Мақсат-міндеттер: Үлгі бойынша құрастыруды үйрету, шығармашылық қиялын дамыту,«жоғары-төмен» және «үлкен-кіші» ұғымдарын ажырата білу қабілетін бекіту, табиғатқа құрметпен қарауға және оның сұлулығын сақтауға тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тағандап еңбектеу дағдыларын жетілдіру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру. | Музыкадан ойын-жаттығулар ""Қызыл телпек және қасқыр" шығармасы" Мақсат-міндеттер: «Ертегілер елінде» әуен ырғағы туралы ұғым беру. Балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Музыкалық әуен арқылы балаларды ойыншықты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. | пропорцияны сақтай отырып, «түрту» тәсілімен бояуды меңгерту; қағаз бетінде бағдарлау біліктіліктерін бекіту; қиялдарын дамыту; өз бетінше жұмыс істеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | |
| **Серуенге дайындық** | 1.Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді кию алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. | | | | |
| **Күндізгі серуен** | Тірі затты бақылау – бақаны бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: бақа туралы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>- Бақаның қандай? Оның терісі қандай?<br>- Оның басында не бар? Бақалардың неше аяғы бар?<br>- Алдыңғы және артқы аяқтардың айырмашылығы неде?<br>- Бақаның құйрығы бар ма? Дененің қандай ерекшеліктері оған суда жүзуге көмектеседі? Неліктен оның саусақтарында өрім бар? Неліктен оның көзі томпиған және олар оның басында орналасқан?<br>-Бақаның терісі жұмсақ, жасыл түсті, оның тісі бар, олардың қосмекенділерге жататынын айқындау қажет, яғни ол суда да , құрғақта да өмір сүреді, бірақ уақыттың басым көпшілігін суда өткізеді - жүзеді, жерде секіреді, тамақтану барысында ол тілін | Инелікті бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: инеліктің пайда болуы туралы білімдерін кеңейту; барлық тіршілік иелеріне мұқият және ұқыпты қатынасты дамыту.<br>Көркем сөз<br>Ұзын құйрық инелік,<br>Инелікке тимелік.<br>Верталетты жасады,<br>Инеліктен үйреніп.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады, сұрақтарға жауап беруді ұсынады.<br>1. Жүрген ізің байқалмаған,<br>Жүдеу қызым қайқаңдаған.<br>(Инелік)<br>2.Төрт қанаты бар,<br>Инедей денесі бар,<br>Үлкен бақырайған көздері бар<br>Бұл не екенін кім табар?<br>(Инелік)<br>- Неліктен инелік үлкен көзді және мұртшалары қысқа?<br>- Инелік қай жерде тұрады? Ол не аулайды? | Құстарды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды құстармен таныстыруды жалғастыру, олардың үйлерінің аттарын есте сақтау.<br>Бақылау барысы<br>Жазда құстар көп болатынына назар аудару, олар әр түрлі дауыста ән айтады, балапандар туралы алаңдайды. Жаздың басында құстардың сайрағанын естисіз, бірақ оларды көру қиын: олар өз ұяларында отырады немесе жасыл жапырақтарда қалықтайды. Олардың кішкентай балапандары бар, оларды тамақтандыру және жылыту қажет.<br>Құстардың қандай пайда әкелетінін айту, құстар мен жұлдызқұрттардың не істеп жатқанын байқау маңызды. Үлкен топ балаларының назарын жәндіктерді ұстап, қарлығаштар қаншалықты | Қоңызды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: қоңызбен, оның өмір салтымен, тіршілік жағдайымен таныстыру.<br>Бақылау барысы<br>Қоңыздардың қалай жорғалайтынын қарастыру, олардың кейбіреулері ұшады. Қазақстанда 20 мыңнан аса түрлері кездеседі.<br>Денелерінің ұзындығы 0,3 мм-ден 155 мм-ге дейін. Екі жұп қанаттарының бір жұбы мүйізденіп, қанат жүйкелері жойылып, қатты элитра деп аталатын үстіңгі қатты қанатқа айналған. Ол, негізінен, қорғаныш қызметін атқарады. Қанатының екінші жұбы жарғақты, біріншісінен ұзындау, тыныштық қалыпта ұзынынан және көлденеңінен бүктеліп үстіңгі қанаттарының астына жиналып орналасады. Ұшар алдында үстіңгі қанаттары көтеріледі де, астынан екінші жұп жарғақты қанаттары | Сәбіз бен қызылшаны бақшада бақылау<br>(зерттеу, танымдық, ккрам-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсаттар: көкөністерді өз бетінше салыстыру дағдыларын дамыту, толық талдау жасау қабілеттерін қалыптастыру;<br>Көкөністердің өзіндік ерекшеліктері туралы түсініктерді бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау;<br>Адам еңбегіне саналы қарым-қатынас тәрбиелеу.<br>Бақшада қандай көкөністер өсті?<br>(Қызылша, сәбіз.)<br>Көктеммен салыстырғанда өсімдіктерге не болды?<br>(Жер бетінде жапырақтары өсті, ал жер астында — түйнектері.)<br>Өсімдіктердің өсуіне не көмектесті?<br>(Күн, ылғал, адамның күтімі.)<br>Сәбіздің қандай ерекшеліктері бар?<br>(Сәбіз — ұзынша пішінді, қызғылт сары түсті көкөніс, жасыл жапырағы бар.)<br>Қызылшаның қандай ерекшеліктері бар?<br>(Қызылша — домалақ пішінді, қызыл түсті көкөніс, жасыл жапырағы бар.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірнеше сантиметрге жібереді. Тілі сұйық кілегейімен жабылған, оған шыбын, масалар жабысады, құрттармен және шынжыр табандармен қоректенеді. Артқы аяқтары, алдыңғы аяқтарынан әлдеқайда ұзындау, сондықтан ол жүре алмайды, ол секіреді. Балаларға бақаның пайда әкелетінін атап өту: зиян келтіруші- шыбын-шіркейлерді жейді. Бақаның пайда әкелетінін, құрт құмырсқаларды жейтінін, өсімдік жапырақтарын және сабағын жейтінін атап өту керек.<br>Мақал-мәтел<br>Бақа батпағына<br>Балық көліне.<br>Көркем сөз<br>«Бақа» С. Оспанов<br>-Білесің бе, бақаны,<br>Бақа деп неге атады?<br>-Өйткені олар әрдайым,<br>«Бақ-бақ» десіп жатады.<br><br>«Бақалар» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Алаң бойынша алға секіре, төрттағандап қозғалуға үйрету, орыннан ұзындығына секіре білуге үйрету. Секірулерді табиғилық, жеңілдік және жаттығуларды орындауды дәлдік дегеніне жете жетілдіру.<br><br>Еңбек: құм салғыштан шашылған құмды учаскеден жинастыру.<br>Мақсат-міндеттер: учаскеде құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; | - Ол не жейді? Инеліктің жауы бар ма?<br>- Инелік туралы қандай тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер?<br>-Инелік төрт торлы қанатты, іші ұзын жіңішке. Инелік тез, ептілікпен және жалтарып ұшады, ал оның руль тәрізді созылған денесі оған ұшуда қалаған бағытын сақтауға көмектеседі. Инеліктің үлкен көздері бар, олар оған жем іздеуге көмектеседі, ал мұртшалары қысқа, көрінбейді. Олар өз өмірінде үлкен рөл атқармайды.<br>Инелік - жыртқыш жәндік.<br>Ол шіркейлер, масалар, қоңыздармен қоректенеді, оларды табанды лаптар ұстайды. Күзде инеліктер құрғақ жапырақтардың астында жасырынып, немесе ескі шіріген ағаштардың қабығындағы тесігіне тығылып, көктемге дейін ұйықтайды.<br><br>Дидактикалық ойын<br>«Жұмбақтарға шешулер»<br>(құрт-құмырсқалар )<br>Мақсат-міндеттер: жұмбақтарды шешуге талаптандыру, шешуін табу кезінде белсенді болу.<br><br>Еңбек: гүлдерді суару.<br>Мақсат-міндеттер: қоршаған әлемге құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | жылдам ұшатындығына аудару. Қарлығаштардың ұясын көрсетіп, олардың ұяға, балапандарға тамақпен қаншалықты келетінін айту. Жазда құстар балапандарын жәндіктермен қоректендіреді, осылайша өсімдіктерді сақтауға көмектеседі.<br><br>«Дауысынан таны» дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: жеке дыбыстардың айтылуын бекіту.<br>Тәрбиеші құстарды атайды, балалар дауысын салады.<br><br>Еңбек: ауланы сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге жауапкершілікке тәрбиелеу.<br><br>"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды.<br>"Қақпан" болып жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер | жазылып шығады.<br>Жұмбақ<br>Ұшқанда өлең айтады,<br>Қонғанда жер қазады,<br>Мұны ойлап көріңіз<br>Шешімін кім табады?<br>(Қоңыз)<br>Көркем сөз<br>Қоңыз, қоңыз, қоңызым,<br>Өрмелеген қоңызым.<br>Қыбыр – қыбыр жүріспен,<br>Қоңыздар қырға шығады.<br>Қоңыз шықты ағашқа,<br>Артында оның баласы.<br>Күн шапағын шашады,<br>Қоңыз үйге қайтады.<br><br>Дидактикалық ойын<br>«Сипаттама бойынша тап»<br>(жәндіктер)<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: суреттейтін әңгіме құруға, зейінді, келісімді сөйлеуді дамытуға, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табуға үйрету.<br><br>Еңбек: ауладағы өсімдіктер мен шөптерге күтім жасауда қарапайым тапсырмаларды орындату.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер:<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шарты | Бұл көкөністерден не жасауға болады?<br>(Салаттар, борщ.)<br>Қызылша мен сәбіз қандай пайда әкеледі?<br>(Оларда дәрумендер көп.)<br>Зерттеу жұмысы:<br>Сәбіз бен қызылшаның тұқымдарын анықтау (түсі, көлемі).<br>Топта тұқымға отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алу.<br>Бақылау екі топ арасында сайыс түрінде ұйымдастырылуы мүмкін: әр топ өз көкөнісін қорғайды, оның жақсы жақтарын көрсетеді.<br><br>Еңбек: аула тазалаушыға аланды тазартуға көмектесу.<br>Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.<br>Таза ауада ата-аналар мен балаларының қатысуымен «отбасылық эстафета» спорттық сайысын өткізу.<br><br>*"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br><br>*Қазақ халқының ұлттық ойындары.<br>"Асық тігіп ойнау"<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ойлау, еске сақтау, сөйлеуді, қимыл ептілігін дамыту. Балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тазалыққа және ретке келтіру әдеттін қалыптастыру.<br><br>"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br><br>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. | Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды.<br>"Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; балалардың күш-жігерін, | құра жүріп, өлең айтады:<br>Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамас оны бола ма?<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>"Қасқыр қақпан" құрайық.<br>Берік қақпан сынбайды,<br>Қасқырларды ұстайды.<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>Қақпан, қақпан, берік бол!<br>Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді.<br>Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп кеміп, жүгіріп жүреді.<br>Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар" қолдарын тез түсіріп, отыра қояды.<br>"Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету.<br>Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады. Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады.<br>Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына келісіп таңдайды.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді | бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру.<br>Санамақ арқылы бір бала «жапалақ» болып таңдалады.<br>Ол «ұясында» жасырынып тұрады, ал қалған балалар «тышқандар» мен «шымшықтар» рөлін орындайды.<br>Жүргізуші «Таң атты!» дегенде балалар алаңға шығып, еркін қозғалады.<br>«Түн батты!» деген белгіде бәрі қозғалысын тоқтатуы тиіс. Қозғалып қойған ойыншыны «жапалақ» ұстап алады.<br>Ұсталған бала келесі «жапалақ» болады. Ойынды қызықтыру үшін екі «жапалақпен» де ойнауға болады.<br><br>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Қауіпсіздікті ескеру.<br><br>"Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі) | <br>*Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Алшы» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ойлау, еске сақтау, сөйлеуді, қимыл ептілігін дамыту. Балаларға ұлттық ойындарды ойнауды үйрету, ережені сақтап, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.<br><br>*Қазақ халқының ұлттық ойындары. «Бес тас» ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың қимыл шапшаңдығы мен ептілігін дамыту, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Ойын бес кішкентай домалақ тас немесе бес асықпен ойналады.<br><br>Еркін ойын: "Құмдағы суреттер". Құмның беті тегіс және ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір нәрсе салуды тапсырыңыз.<br>"Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі. Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Кім бұл тап?» дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: сипатты белгілері бойынша учаскеде қоректенетін , құрт құмырсқаларды, құстарды, өсімдіктерді бейнелеп айтуға үйрету; заттың белгісі мен әрекетін білдіретін сөз құрамын ұлғайту. | шапшаңдығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. | сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру. | Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Түскі асқа дайындық** | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Ас құралдарын дұрыс қолдану дағдыларын бекіту<br>Көркем сөз<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз, | Гигиеналық дағдылар<br>Балаларда өзіне-өзі қызмет ету мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру, үстелге дұрыс отыруды дағдыға айналдыру. | Гигиеналық дағдылар<br>Ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу,<br>үстелде тыныш отыруды, дұрыс қалыпты сақтауды қалыптастыру. | Гигиеналық дағдылар<br>Балаларды дастархан басында өзін дұрыс ұстауға,<br>ұқыпты тамақтануға,,<br>басқа балаларға кедергі жасамауға үйрету. | Гигиеналық дағдылар<br>Балаларды өздігінен сүлгісін табуға, беті, қолын мұқият құрғатып, сүлгіні орнына ілуге тәрбиелеу.<br><br>Көркем сөз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын.<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Үйрек берді тамақты,<br>Балапанға га-га-га деп,<br>Мысық жүрді соңынан ,<br>Марғауының мяу-мяу деп.<br>Тамақтанды бәрі де,<br>Тұрып-ап таң сәріден.<br>Тек кішкентай балақай,<br>Түк жемеді әлі де,<br>Ассыз болмайды күнің,<br>Ботқа жеші, кел күнім.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| **Күндізгі ұйқы** | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау.<br>Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тыңдату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).<br>Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты).<br>Аяқ массажы.<br>Мақсаты: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету.<br>Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін асқа дайындық. Бесін ас.** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю).<br>Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау.<br>Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру. | | | | |
| **Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті** | "Не қандай болады?" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: заттарды түсі, пішіні, сапасы, материалы бойынша жіктеуге үйрету; салыстыру, мүмкіндігінше осы анықтамаға сәйкес элементтерді таңдау.<br>Жасыл түстің не екенін айтайық - қияр, қолтырауын, жапырақ, алма, көйлек, ағаш ...<br>Кең - өзен, жол, таспа, көше ...<br>т.с.с. ең көп сөзді атаған жеңімпаз болады, әр дұрыс | "Менің сүйікті ертегім" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу. Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері.<br>1) Ойын шарты: сурет бойынша ертегілердің аттары | "Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған | Аз қимылды ойын: "Бауырсақ".<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде үйлестіру мен кеңістікте бағдарлауға жаттықтыру, ойын арқылы есту зейінін дамыту.<br>Бұл ойынға арналған доп кез-келген мөлшерде болуы мүмкін. Ойыншылар өз орындарынан кете алмайды.<br>Қатысушылар шеңбер | "Қонақ күту" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю).<br>Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастархан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтылған сөз үшін бала жетон алады.<br><br>"Экологтар" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жағдай туғызу және әлеуметтік шығармашылықты ынталандыру, ойын сюжетіне сәйкес кіші топтарға бөлу, сөйлеу этикеті дағдыларын қалыптастыру. Экологтар жұмысының гуманитарлық бағыты, оның табиғатты қорғауға қажеттілігі, әлеуметтік маңызы туралы балалардың ойларын кеңейту.<br><br>"Сипаттама бойынша тап" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды сипаттама бойынша жануарларды тануға үйрету; балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.<br>Барысы.<br>- Қорқақ, ұзын құлақ, сұр немесе ақ. (Қоян.)<br>- Қоңыр, ұя, ыңғайсыз. (Аю.)<br>- Сұр, ашулы, аш. (Қасқыр.)<br>- Қу. (Түлкі.) | мен мазмұнын айту.<br>2) Шарты: педагог балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ер - тегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады.<br><br>"Қозы" аз қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші топтың жетекшісі екінші топтың жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны алуға келдім», - дейді.<br>Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда».<br>Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса, онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді.<br>Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды | объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.<br><br>«Аспазшы» сюжетті рөлдік ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың түсінігіндегі аспасшы еңбегі жайындағы ұғымдарын тиянақтау; адамның еңбегін бағалауға, еңбек құралдарын орынды пайдалануға, ойын желісімен нәтижелі қарым-қатынастырды құруға үйрету; байланыстыра сөйлеуді жетілдіру; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар<br>"Сандар әлемі"<br>Мақсат-міндеттер: "Көп", "аз", "тең" сөздерін қолданып, заттар тобын салыстыру қабілетін нығайту; 9 саны туралы білімдерін қалыптастыру, екі кіші саннан сан құру; 9 санын тану және бейнелеу дағдыларын дамыту; алға және артқа қарай санау қабілеттерін қалыптастыру; жолдастарын тыңдай білуге тәрбиелеу. | бойымен бір-бірінен ұзындықта тұрады.<br>Шеңбердің ортасында жүргізуші орналасқан.<br>Ойыншылар допты аяқтарымен бір-біріне береді, ал жүргізуші оны ұстап алуға тырысады. Олар допты тегіс айналдыра алады, ұрады, алдамшы қимылдар жасай алады. Сіз оны жай алып кете алмайсыз. Ал жүргізуші қалағанының бәрін істей алады; допты аяғыңызбен, қолыңызбен ұстаңыз, шеңберден шығарыңыз, тіпті сәл тигізіңіз.<br>Егер жүргізуші допты ұстап үлгерсе, ол доп оған тиген ойыншының орнын алады.<br><br>"Бауырсақ" театрландырылған ойыны (саусақ театры).<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: ұжымда эмоционалды жағымды ахуал қалыптастыру, өзіңіздің және басқа балалардың іс-әрекеттерін қадағалай білу қабілетін дамыту.<br>Атрибуттар: ертегі кейіпкерлері(қоян, қасқыр, аю, түлкі, атасы, әжесі, тоқаш) және үй мен орманның әшекейлері.<br>Алдын ала жүргізілетін жұмыс: ертегілерді бейнежазбадан қарау, иллюстрацияларды қарау, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін оқыту.<br>Ойын ережесі: 7 бала ойнайды, жетекші ересек | шай, пироггар.<br><br>"Сүйікті ертегілер" үстел-үсті ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға сөйлемдерді, мәтіндерді дұрыс құруға, таныс мәтінді қайталауға, зейінін, бақылауын, есте сақтауын үйрету.<br>Қалаған ертегіні мазмұндау.<br>Мақсаты: есте сақтау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; ертегілер әлемінде деген сүйіспеншілікті арттыру.<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді.<br><br>Оригами: "Қоян". (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер: гүлдердің, түрлі аңдардың, құстардың пішіндерін қағаздан бүктеуге мүмкіндік беру.<br><br>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. | Артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттер: артикуляция, тыныс алу жүйелерін жетілдіру. "Сағат" - тілді ақырын, оңға, солға жылжыту керек. Санау, содан кейін 15-20 рет қайталау керек. "Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып және тілді кең ашып, төменгі иекті басып, тілді таңдайға ұстау. Жеке жұмыс: жануарларды мүсіндеу. Мақсаты: ой-қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту. | адам. Тәрбиеші рөлдерді бөлуге көмектеседі және кейіпкерлердің орындалу ретін анықтайды Ойын әрекеттері: Ойын үйден басталады. Әже тоқаш пісірді. Ол орманға қарай домалап кетті. Онда ол қоянды, қасқырды, аюды кездестіріп, бәрінен аулақ кетті. Бір түлкі оны алдап жеп қойды.<br><br>"Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар. | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақалмәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br>1.Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді кию алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. | | | | |
| **Серуен** | Бақшадағы сәбіз бен қызылшаны бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: көкөністерге салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; көкөністердің сипаттамалық ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау. Бақылаудың барысы. | "Ағаштар мен бұталарды бақылау (жалғасы). (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: ағаштар туралы білімдерін бекіту; маңызды белгілерді бөлуге үйрету (тамыр, дің, бұтақтар, жапырақтар). Көркем сөз: "Орманшы", М. Әлімбаев. Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, | Жәндіктерді бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: 1.Жәндіктерге нелер жатады? 2.Жәндіктер қандай табиғатқа | Ауладағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балаларды айнала қоршаған ортамен, таныстыруды жалғастыру. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балабақша ауласында өсіп тұрған ағаштар мен бұталар туралы балалардың | Топырақты бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: топырақ қабаты - шымтезекпен таныстыру. - Балалар, біздің айналамызда көптеген батпақтар бар, ал батпақтар шымтезекке бай. Шымтезек - тыңайтқыш және жанармай. Ол қатты қызған кезде тез жанады. Шымтезек ылғалды, тұтқыр, қараңғы және ылғалмен қаныққан кезде ауыр болады. Бұл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог балаларға сұрақтар қояды.<br>- Бақшада қандай көкөністер өскен? (Қызылша, сәбіз.)<br>- Көктеммен салыстырғанда өсімдіктерге не болды? (Шыңдар жерде, түйнектер жерде өскен.)<br>- Өсімдіктердің өсуіне не көмектесті? (Күн, ылғал, адамның кетуі.)<br>- Сәбізге тән қандай қасиеттер бар? (Сәбіз - бұл төбесі жасыл түсті, ұзындығы сарғыш түсті көкөніс.)<br>- Қызылшаның өзіне тән белгілері қандай? (Қызылша - дөңгелек пішінді, қызыл түске боялған және төбесі жасыл түсті көкөніс.)<br>- Мына көкөністерден не дайындауға болады? (Салаттар, борщ.)<br>- Қызылша мен сәбіздің пайдасы қандай? (Оларда көптеген дәрумендер бар.)<br>Зерттеу қызметі.<br>Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтаңыз (түсі, мөлшері).<br>Топқа отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алыңыз.<br><br>Еңбек: бақшада егін жинау.<br>Мақсат-міндеттер: көкөністерді қазуды үйрету; топта жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.<br><br>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды | Омырауында үлкен дүрбісі.<br>Ауырлатпайды ауасын.<br>Аралап орман арасын,<br>Көрсең де қашан, қай түні,<br>Түспейді аттан бұл кісі.<br>Айтатын сөзі әйгілі:<br>Шырылдатып шыбығын,<br>-Қалың ну-халық саулығы!<br>Аңыратпайды ағашын.<br>Көк орман-Отан байлығы!<br>Әңгімелесу. Ағаш дегеніміз не? (Тамыры, бір діңі және жапырағы бар өсімдік).<br>- Дұрыс! Бұта дегеніміз не? (Тамыры, сабағы мен жапырағы көп өсімдік).<br>Тәрбиеші өсімдік бөліктерінің схемаларын (ағаш) қояды. Оларда не бейнеленген? (Ағаш пен бұта).<br>- Осы схемаларға сәйкес ағаштар мен бұталардың бір-біріне ұқсастығын және айырмашылығын көруге болады.<br>- Ағаштар мен бұталардың ұқсастығы неде? (Ағаштар мен бұталардың тамырлары мен жапырақтары бар.<br>-Ал, ағаш пен бұтаның айырмашылығы неде? (Ағаштың бір діңі, бұтаның сабағы көп).<br>Педагог балаларға кесілген суреттерді - ағаш пен бұтаның схемаларын береді.<br>-Ағаштың барлық бөліктерін ретімен орналастырайық.<br>- Ағаштың тамыры қайда жасырынады? Бұта? (Жерде).<br>-Түбірден кейін қай бөлік шығады? (Діңі). Діңнен кейін? (Сабақ). Сабақтан? (Жапырақтары). | жатады?<br>3.Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге?<br>4.Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?<br>5.Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма?<br>Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.<br>Балаларға тапсырма: «Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу.<br><br>Еңбек: алаңшаны тазалап, түтікті су құбырына біріктіріп, шөптерге су құю.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу. Табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу.<br><br>"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше | білімдерін молайту.<br>- Жер бетінде адамға өмір сыйлайтын, шипалы қасиетке толы алуан түрлі өсімдіктер өседі. Ағаштардың шөптердің, гүлдердің, бұталардың әрқайсысының орны әр бөлек. Олардың өздеріне тән қасиеттері бар. Ағаштар ең қажетті оттегін бөліп, ауаны тазартады. Өмірде тұрмысқа қажетті көптеген заттар жасалады. Өсімдіктердің ішінде шөптерге, гүлдерге, бұталарға тоқталсақ, олардың түрі біздің елімізде өте көп. Олардың емдік қасиеттері ертеден белгілі. Осындай өсімдіктер біздің балабақша ауласында да кездеседі.<br>Балаларға сұрақтар<br>• Біздің балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?<br>• Қандай гүлдер өседі?<br>• Қандай бұталар бар?<br>• Ағаштар мен бұталардың қандай айырмашылықтары бар?<br><br>Еңбек: ағаштар түбін қопсыту.<br>Мақсаты: ағаштарға күтім жасау, еңбекке баулу.<br><br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, | судың жақсы өтуіне жол бермейді, сондықтан дымқыл шымтезекпен жүрсеңіз, аяқ киіміңізге жабысып қалады. Сондықтан мұндай жолдармен жүру қажет емес. Шымтезек тыңайтқыш ретінде бақшаға және ағаштардың астына қосылады.<br><br>Алаңқайдың қай жерлері тез кебетіні жөнінде балаларға түсінік беру: құмды жер ме, әлде сазды жер ме. Сазды жерлерге су көп сіңеді, сондықтан көпке дейін кеппейді, ал құмды жер суды өткізеді, сондықтан тез кебеді. Қай жерде өскін тез өседі соны бақылату, соны көре білу.<br>Болжам<br>-Сәуірдің суы болса, көк көп болар,<br>-Жайылымда сәуірде су болса-мая-мая шөп болар.<br><br>Мақал-мәтел<br>-Мал баққандікі, жер баптағандікі.<br><br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге жиналып, көздерін жұмады. Педагог бір баланы білдіртпей таңдап, оны «қу түлкі» етеді. Балалар «Қу түлкі, сен қайдасың?» деп үш рет сұрайды. Соңында «қу түлкі» өзін білдіріп, балалар одан қашады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады.<br>Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br><br>"Көгөністерді ата" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттер: көгөністердің аттарын бекіту және допты ұстау.<br><br>Жеке жұмыс<br>Жүгіру техникасын жетілдіру | Еңбек: ағаштардың діңгектерін (жерін, топырағын) қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: қопсытудың өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.<br><br>"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында «тауық қора», ал қарама-қарсы бетінде «түлкінің іні» белгіленеді. Бір бала – түлкі, қалғандары – тауықтар мен балапандар.<br>Жүргізуші: «Тауықтар, жем шаштым!» дегенде, тауықтар алаңда еркін қозғалып, жем шоқиды.<br>«Түлкі!» деген белгі берілгенде, түлкі інінен шығып, тауықтарды қуады. Тауықтар қораға қашып үлгеруі керек.<br>Түлкі қолмен тигізген баланы ұстап алады. Қора сызығынан өткендерді ұстай алмайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанып, түлкі әр жолы қайта таңдалады.<br><br>Жеке жұмыс. Ағаштар туралы әңгіме құрастыру. | ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br><br>Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.<br>(дене тәрбиесі)<br><br>"Резеңке" аула ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіру қабілеттерін жетілдіру; жылдамдыққа, күштілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құралы: Ұзындығы шамамен 2 м резеңке таспа (ұштары байланған).<br>Ойын барысы:Екі ойыншы | достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br><br>"Допты жерге соғу" жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: допты оң және сол қолмен 10 реттен үздіксіз жерге соғу. Шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Мақал-мәтелдер:<br>• Гүл-араға, бал-балаға.<br>• Дана көптен, дәрі шөптен.<br>• Құнарлы шөп, қосымша сүт.<br>Еркін ойын. | «Қу түлкі» кімге қолын тигізсе, сол ойыннан шығады. Ойын осылай жалғасады.<br><br>«Қояндар мен иттер» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: допты нысанаға лақтыру қабілетін бекіту.<br><br>Еңбек:топырақты құнарландыру.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды өсімдіктерді дұрыс және ұқыпты құнарландыруға үйрету; белгілі мөлшерде нәрлі ерітінділерді құю. Еңбек ету біліктіліктерін тәрбиелеу.<br><br>Тәжірибе: «Топырақтағы ауаны анықтау».<br>Мақсат-міндеттер: Бақшадағы саз бен топырақтың қасиетін анықтау. (саз бен топырақтың бір-бір кесегін суға салу;топырақта көпіршіктер пайда болады, ал сазда ештеңе болмайды)<br>Қорытынды. Саз қатты тас сияқты онда ауа аз, ал топырақ тығыз емес, сондықтан өсімдік өсу үшін онда ауа бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (жеңілдік, жылдамдық, тізе бүгу).<br>Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту.<br>Еркін ойындар. | Мақсат-міндеттер: балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдерін дамыту.<br><br>Мақал-мәтелдер:<br>Ағаш та ылғалды жерде көгереді.<br><br>"Кім ағашқа бұрын жетеді?" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: берілген белгі бойынша тез жүгіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. | резеңкені тобық деңгейінде керіп ұстайды, үшінші ойыншы секіреді. Секіру кезінде әртүрлі қимылдар (фигуралар) орындалады және оларды дұрыс қайталау керек.<br>Қате жіберген ойыншы резеңкені ұстап тұрған ойыншымен орын ауыстырады.<br>Ойынды 2–3 адаммен немесе топпен ойнауға болады.<br><br>Халық болжамы:<br>•өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;<br>•өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;<br>•бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. | | |
| **Кешкі ас** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br>Міндеттер. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>(шығармашылық іс-әрекет, музыка)<br>Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br><br>Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Үйге қайту Ата-анаға кеңес** | Ата-аналарға кеңестер: «Диқаншы еңбегінің маңызы туралы балаға қалай түсіндіруге болады?», Еңбек адамдары туралы әңгімелер арқылы тәрбиелеу», «Баланың болашақ мамандық туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру». | | | | |

**10.08.2026 ж. - 14.08.2026 ж. «Мен және қоршаған орта»**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | Менің нәзік достарым | Менің адал достарым | «Саясында бау-бақтың...» | Ханталапай | Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл! |
| **Балаларды далада қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту. | | | | |
| | Дидактикалық ойын «Қателесіп қалма?».<br>(таным іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.<br>Оянамыз, амандасамыз, жуынамыз, тіс тазалаймыз, таранамыз.<br>Дұрыс,- дейді тәрбиеші. – Бірақ ойын кезінде мен текше берген бала ғана жауап береді және тек бір әрекетті ғана айтады. Әрекетті атаған соң ол текшені өзге ойыншыға береді. Тәрбиеші күннің түрлі уақытын айтады, ал балалар жауап береді.<br><br>Санамақ айту жаттығуы.<br>(қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу.<br>М. Қуанышбеков "Санамақ".<br>Екі көз бен қос құлақ<br>Бір бас пенен бір мұрын<br>Нешеу болды қос шырақ,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Екі аяқ пен екі қол,<br>Бір ауыз бен бір тілің.<br>Нешеу болды, қане, бол,<br>Санап шығар кім бұрын?!<br>Сұқ саусағым суға барды | «Осы өлеңдер есіңде ме?» дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Тәрбиеші балаларға таныс өлеңдерден үзінділер оқиды. Балалар жетіспейтін сөздер айту керек.<br><br>Қимылды ойын «Түрлі-түсті көліктер»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын дамыту.<br>Балалар бөлменің қабырғасының жаңында тұрады. Олар -гараждағы көліктер. Әр ойнаушы қолдарына жалау немесе картоннан жасалған түрлі-түсті диск ұстап жүреді.Тәрбиеші бөлменің ортасында тұрып, ойынаушыларға қарап тұрады, оның қолында 1 жалауша /2 немесе 3 бірге/, біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, | "Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың құбылыстар туралы білімдерін бекіту; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.<br>Ойын барысы. Тәрбиеші кез-келген маусымға тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың, жыл мезгілінің атауын табуға міндетті.<br>Балаларды өз жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, сонымен қатар құбылыс қандай себеппен болғанын түсіндіруге шақыру керек.<br><br>Қимылды ойын: «Етек - етек»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: Балалар ішінен біреуі құс болады.<br>Ал, басқалары бірінің етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді.<br>Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды. Ол бала ойыннан шығарылады.<br>Ал, ұстаңдар етектен,<br>Айырылмаңдар жетектен,<br>Біз шөжелер боламыз, | «Бес тас» ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ойыншылардың бұлшық еттерін ширатып, дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйрету.<br>«Бес тас» ойынының шарттары: Бестас ойыны 5 адам топ құрап ойнайды. Ойынға 5 домалақ тас немесе асық пайдаланылады.<br>Ойынның мазмұны: Ойнаушылар ең алдымен, кім - кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Ол үшін ойыншылар кезекпен бес тасты тобымен жоғары лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады осы тәсілді бес рет қайталайды соңында алақанмен қаршып ұстайды. Қаршып ұстау дегеніміз –тасты қолды еңкейте жоғарыдан төмен қарай қағып алу. Лақтырылған бес тасты қолдың сыртымен тосып алу және қаршып алу кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі мүмкін. Кім көп тас қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне ие болады.<br><br>Көркемсөзді оқу жыттығуы<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>"Иірмекіл" (К. Құныпияұлы)<br>Асығың түссе алшыдан –<br>Несібе күт аңшыдан.<br>Биік ұшып бүркітің, | Дидактикалық ойын «Гүл шоғын құрастыр».<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету.<br>Ойынның барысы. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету.<br>Ойынның барысы.<br>Тәрбиеші балалармен орманға, баққа, шағын далаға «экскурсия» жүргізіледі. Онда балаларды түрлі гүлдермен таныстырады. Бағбанның, көбелектің, Дәрігер Айболиттің суреттері қойылды. Бағбан бақтан, көбелек шағын даладан, ал Дәрігер Айболит орманнан гүл жинауды (өйткені олардың дәрілік қасиеттері бар) өтінеді. Гүлдердің суреттері араластырылады да, балаларға үлестіріліп беріледі. Олар кейіпкерлерге кезекпен келіп өз гүлдерін ұсынады. Тәрбиеші мен балалар сыйлықтарға баға береді.<br><br>"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>Ойынның шарты:<br>Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ортаң қолым орақ орды.<br>Аты жоғым ағаш жарды,<br>Жұмсамапты алақаным,<br>Тек шынашақ - балапанын.<br><br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. | бұрылып, гаражға барады.<br>Ойын 4-6 рет қайталанады.<br>Ұсыныс: тәрбиешіде қызыл түсті жалау болуы мүмкін. Байқаусызда ол жалауды көтереді- белгі бойынша барлық көліктер тоқталуы қажет. | Алдымызда анамыз.<br>Кім айырылса етектен,<br>Шығып қалса жетектен,<br>Соны ұстайды каракұс,<br>Сол болады құсқа жем,<br>Ұрынады қатерге,<br>Ана сөзін екі еткен. | Құс іледі қаршығаң.<br><br>Асығың түссе тәйкеден –<br>Жоғарылар мәртебең.<br>Алдына қара салдырмай,<br>Атың келер бәйгеден.<br><br>Асығың түссе бүгінен –<br>Көш түзелер жүгімен.<br>Нұрлы ертеңің туралы<br>Түс көресің түнімен.<br><br>Асығың түссе шігінен –<br>Қуаныш болар шынымен.<br>Жақсы көрер жандарың<br>Қарсы алады гүлімен.<br><br>Асығың түссе омпадан –<br>Жасайсың сен оң қадам.<br>Аталарың асықпен<br>Ертеңді өстіп болжаған! | береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар. Осы асық «хан» болады. Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді. Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.<br>Керекті құралдар: асықтар. |
| | Еңбек: аланды тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: құрғақ шөпті, бұталардың жанындағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық еңбекке баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: күркелер мен жолдарды сумен себу.<br>Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануғамашықтандыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: ойын алаңын сыпыру.<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыста тәртіпті сақтауға машықтандыру.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: өсімдіктер мен жапырақтарды қолөнер мен гербарийлерге жинауу<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін бекіту; еңбекке саналылықпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| **Таңғы гимнастика** | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені (таяқшалармен).<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қою; 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - көкірек тұсына қою ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша алға созылған қолдарда. 1 - оң жаққа бұрылу; 2 - Б.қ.; 3 - сол жаққа бұрылу; 4 - Б.қ. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау жоғарыда. 1 - оң жаққа еңкею; 2 - Б.қ.; 3 - сол жаққа еңкею; 4 - Б.қ. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде, қолдармен ұштарынан ұстау. 1-2 - таяқшаны жоғары көтеру, артқа қарай айналдыру, артта қалдыру; 3-4 - бастапқы қалыпқа келтіру. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау, таяқша алға; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>7. Тыныс жаттығуларын орындау. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Таңғы асқа дайындық** | (қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. | | | | |
| **Таңғы ас** | Көркем сөз<br>Кел, балалар келіңдер,<br>Асты дәмді көріңдер.<br>Міне кесе, міне қасық,<br>Тосып тұр, сені асың.<br>Нан қосып же тоясың,<br>Тәбетің де оянсын,<br>Тойып алған балақай,<br>Асыр салып ойнасын.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Ас ішуге тұрайық,<br>Қолымызды жуайық.<br>Сабын, суды аямай,<br>Тазалықты ұғайық.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Түс уақыты келгенде,<br>Дастарханға жайғастық.<br>Тамақ ішу әдебін,<br>Ішімізден ойластық.<br>Аяғымыз орнында,<br>Сөйлемейміз бәріміз.<br>Тамақ ішіп болған соң,<br>Жинасамыз тағы біз.<br>Тамақтану тәртібін,<br>Есте сақтап алыңыз.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Ей балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Гүлдер, оларға қамқорлық жасау туралы әңгімелесу, шығарма оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Түрлі-түсті қағаздан гүлдер жасау (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Квиллинг әдісін қолдануға баулу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>Ұжымдық шығармашылық жұмыс: дайын және жасалған гүлдерді жолаққа орналастырып жапсыру, ауладағы өз тобының ойын алаңын безендіру (шығармашылық іс-әрекет)<br><br>«Гүлге оранған ханзада мен ханшайым» байқауын өткізу (ән айту, би билеу) (шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар "Шеңберге бірге тұрайық" Мақсат-міндеттер: Балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден аттап жүру; бағытсыз ирелеңдеп жүгіру; жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүру дағдыларын дамыту; педагогтың тапсырмаларын орындай отырып, жүру және жүгіру кезінде сапта тұрып бір қатардан үш қатар құру іскерліктерін жетілдіру. | Ит, мысық, балықтар немесе үй жануарлары туралы шығарма оқып беру, оқылған шығарманы талдау (қосымша ресурс: https://bilimkids.kz/kk/videos/6 ); (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Шығармашылық шеберханасы: сурет салудың дәстүрден тыс түрі жүннен, мақтадан, түймелерден және т.б. өзінің достарының бейнесін қағазға жапсырып жасау. (шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Сүйікті достарына арнап тілектерін айтқызу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар Төкен Айдарханов "Жанашыр" Мақсат-міндеттер: Балаларды шығарма мазмұнының мағынасына байланысты интонациямен мазмұндауға үйрету; кейіпкерлерге және олардың іс- әрекеттеріне өз ойын айта білу; өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын дамыту; өзгеге жанашырлық танытып, қамқор болуға, адамгершілікке тәрбиелеу.<br><br>Музыкадан ойын-жаттығулар "Қасиетті домбыра" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында | «Саясында бау-бақтың...» Қоршаған орта туралы сұрақ-жауап ұйымдастыру;<br>- отбасылық биден әзірленген челлендж материалдарын қарау;<br>- балаларды өздері таңдаған әуендеріне билету. (шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Қызықты дала ойындары" Мақсат-міндеттер: Балалардың салауатты өмір салтын, ойындарға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін, есте сақтау қабілетін, балалардың қиялын дамытуға ықпал ету;ептілік, икемділік, жылдамдық қасиеттерін жақсарту.<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар "Сиқырлы жіп орамдары" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс - сиқырлы жіп және жіптік аппликация техникасымен таныстыруды үйрету; образды көру мен қабылдау дағдысын қалыптастыру; саусақ моторикасын жақсарту, қол бұлшықеттерін нығайту; есте сақтауды жаттықтыру, зейіндерін тұрақтандыру; қиялдарын, көру қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. | Ұлттық ойындар туралы шығарма, өлең оқып беру (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Асықтарды дайын бояулармен бояу, безендіру. (шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Ұлттық қимылды ойындардан сайыс ұйымдастыру. (дене тәрбиесі)<br><br>Жапсырудан ойын-жаттығулар "Балабақшаға жаз келді" Мақсат-міндеттер: Балаларға әр түрлі техникалар мен материалдарды қолдана отырып, қағаз және қағаз майлықтардан жаз тақырыбына композиция жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Шыдамдылыққа, табандылыққа және еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Мамандық түрлері олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түрлі мамандық туралы өлең оқып беру және оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру.<br><br>Мамандықтар туралы еркін тақырыпта сурет салу, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Тіл дамытудан ойын-жаттығулар «Жеке тәжірибеден шығармашылық әңгіме құрастыру» тақырыбы «Мен жазда қалай демалдым» Мақсат-міндеттер: Тірек суреттерді қолдана отырып, балаларды жеке тәжірибесінен әңгімелер құрастыруға үйрету, сөйлемдегі сөздерді дұрыс үйлестіру қабілетін байланыстра сөйлеу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |
| **Серуен** | Жолжелкенді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.<br>Тәрбиеші әңгімесі<br>- Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек | Құмырсқаны бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Қатар - қатар қара нар,<br>Аспанменен бара бар,<br>Алды биік, арты жар.<br>/Құмырсқа/.<br>Көркем сөз<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай, ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр боп,<br>Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық көрмедім<br>Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын. | Итті бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: ит туралы білімдерін бекіту, оның сипаттамалары, қоршаған ортаға бейімделу жолдары; қолға үйретілгендер үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Күшігім менің үріп тұр,<br>Бір нәрсені сезіп тұр.<br>Есікті ашып қарасам,<br>Атам, әжем келіп тұр.<br>Педагог балаларға сұрақтар қояды.<br>- Неліктен ит үй жануары дейді?<br>- Ит қандай?<br>- Ол не жейді?<br>- Иттердің қандай тұқымдарын білесіз?<br>- Иттің баласын қалай атайды?<br>- Иттер адамдарға қандай пайда әкеледі?<br>- Иттер қыста қалай | Күнбағысты бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: күнбағыспен таныстыру, оның құрылымын бөлшектеу, пайдасы туралы әңгімелеу, дәрілік өсімдіктерге деген құрметті тәрбиелеу.<br>Жұмбақ жасыру<br>Күнді аңдып шалқалап,<br>Гүлмен жапқан қалқалап,<br>Бақшада өскен теректің<br>Дәндерінен май тамар,<br>Шағып жеген нәр табар.<br>(Күнбағыс)<br>-Жұмбақта қандай гүл туралы айтылған? Неге күнбағысты күнмен салыстырылады?<br>Өсімдік бөліктерін атау.<br>Күнбағыстың тұқымын қарау – шағулары (дәнін қорғайтын қабығы қалың, ақ дән жерден өсіп шығады).<br>«Жердің алтын жемісі» деп неге айтатынын түсіндіріп берулерін сұрау.<br><br>Дидактикалық ойын: «Не, қай | Ересектердің жұмысын бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту. Олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы:<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.<br>- Аула сыпырушыға жазда қандай еңбек құралдары керек? (күрек,сыпырғыш, шелек)<br>- Ол жазда қандай жұмыс істейді? (жолдағы түскен жапырақтарды, қоқсықтарды тазалайды)<br>- Аула сыпырушының еңбегі қажет пе? (Балабақша ауласы таза болуы үшін керек).<br><br>Дидактикалық ойын: «Кімге, не керек?»<br>Мақсат-міндеттер: балаларға адамдарға жұмыс құралдары қажет екенін түсіндіру, өздігінен жұмыс істеуге деген құштарлықты қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды.<br>Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы)<br>- Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар)<br>- Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>- Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)<br>- Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? (жолжелкен)<br>- Оны неге олай атаған?<br>- Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br><br>Зерттеу жұмысы<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.<br>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br><br>Еңбек: ойын алаңын тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе | Неге?<br>Айтсақ дұрысын:<br>Демей ұсақ, ірісің,<br>Бірі істейді бәрі үші,<br>Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али)<br><br>Еңбек: алаңдағы жерді қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындау тәртібіне баулу.<br><br>"Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.<br>Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.<br>- Ақ серек, көк серек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.<br>Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.<br>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына | дайындалады?<br>Ит үй жануары, жеті қазынаның бірі. Ит иесін көргенде қуанады, құйрығын бұлғаңдатып, артқы аяғына тұрады. Адам итті жібінен ұстап далаға қыдыртады. Даладан келгеннен кейін аяқтарын жуады.<br>Ауырып қалса мал дәрігеріне көрсетеді. Ит ет, балық, құс етін және құрғақ жем жейді. Иттің сүйікті тамағы, ол сүйек. ИТ – адамның досы. Үй иесі қыдырып кеткенде ит үйді күзетіп қалады, және үй жануарларын бағуға да үй иесіне көмектеседі екен. Балалар ит адамның досы, оны жәбірлеп ұруға болмайды. Ол біздің, үйімізді, ауламызды күзетеді. Ал, енді мен сендерге күшіктің анасы иттің ерлігі туралы ертегі айтып берейін.<br><br>Еңбек: қайың ағашының жанын тазарту.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өз еркімен еңбек етуге үйрету, еңбекке деген құлшынысын ояту.<br><br>"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре | жерде өседі?»<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ормандар мен шалғындардағы өсімдіктер туралы білімдерін бекіту.<br><br>Еңбек: табиғи материал жинау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br><br>"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Шолпан атты қыз керек.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны.<br>«Бөрік-телпек»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балалардың затты (доптар немесе қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын | Еңбек: ауланы сыпыру, тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: аула сыпырушыға тротуарды тазалауға көмектесу.<br><br>«Аю апанында» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірін бірі итермей жүгіре алуға жаттықтыру.<br>Шығарылатын материалдар: Күрекшелер,сыпырғыштар,шаналар.<br><br>"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.<br>Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі.<br>Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады.<br>Осылай болмаған жағдайда, асық ату, бәрі ұшып болған соң, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>"Тығылмақ" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br><br>Мақал-мәтел<br>Дана көптен, дәрі шөптен.<br>Құнарлы шөп, қосымша сүт.<br><br>"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Еркін ойындар. | қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.<br>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.<br><br>"Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.<br><br>Жеке жұмыс: баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру.<br>Мақсат-міндеттер: төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу<br><br>Еркін спорттық ойындар. Футбол.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. | білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.<br>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br><br>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Қауіпсіздікті ескеру.<br><br>«Асық ату» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға асық атуға, дұрыс сөйлеуге, | қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.<br><br>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс: орнынан секіру.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін дамыту, жылдамдықпен күш біріктіру.<br>Еркін ойын. | бастапқы кезек бойынша жалғасады.<br>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.<br>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алып өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.<br>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғанда ғана - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.<br>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.<br>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі.<br>Еркін ойын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дұрыс ойнауға үйрету.<br>Ептілікке баули отырып, ұлттық тәрбие беру.<br>Балалар асықты бір қатар бойына тігіп, соны өз сақаларымен дәлдеп атады. Кім көп асық атып алады сол бала жеңімпаз атанады.<br>Ойынды 3-4 рет қайталау.<br>Жеке жұмыс: қимылдарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттер: секіру кезінде жақсы ұшу және жұмсақ қону дағдыларын бекіту. | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Түскі асқа дайындық** | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу | Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Тамақтану кезінде балаларға ескерту:<br>ұқыпты ішу, тамақпен | Гигиеналық дағдылар<br>Үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау кезінде және гигиеналық рәсімдерді | Гигиеналық дағдылар<br>Үстелді жабдықтау, тамақ қабылдау және гигиеналық процедураларды жүргізу | Гигиеналық дағдылар<br>Балалардың назарын тағамға аудару;<br>тамақтану мәдениеті бойынша | Гигиеналық дағдылар<br>Қолды жуу ережелерін бекіту;<br>тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу.<br>Көркем сөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын! | жүргізу кезінде өзіне-өзі қызмет<br>көрсету дағдыларын бекіту.<br>Көркем сөз<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамызда қаламыз.<br>Қиынсынып қашпаймыз,<br>Шынығамыз жастай біз.<br>Көңілді әуен сазымен,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін. | кезінде өзіне-өзі қызмет көрсету<br>дағдыларын бекіту.<br>Көркем сөз<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | баламен жеке жұмыс; этикет ережесі.<br><br>Көркем сөз<br>Тағы міне, таң атты,<br>Дайын дәмді тағамдар.<br>Үлпілдеген тиінге,<br>Жарып берем жаңғақты.<br>Қою сүтті беремін,<br>Мысық пенен күшікке.<br>Түлкіге қою айран,<br>Тышқанға дәндер салам.<br>Ақ қоянға тәтті нан,<br>Тосап беремін араға.<br>Таңғы ботқа береміз,<br>Бақшадағы балаға. | <br>Көркем сөз<br>Су ағызып шүмектен,<br>Беті қолды жуамын.<br>Мойын, мұрын, құлақты,<br>Тазалатып тұрамын! |
| **Күндізгі ұйқы** | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау.<br>Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тыңдату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Біртіндеп ұйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).<br>Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды;<br>(гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады)<br>Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін асқа дайындық. Бесін ас** | Мақсаттары:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу,<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | "Жеуге жарамды - жеуге жарамсыз" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер:<br>Жүргізуші бір уақытта әртүрлі заттарды атай отырып, ойын қатысушыларына доп лақтырады. Егер аталған зат жеуге жарамды болса, допты ұстап алу керек, ал керісінше болса, соққы беру керек.<br><br>Аула ойыны: "Шатасу". | "Сақина жасыру" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.<br>Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын | "Резеңке" аула ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіру қабілеттерін жетілдіру; жылдамдыққа, күштілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құралы: Ұзындығы шамамен 2 м резеңке таспа (ұштары байланған).<br>Ойын барысы:Екі ойыншы резеңкені тобық деңгейінде керіп ұстайды, үшінші ойыншы секіреді. Секіру кезінде әртүрлі қимылдар | "Көрші" ұлттық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды зейінділікке, ұйымшылдыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.<br>Көрші ойынын үлкен бөлмеде, көгалды таза ауада өткізуге болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек.<br>Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады.<br>Тағы бір адам ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, "Көршіңмен | "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс.<br>Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді.<br>Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көшбасшы таңдалады және қалған ойыншыларға теріс қарап тұрады. Қалған ойыншылар шеңберге тұрып, қол ұстасып тұрады. Осыдан кейін олар қолдарын үзбей, мүмкіндігінше шатасуға тырысады. Ойыншылар жеткілікті түрде шатасқан кезде, бұл туралы көшьасшыға хабарлайды. Көшбасшы шатасып қалған ойыншыларды ашуға тырысады. Алғашқы шешілген ойыншы келесі турда көшбасшы болады.<br><br>"Домалақ ақаш" қозғалмалы қазақ халық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда ептілікті дамыту, допты нысанаға дәл тигізе білуді жетілдіру.<br>Алаңда кішкене шұңқыр қазылған. Оның қасында қолында таяғы (сойылын) ұстаған ойыншы, ал екіншісі допты таяқшамен (сойылмен) тесікке айдайды. Шұңқырдың "күзетшісі" оны шұңқырдан аулақ ұстауға тырысады. Ойын доп тесікке қарай домалағанша жалғасады. Осыдан кейін рөлдер өзгереді. | жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.<br><br>"Мен бес атау білемін" аула ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, жаңғырту, сөйлеу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу; сөздік қорын байыту.<br>Екі ойыншы бір-біріне допты «Мен», «мен білемін», «бес», «есімдер», «ұлдар» сөздерімен лақтырады (қыздар, қалалардың аттары, жануарлар, гүлдер және т.б.). Сол уақытта допқа ие болған ойыншы қолайлы есімдерді айта бастайды: «Алижан», ал екінші ойыншы: «бір»; «Алібек» - «екі»; «Мансур» - «үш»; «Еламан» - «төрт»; «Мақсат» - «бес». Ал ойын қайта басталады. | (фигуралар) орындалады және оларды дұрыс қайталау керек.<br>Қате жіберген ойыншы резеңкені ұстап тұрған ойыншымен орын ауыстырады.<br>Ойынды 2–3 адаммен немесе топпен ойнауға болады.<br><br>"Соқыр теке" ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; кеңістікті бағдарлай білуді, жалтарып жүгіре білуге дағдыландыру, достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.<br>Балалар:<br>- Бота, бұзау, қозы, лақ<br>Қайда кеткен құлыншақ<br>Соқыртеке бақ-бақ<br>Мені ізден тап-тап<br>Деп тақпақтайды.<br>Содан кейін Соқыр теке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді. | татусың ба?" —деп сұрайды.<br>Егер сұрақ қойған жұптың біреуі "Көршіммен аразбын" десе, онда сұрақ қоюшы адам оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрған адам ортаға шығып басқа бір жұптан ілгерідегідей "Көршіңмен татусың ба?" деп сұрап, ойынды соза береді.<br>Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған серігін жібергісі келмеді онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды. Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгімеден, поэмадан үзінді айтып береді. Осылай етіп, ол көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп ойынды қайтадан бастайды.<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>"Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; балалардың күш-жігерін, шапшаңдығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу. | жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз.<br>Бұл ойынның тағы бір нұсқасы бар. Тақияны өзінде екенін сезген бала тақияны тастаған жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына келіп отыруға тырысады. Егер бала жүргізушіні ұстай алмаса айыбын өтейді. Ал, қуып жетіп алса, ойынға жүргізуші сол бала болады.<br><br>"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық ойыны (жұптар айтысы).<br>Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту.<br>Құралдар: қамшы; доп немесе; немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).<br>- Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек.<br>Егер білмеген балалар болса, оларға білген бала көмегі беріп, айтысты жалғастырады.<br><br>«Дәрігер», «Мейрамхана», «Ұшақта» сюжетті-рөлдік ойындары.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мақсат-міндеттер. |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |
| **Серуен** | Желді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жел туралы түсініктерді тиянақтау; іздемпаздыққа баулу.<br>Желдің түрлерімен таныстыру.<br>Жел дегеніміз не?<br>Жел қандай болады?<br>Жел қалай пайда болады?<br>Жел не үшін қажет?<br>Жел бізге керек пе, жоқ па?<br>Желді көрмесек қалай сеземіз?<br>Оңтүстік, солтүстік қайда, батыс пен шығыс ше?<br>Жел қай жақтан соғып тұр?<br><br>Дидактикалық ойын: «Желдей соқ».<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: дауыстың мықтылығын, мұрын арқылы тыныс алу, у дыбысының айтылуымен ауыз арқылы дем шығару қабілеттерін пысықтау.<br><br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті | Бақылау: "Гүлденген бұта гүлдерін сақтау".<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Балалардың өсімдіктер туралы білімдерін, сыйластықтарын дамыту.<br>Бақылау. Біреу гүлді жұлып алып, оны лақтырды.<br>- Солай істеуге бола ма ? Неліктен?<br>- Қандай гүлдер ұзаққа созылады: жұлынған ба, әлде өсіруге қалдырылған гүлдер ме?<br>Табылған гүлді үстелге қойып, серуендеудің соңында қарап көрейік.<br>- Гүлге не болды? Қурап, ал гүлзардағы гүл өсіп тұр.<br>- Гүл деген не?<br>- Гүл қандай болады?<br>- Ол қайда өседі?<br>- Гүлдің қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Гүлдің пайдасы бар ма?<br>Көркем сөз<br>Гүл өсір сен бағыңда,<br>Тұрсын көздің жауын ап.<br>Бүршік жарған шағында,<br>Үзе көрме жұлып ап.<br><br>"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | Бақшадағы көкөністерді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: танымдық белсенділікті арттыру, бақылауларға деген қызығушылықты арттыру.<br>Бақылау барысы<br>Педагог балаларға жұмбақтар жасайды, сұрақтарға жауап беруді ұсынады.<br>Әр желінің асты толған көк қоян,<br>Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.<br>(қияр)<br>Ашулы қонақ бұл анық,<br>Тоңып шешсе, жыладық.<br>(Пияз)<br>- Біздің бақшада қандай көкөністер өседі?<br>- Сіз бақшадағы тәрбиешілермен бірге қандай жұмыс жасадыңыз?<br>-Бағда ересектер не істеп жатыр?<br>Танымдық және зерттеушілік іс-шаралар: көкөніс бақшасын арамшөптермен тазарту кезінде біз әрдайым кішкене бөлігін дақылдармен қалдырдық. Біз не көрдік (шөп көп). Өсімдіктерге не болды? (арықтау және нашар өсу)<br><br>«Мейірлене айт» дидактикалық ойыны. | Ағаштарды бақылау(қайың, терек, үйеңкі)<br>Жеміс ағаштарымен салыстыру(алма).<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Бөлімшеде өсіп тұрған ағаштарды ажыратуға және атын атауға үйрету(жапырағы,түбірі, тұқымы бойынша); жазда ашық жасылды бұтақтардың көбейгеніне көңіл аудару керек, көлеңке түседі, сондықтан ыстық күндерде орманда салқын; Ағашты ұрығымен салыстыруға үйрету(мысалы, алма бағымен), бала бақшаның территориясында өсіп тұрған, айырмашылығын атасақ жемісі бар. Бұтақтың иілуіне қарай,ағаштағы жапырақтар бояуы мен түрлерінің әр түрлілігін салыстыру кезінде көрсету керек.Туған өлкесінің табиғатына сүйіспеншілік танытуға тәрбиелеу.<br>Жұмбақтар<br>Жазда жатсаң – көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң – жаның рахат табады. (Ағаш)<br>Жазда тұрып жоғары, күзде жерге қонады.<br>(Жапырақ)<br>Мақал-мәтел<br>Бұтаға паналаған торғай да аман қалады.<br>Көркем сөз<br>«Көбейсін жасыл көшелер» М. | Ауа-райын бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ауа -райына жүйелі түрде қадағалау жасау; маусымның сипатты белгісіне көңіл аударып және біріктіру; барлық жан жануарлардың белсенді өміріне, өсімдіктердің өсуіне және жарығына, жылудың төгілуіне байланысты орнату.<br>Маусым -жаз басы, алмалар гүлдеп болады, күннің төгілуі,ылғалдар - өсімдіктің толқынды өсуімен, құрт- құмырсқалардың, құстардың келуімен байланысты; 22-маусым ең ұзақ күн, ең қысқа түн екенін атап өткен жөн.<br>Шілде - ең ыстық уақыт; күндізгі күннің ыстығы түн суығына ие болады да, жиі күн күркіреу, жаңбыр болады.<br>Тамыз - күні ыстық, түні суық, температура азаяды. Суыту алғашқы қатуға әкеледі.<br>Балаларға жаз табиғатының өзгерісі жөніндегі білімін нығайту.<br>Жаңылтпаш<br>Жаңбыр жауып келеді қар аралас,<br>Бір топ қатын келеді шал аралас.<br>Тауға қайың біteді тал аралас,<br>Бір топ сиыр келеді тана аралас.<br>Көркем сөз<br>«Жазғы шілде» І. Жансүгіров<br>Ой, балалар, балалар,<br>Шілдем,шілдем, шілде – айым,<br>Шырқап торғай күн сайын,<br>Жапырақтар жалпайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалардың бірі «қасқыр», қалғандары «аққу-қаздар» болады. «Құсшы» құстарды «жем жеуге» жіберіп, олармен қысқа диалог жүргізеді. Белгі берілгенде «аққу-қаздар» өз орындарына қарай жүгіріп ұшады, ал «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады. Ұсталған балалар «қасқырға» қосылады. Ойын барлық «аққу-қаздар» азайып біткенше, ойын жалғасады.<br><br>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.<br><br>Еңбек: гүлдерге су құю.<br>Мақсат-міндеттер: тазалыққа, бірлікке, еңбекқорлыққа баулу.<br>Керекті құралдар: күрек, су, шелек. | Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін.<br>Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс. Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады.<br><br>Еңбек: алаңдағы қоқыстарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>Керекті құралдар: қолғап, тырнауыш.<br><br>"Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: "қақпаға"допті өткізе білуге, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Тәрбиеші балаларды доп (немесе әртүрлі шарлармен) ойнауға шақырады, балалар жиналған жерде сызық жүргізеді. Сызықтан 1-1,5м жерде кішкентай қақпа тұрғызылады. | (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: сөйлеу барысында кішірейтетін - ықылас қосымшасы бар сөздерді қолдану.<br><br>"Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға баулу; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру;<br>шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады.<br>Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.<br>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақ сүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді.<br>Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек.<br>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.<br>Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.<br>Жабдығы: ақ сүйек.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі) | Зайтов<br>Үйеңкі терек қарағай…<br>Бойлай өсті күн сүйіп.<br>Көшемізде жағалай<br><br>Еңбек: ұқсатып жасау үшін мақта, бұтақ, түбірлерді жинау<br>Мақсат-міндеттер: өз бетінше бұтақ, түбірлерді ұқсатып жасау үшін әдетке айналдыруды жалғастыру. Жинақталған материалдарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br><br>Дидактикалық ойын: «Жапырағы бойынша ағашты таны»<br>Мақсат-міндеттер: ағаш туралы білімін нығайту, жапырағы бойынша оларды тануға және ажыратуға үйрету.<br><br>Эксперимент. Екі өсімдікті қадағалау: біріншісін тыңайтқышпен тамақтандыру, екіншісін суғару.<br>Қорытынды. Өсімдіктер өсу үшін тыңайтқыш қажет.<br><br>"Тығылмақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.<br>Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі.<br>Осылай ойын жалғасын таба береді.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі) | Ой, балалар, балалар,<br>Ойналық та, күлелік,<br>Үйретіп тай мінелік.<br><br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар». «Қойшының» көзі байланады. Ол белгілі қашықтықтан «Менің табыным қайда?» деп сұрайды, ал «қойлар» «мә-мә» деп дыбыс беріп, тығылады.<br>«Қойшы» дыбысқа қарап балаларды іздейді. Ұсталған баладан дауысын шығаруды сұрайды. Егер «қойшы» оны дауысынан таныса, сол бала келесі «қойшы» болады. Танымаса, ойын сол «қойшымен» жалғасады.<br><br>«Тату, барлығы бірге» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Алаңның қарама қарсы жағына тепе теңдікті сақтай отырып, бір жолға қозғалуға балаларды үйрету; бір жылдамдықпен бірін бірі қуып жетпей, жүгіруді үйретіп дамыту.<br><br>Еңбек: құмның үстіне құм себу және суару.<br>Мақсат-міндеттер: еңбекке қатысу , еңбекке баулу; бастаған ісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу. | Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу. | Мақсат-міндеттер: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. | аяғына дейін жеткізуге үйрету.<br><br>«Керісінше айт» ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы- суық, ыстық- суық, жарық -қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. |
| **Кешкі ас** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br>Міндеттер. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>(шығармашылық іс-әрекет, музыка)<br>Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br><br>Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы Ата-анаға кеңес** | Ата-аналарға кеңестер: «Жазғы серуендерді тиімді ұйымдастыру жолдары», «Гүлдер әлемімен таныстыру арқылы баланың танымдық қызығушылығын дамыту»; «Отбасылық серуеннің бала дамуына әсері». | | | | |

**17.08.2026 ж. - 21.08.2026 ж. «Өнер көзі халықта»**

<table>
<tr><th>Апта күндері</th><th>Дүйсенбі</th><th>Сейсенбі</th><th>Сәрсенбі</th><th>Бейсенбі</th><th>Жұма</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Күн тәртібі</td><td>Қуыршақ театры</td><td>Сөз асылы шешендік</td><td>Алуан-алуан кейіпкер бар</td><td>«Өнерлі өрге жүзер»</td><td>«Ел іші – өнер кеніші»</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балаларды далада қабылдау</td><td colspan="5">Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту.</td></tr>
<tr><td>"Не жедім, тауып ал" дидактикалық ойыны.<br>(зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: анализатор арқылы затты табу.<br>Ойын әрекеті. Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.<br>Шарты. Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.<br>Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.<br>Ойын барысы.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін таттырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.<br><br>Санамақ айту жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу.<br>Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>"Отбасы"</td><td>Дидактикалық ойын ««Экологиялық пирамида».<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, эколргиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.<br>Ойынның ережелері.<br>«Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады. Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында- «экологиялық пирамида деген жазу бар.<br>Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшенің тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді.<br>Бірінші беті – күн, жер, дәндер, тышқан, жылан, қаршыға.<br>Екінші бетте – күн, жер, гүл, көбелек, шымшық, жапалақ.<br>Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер.<br>Төртінші беті – күн, су</td><td>«Не ұшады?» ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту.<br>Ойын ережелері. Тәрбиеші балалармен шеңберге тұрады. Тәрбиеші ұшатын және ұшпайтын тірі және жансыз заттарды атайды.<br>Зат атағанда тәрбиеші қолын жоғары көтереді. Мысалы, тәрбиеші:<br>«қарға ұшады, үстел ұшады, ұшақ ұшады» және т.с.с.<br>Балалар «ұшатын» зат болса, қолдарын көтереді, «ұшпайтын» болса қолдарын төмгн түсіріп тұрады.<br>Жүргізуші рөліне балалар да тағайындалады. Ойын алдымен баяу қарқын, содан кейін жылдам ойнатылады.<br><br>"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.<br>Бала педагог айтқан бағытты</td><td>«Тап және үндеме» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда сигнал бойынша әрекет ету, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын ережелері. Педагог ойынды бастайды. Ол балаларға ойыншық көрсетеді, балалар оны есінде сақтайды.<br>Педагог барлығын қабырғаға қарап отыруға шақырады, ол ойыншықты тез жасырады және балаларға ойыншықты кім бірінші болып тапса, дауыстап айтпау керектігін, үнсіз саусақпен көрсету керектігін ескертеді. «Іздейміз!» командасы бойынша балалар орнынан тұрып, іздейді.<br><br>Көркемсөзді оқу жаттығуы<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Адырбек Сопыбеков «Сурет салдым»<br>Суретін мен бір адамның,<br>Салайын деп қалам алдым.<br><br>Дөңгелентіп басын салдым,<br>Екі сызып қасын салдым.<br><br>Міне, мынау мұрын болды,<br>Құлақ одан бұрын болды.</td><td>Дидактикалық ойын "Менің ғажайып бұлтым"<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады).<br>Ойын барысы: балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тынышталып, көздерін жұмады.<br>Тапсырма. Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады.<br><br>"Үкі" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; белгі бойынша әрекет етуге тәрбиелеу.<br>Барлық ойыншылар - тышқандар, бір бала (санамақ арқылы таңдалған) - үкі.<br>«Күн» белгісі бойынша</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық, екеуіміз.<br>Бас бармағым - атам,<br>Балаң үйрек - апам,<br>Ортан терек - әкем,<br>Шылдыр шүмек - анам,<br>Кішкентай бөбек - мен.<br>Біз үйде нешеуміз?<br>Біз үйде - бесеуміз.<br><br>"Резеңке" аула ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіру қабілеттерін жетілдіру; жылдамдыққа, күштілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құралы: Ұзындығы шамамен 2 м резеңке таспа (ұштары байланған).<br>Ойын барысы:Екі ойыншы резеңкені тобық деңгейінде керіп ұстайды, үшінші ойыншы секіреді. Секіру кезінде әртүрлі қимылдар (фигуралар) орындалады және оларды дұрыс қайталау керек. Қате жіберген ойыншы резеңкені ұстап тұрған ойыншымен орын ауыстырады.<br>Ойынды 2–3 адаммен немесе топпен ойнауға болады. | тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі.<br>Пирамида құрастырылғаннан кейін тәрбиеші балаларға әр сатының өз маңызы бар екенін айтады.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танита отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру.<br>Санамақ арқылы бір бала «жапалақ» болып таңдалады. Ол «ұясында» жасырынып тұрады, ал қалған балалар «тышқандар» мен «шымшықтар» рөлін орындайды.<br>Жүргізуші «Таң атты!» дегенде балалар алаңға шығып, еркін қозғалады. «Түн батты!» деген белгіде бәрі қозғалысын тоқтатуы тиіс. Қозғалып қойған ойыншыны «жапалақ» ұстап алады.<br>Ұсталған бала келесі «жапалақ» болады. Ойынды қызықтыру үшін екі «жапалақпен» де ойнауға болады. | қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.<br>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам.<br>Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. | Аузын сап ем жаңа енді,<br>Күлімсіреп шыға келді.<br><br>Ең соңынан көзін болдым,<br>Айнымаған өзім болдым. | тышқандар алаң бойымен жүгіріп жүреді.<br>«Түн» деген белгі бойынша барлығы тоқтап, қимылсыз тұрып қалады. Үкі тұрғандарды аралап, қозғалатындарды ұясына апарады. Ойын бірнеше рет қайталанады. |
| | Еңбек: аумақты тазарту.<br>Мақсаты: ақсақалдарға | Еңбек: балаларды гүлзарды жинауға тарту. | Еңбек: гүл бақшасын арамшөптен тазарту. | Еңбек: учаседегі ұжымдық еңбек.<br>Мақсаты: ортақ іске қатысу, істі | Еңбек: егілген өсімдіктерге күтім жасау (суару, қопсыту, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмектесуге деген ұмтылысты дамыту.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Мақсаты: гүл бақшасындағы еңбекпен таныстырып, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Мақсаты: өз жұмысының нәтижесін көруге, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | соңына дейін жеткізуге дағдыландыру.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | арамшөптерден тазарту).<br>Мақсаты: өсімдіктерді күтуге деген құштарлықты тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| **Таңғы гимнастика** | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені (таяқшалармен).<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қою; 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - көкірек тұсына қою ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша алға созылған қолдарда. 1 - оң жаққа бұрылу; 2 - Б.қ.; 3 - сол жаққа бұрылу; 4 - Б.қ. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау жоғарыда. 1 - оң жаққа еңкею; 2 - Б.қ.; 3 - сол жаққа еңкею; 4 - Б.қ. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде, қолдармен ұштарынан ұстау. 1-2 - таяқшаны жоғары көтеру, артқа қарай айналдыру, артта қалдыру; 3-4 - бастапқы қалыпқа келтіру. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>5. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау, таяқша алға; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.<br>6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады.<br>7. Тыныс жаттығуларын орындау. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Таңғы асқа дайындық** | (қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. | | | | |
| **Таңғы ас** | Көркем сөз<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз, | Көркем сөз<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>Өз бетінше және ұқыпты | Көркем сөз<br>Нәйім-нәйім, бауырсақ,<br>Қойға қарай жүгірсек,<br>Қой ішінде көкісек,<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала үй күшік. | Көркем сөз<br>Микробтар қаскүнем,<br>Көрмесем де білемін.<br>Ішер кезде асты мен,<br>Қолды жуып жүремін.<br>Өз бетінше және ұқыпты | Көркем сөз<br>Балаларға – тортымыз,<br>Барлық жұртқа құртымыз.<br>Балмен піскен қауыршақ,<br>Балдай тәтті бауырсақ.<br>Қауын –қарбыз, көкөніс, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тісін берсін қасқырдың.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Нәйім-нәйім бауырсақ,<br>Бауырсақты қуырсақ.<br>Жақсы бала малсақ,<br>Жаман бала ауылсақ.<br>(І.Жансүгіров)<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Қанша жидек, көп жеміс.<br>Қане, тойып алыңдар,<br>Тамақтан соң ойын бар.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Қуыршақ, көлеңкелі театр қойылымын тамашалау, көрген қойылымның желісі бойынша кейіпкерлер туралы әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>«Менің сүйікті достарым» ертегі кейіпкерлерінің костюмдерінің элементтерін қағаздан жасап, дайын кейіпкер бейнесіне жапсыру.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Көңіліміз тамаша!"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық қабырғаның басына дейін сатыдан аттамай өрмелеп, басқа аралыққа ауысып төменге түсу; балаларда бір аяқтан екінші аяққа алға айналдыра отырып және қос аяқтап ыршып секіру дағдыларын дамыту; аяқтың | «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру, алдын-ала әзірленген «Ерте, ерте, ертеде ... »<br>әжемнің ертегісін тыңдайық челленджі бейнематериалдарын тамашалау<br><br>«Ертегілер әлеміне саяхат» сүйікті ертегілерді айту.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер:<br><br>«Мен бастаймын, сен жалғастыр» дидактикалық ойыны<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер:<br><br>"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.<br>Мақсат-міндеттер:<br>балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін | «Менің сүйікті кейіпкерім», ермексаздан мүсіндеу, суретін салу<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар "«Менің сүйікті күшігім» (губкамен бояу)"<br>Мақсат-міндеттер: Үлпілдек жануарларды (күшік) дәстүрден тыс «губкамен бояу» техникасымен сурет салуды үйрету; балаларды күшіктің бейнесін өз бетімен қағаз бетінде орналастыра бере білуге, оның сыртқы кейпінің негізгі ерекшеліктерін бере білу біліктіліктерін қалыптастыру; гуашьпен дәстүрден тыс техникамен сурет салуды жетілдіру; қиялдарын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>Өзі қолдан жасаған кейіпкерінің | «Өнерлі өрге жүзер»<br><br>Ата-аналармен бірлескен әрекетте алдын-ала үйде әзірленген ұлттық оюлардың көрмесін қарастыру және жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу;<br>Тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешкізу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекет)<br><br>Бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билерді билету.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Үй жануарлары"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың үй жануарлары туралы ойларын жүйелеу, балаларды үй жануарлары мен олардың балаларымен таныстыруды жалғастыру: жануарлардың әдеттері, тамақтану | «Ел іші – өнер кеніші»<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер:<br>Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру:<br>- театрландырылған қойылымдар қою үшін атрибуттарды орналастыру;<br>- қойылым желісін ойластыру;<br>-рөлдерді ортақ келісіммен бірге таңдау;<br>- қойылымды қою.<br><br>Құрастырудан ойын-жаттығулар<br>"Аквариумдағы балықтар"<br>Мақсат-міндеттер: Табиғи материалдан балықтың бейнесін жасауға үйрету; шығармашылықты және ұқыптылықты дамыту, ұжымда достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру. | дамыту.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br><br>Музыкадан ойын-жаттығулар ""Торғай" әні"<br>Мақсат-міндеттер: Берілген тапсырманы зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ұжым болып бірлесіп ойнауға тәрбиелеу. | образына еніп оның даусымен дыбыстау, сөйлеуді дамыту.<br>(қарым-қатынас іс-әрекет)<br><br>Ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар<br>"Ақтөстің Сандар әлеміне саяхаты"<br>Мақсат-міндеттер: Сандарды заттар санымен байланыстыру қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. 10 саны туралы түсініктерін қалыптастыру.Басқа сандар арасында санды табу дағдысын қалыптастыру. Алға және артқа қарай 10-ға дейінгі санау қабілетін дамыту. | ерекшеліктері, өмір сүру жағдайлары, адамдарға пайдасы; танымдық белсенділікті, талдау қабілетін, байланыстырып сөйлеуді дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті, жанашырлық, көмек көрсету қабілеттерін дамыту. | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау<br>Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |
| **Күндізгі серуен** | Күннің көзін бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы мағлұмат беру. Білімдерін жетілдіру.<br>Балалар аспанда жарқырап тұрған не?<br>Ол неге ұқсайды?<br>Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба?<br>Күннің бізге қандай пайдасы | Жәндіктерді бақылау (көбелектер).<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: көбелектердің тіршілігі жайындағы білімді толықтыру; бақылау арқылы жаңа ақпараттарды алуға баулу.<br>Күн сайын жәндіктер көбейіп келеді: масалар, көбелектер, | Ересектердің бақшадағы еңбегін бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда көктемде топырақты дайындап, көкөніс егу науқаны басталатыны жайында түсінігін қалыптастыру.<br>Тынымсыз еңбек ету нәтижесінде адамдар көкөністі өсіріп күтуде мол өнім алу | Жәндіктерді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру;балалардың жәндіктердің алуан түрлілігі туралы білімдерін кеңейтуді; жәндіктерді айқын белгілері бойынша ажыратуға және атауға үйрету: түсі, мөлшері, өзіндік | Бақылау: "Балықтар қалай жүзеді?"<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың судағы балықтардың қозғалуының бейімделушілік ерекшеліктері туралы ойларын нақтылаңыз (балықтар әр түрлі бағытта оңай, тез жүзеді, олардың әрдайым арқасы бар) жоғарыдан, қарын төменнен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бар?<br>Көркем сөз<br>Күн шыққанда:<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты күн шықты!<br>Жер үстінде нұр шықты!<br><br>"Күн - түн" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ұйымшылдықпен ойнай білуге баулу.<br>Ойын шарты: балалар көңілді шеңбер жасап тұрады.<br>Жүргізуші: "Күн"- десе, балалар қозғалып жүреді, қимылдайды.<br>"Түн"- десе, балалар қимылсыз, ұйқыға кеткендей қатып қалады.<br>Осы сәтте бір бала ойын шартын бұзса, ойыннан шығарылады.<br>Дұрыс ойнаған балалармен ойын жалғасын табады.<br><br>Еңбек: ауладағы қоқыстарды жинақтау.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу.<br>Керекті құралдар: сыпырғыш, шелек, қалақша.<br><br>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше | қоңыздар.<br>Көбелектердің бірнеше түрін (капустница) ажырата білуге үйрету.<br>Көбелектердің қанаттарында өте әдемі өрнек бар - ол ең әдемі табиғатпен жаратылғандардың арасында.<br>Көбелектердің қанаттарын ұстауға болмайды, өйткені олар нәзік тозаңмен жабылған, оны өшіру оңай, бірақ содан кейін көбелек ұша алмайды.<br>Балаларға көбелектер жұмыртқалайтынын түсіндіру, содан кейін өсімдіктердің жапырақтарын жейтін осы жұмыртқалардан құрттар шығады.<br>Кейінірек құрттар іштен бөлінген жіппен оралып, қуыршаққа айналады, ал қуыршақтардан көбелектер қайта пайда болады.<br>Жұмбақ<br>Гүл ұшып гүлге қонады,<br>Гүл бақшам гүлге толады.<br>(Көбелек )<br>Тәрбиеші жәндіктерді сипаттайды, балалар болжайды.<br><br>Еңбек: ойыншықтарды жуу (өңдеуге жарайтын), төсенішке кептіру.<br>Мақсат-міндеттер: жұмысқа деген оң көзқарасты, тапсырмаларды жауапкершілікпен тәрбиелеу.<br><br>"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен | мүмкіндігіне ие болатынын, балаларға түсіндіру.<br><br>«Арқан тартыс» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: күш-жігерді дамыту, қарсыласын өз жағына тартуда шыдамдылық таныту.<br><br>Еңбек: гүлзарға гүл отырғызу<br>Мақсат-міндеттер: гүл отырғызатын орынды таңдап алып оны суару. Еңбек мәдениетін қалыптастыруды үйрету. (еңбек құралдарын қолдану, жұмыс орнын таза ,ұқыпты ұстау).<br><br>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; санамақты қолданып, жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Балалардың бірі «қасқыр», қалғандары «аққу-қаздар» болады. «Құсшы» құстарды «жем жеуге» жіберіп, олармен қысқа диалог жүргізеді. Белгі берілгенде «аққу-қаздар» өз орындарына қарай жүгіріп ұшады, ал «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.<br>Ұсталған балалар «қасқырға» қосылады. Ойын барлық «аққу- | ерекшелігі дене бөліктері, қозғалыс режимі<br>Экологиялық міндет: жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.<br><br>Әңгімелесу-тәжірибе.<br>Қоңызды қарастыру: басы, мұрты, аяқтары, қанаттары. Ол қанаттарын қалай көтеретінін және қалай ашатынын байқаймыз, жәндік қозғалады, ұшады және отырады.Тірі тіршілік иелерінің жанында өздерін сабырлы ұстау керек екенін ескертеді. Қоңыз бен қырықаяқты аулауды ұсынады, картон парағына құм қабатын құйюды ұсынады - жәндіктер жүгірсін. Қоңыз бен қырықаяқ құмда қандай іздер қалдыратынын салыстыру.<br>Тәжірибеден кейін жәндіктер босатылады.<br>Көркем сөз<br>1. Ұзын құйрық инелік,<br>Инелікке тимелік.<br>Верталетты жасады,<br>Инеліктен үйреніп.<br>2. Гулден сорып бал жинап,<br>Терлеп жанын кинады.<br>Және өзіне жиғанын,<br>Адамдарға сыйлады.<br><br>"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне | сондықтан созылған және тайғақ дене, сүйір бас, жүзбе жүзуге көмектеседі; балықтар әр түрлі бағытта оңай бұрылады - оларға құйрығы көмектеседі; ауру балықтар баяу, теңселіп, бүйірлеріне құлайды, мұндай балықтарды емдеу керек).<br>Бақылау кезінде педагог ойыншық балықты балықтың денесінің бөліктерін балалармен жақсырақ тексеруге, оның қимылын көрсетуге қолдана алады.<br>Жұмбақ жасырады<br>1) Суда оның өмірі, суда оның қорегі<br>2) Аузы бар, ізі жоқ, терісі бар, жүні жоқ.<br>3) Құйрығы жерге тимейді<br>Жотасы күнге күймейді.<br>4) Аяғы жоқ жүрмейді, қанаты жоқ ұшпайды<br>Жер бетінде өмір сүре алмайды.<br>5) Суда өседі, өнеді<br>Сыртқа шықса өледі<br><br>Бақылау: "Бізде қандай балықтар бар?"<br>Мақсат-міндеттер: балаларға әр түрлі балық түрлерін салыстыруға - олардың құрылымы мен мінез-құлқына қарай, айырмашылық белгілерін табуға және оларды сөйлеу кезінде дұрыс көрсетуге үйрету.Бақылау кезінде педагог сұрақтар қояды:<br>«Аквариумдағы балықтар бірдей ме, әлде әр түрлі ме?<br>Олардың айырмашылығы неде?<br>Қандай балықтар үлкен және қайсысы кішкентай? Олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Қауіпсіздікті ескеру.<br><br>"Соқыр теке" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын ережелерін сақтап, әділ ойнауға баулу; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды, тепе-теңдікті сақтай жүріп, үлестіре білуге, бір-бірлеріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру.<br>Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін.<br>Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс.<br>Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының "Итеріспек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық ойындарды ойнату; күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсінуді үйрету.<br>Қауіпсіздік: ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету.<br><br>"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Еркін ойындар. | қаздар» азайып біткенше, ойын жалғасады.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br><br>Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама<br>«Бауда не өседі,бақшада не өседі?»<br>Мақсат-міндеттер: өсімдікті өсу орнына байланысты топтастыру. Балалардың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамыту.<br><br>Еркін спорттық ойындар. Футбол.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br><br>Өзіндік іс-әрекет:<br>Мақсат-міндеттер: ойыншық пен рөлдерді бөлісуде мәдениетті түрде келіспеушілік тұстарын білдіріп, өз ойын іске асыра білу. | соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды.<br>Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді<br>Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті.<br>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. | түсі бірдей ме? Олар қайда жүзеді? Сұрақтар аквариум балықтарының түрлік құрамына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Қара сиыр" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету, кеңістікті бағдарлау, шапшаңдық пен тапқырлықты дамыту, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға бірнеше бала қатысады. Бір зат (малақай, дорба т.б.) таңдалып, балалар шеңбер құрып, көздерін жұмады. Бір ойыншы затты тығып қояды, ал қалғандары оны іздейді. Зат табылған соң, иесі оны қорғайды, ал басқалары алдап алып қоюға тырысады. Затты алған бала келесіде оны тығушы болады. Ойын осы ретпен жалғасады.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Түскі асқа дайындық** | Ұйқыдан кейінгі демалыс: ояту гимнастикасы. | Қолды жуу ережелерін бекіту;<br>ойын - жарыстар;<br>тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі;<br>балалардың өзін-өзі бақылауы. | Балаларды өз бетінше киінуге, аяқ киім киюге үйрету, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту; балаларда шкафтан киім алу және оны шешкеннен кейін орнына қою, бәрін ұқыпты бүктеу қабілеттерін қалыптастыру. | Дәретханадан кейін және кейін қажет болған жағдайда қолды жуу қабілетін нығайту. | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға , қол орамалды уақытында қолдануға тәрбиелеу. |
| **Түскі ас** | Көркем сөз<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>Дидактикалық ойын "Жұмбақ жасыр"<br>Мақсаты: балаларды құстарды сипаттау арқылы , құстар туралы жұмбақтар ойлап табуға жаттықтыру. | Көркем сөз<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | Көркем сөз<br>Жуамын,<br>Жуамын,<br>Тісімді ысқылап,<br>Жуамын,<br>Жуамын,<br>Қалмасын тісте қақ.<br>Жуамын,<br>Жуамын,<br>Тес жегі болмасын.<br>Жуамын,<br>Жуамын,<br>Түрлі иіс қалмасын.<br>Тіс жуды балаңыз,<br>Анашым, қараңыз. | Көркем сөз<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде. | Көркем сөз<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жаныңды. |
| **Күндізгі ұйқы** | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тыңдату. | | | | |
| **Ұйқыдан тұру** | Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа). (дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін асқа дайындық. Бесін ас.** | Гигиеналық дағдылар<br>Өзін үстел үстінде дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту.<br>Көркем сөз<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз. | Гигиеналық дағдылар<br>Қолды жуу ережелерін бекіту;<br>ойын - жарыстар;<br>тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі;<br>балалардың өзін-өзі бақылауы.<br><br>Көркем сөз<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Аппақ бетің, маңдайың. | Гигиеналық дағдылар<br>Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруды жалғастырыңыз: ас құралдарын дұрыс пайдалану (ас қасық және шай қасық, шанышқы);<br>майлықты ұқыпты пайдалану мүмкіндігі; нанды ұсатпау, ауызды жауып, тамақты шайнау, тамақтану кезінде сөйлеспеу;<br>сыпайы болуды үйрету<br>(тамақ үшін алғыс айту, тазалық пен ұқыптылық қажеттілігі.)<br>Көркем сөз<br>Жылы сумен қолымды,<br>Тазалап мен жуамын.<br>Қолыма алып сабынды,<br>Алақанды жуамын. | Гигиеналық дағдылар<br>Үстел басында тыныш отыру әдетін қалыптастыру<br>Көркем сөз<br>Үсті-басым ұқыпты,<br>Таза жүрем әрдайым.<br>Жолатпаймын кірді мен,<br>Тазалықты таңдаймын! | Гигиеналық дағдылар<br>"Тазалық-денсалық кепілі" қолды жуу ережелерін бекіту;<br>ойын - жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі;<br>балалардың өзін-өзі бақылауы.<br>Көркем сөз<br>Тиін жаңғақ жарады,<br>Ешкі шөп жеп барады.<br>Құстар дәнді шоқиды,<br>Ұлу отыр қоқиып.<br>Сүйекті жеп күшігім,<br>Ара балды сорады.<br>Жемге тойған бұзауым,<br>Қамаулы тұр қорада.<br>Ботқа жеймін дейсің бе?<br>Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің. |
| **Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті** | "Хан "алшы"" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойшылдыққа, тапқырлыққа, дәлдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қол моторикасын, дене тепе-теңдігін жетілдіру.<br>Бұл ойынға 5 немесе 10 бала қатыса алады. Көп асықтың ең ірісін қызыл түске бояп қояды. Бұл асық - "хан" асығы. Асықтар тізіліп қойылады да бастаушы хан асығымен оларды көздеп құлатады. Құлаған асықтарды жинап алады. Егер хан асығы бүк,шік,тайқы-қалыптарымен түссе, бастаушы жақын құлаған асықтарды ата береді.<br><br>Тақырыпқа сәйкес сюжетті-рөлдік ойын ойнату. | "Орамал тастамақ" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап каетеді.Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артамда деп жауап береді.Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең,тақпақ айтып немесе билеп беруі керек.<br>Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек.Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>"Шырмауық" қимылды | Тақия тастамақ" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен ақырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді.<br>Тәрбиеші белгіснен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және | "Күш сынаспақ" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер:<br>Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады.2 бала шынтақтарын столға тірек қол бастарын айқстырады.Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады.Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады.<br><br>"Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы.<br>(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу | "Соқыр теке" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Дене бұлшық етін дамыту; ойын шартын бұзбай ойнай білуді жетілдіру.<br>Ойынға керекті құралдар: көз байлайтын орамал.<br>Ойынның шарты. Балалардың арасынан санамақ арқылы бір бала таңдалып алынады.<br>Оның көзін орамалмен байлайды да, беске дейін санап айналдырады.<br>Сөйтіп, соқыр теке басқа балаларды ұстауға кіріседі.<br>Егер соқыр теке балалардың біреуін ұстап алса, сол бала соқыр теке болады.<br>Сондықтан балалар соқыр текеге ұсталмауға тырысады.<br>Солай ойын жалғасын табады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет)<br>«Театр» сюжетті-рөлдік ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Балалармен бірге театр қандай орын екенін, оның адам өмірінде қандай маңызы барын ойын барысында анықтау; артист, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюмер, суретші, бет әрлеуші сияқты мамандары жайында түсініктерін тиянақтау; бір-бірімен сыпайы қарым-қатынас құру дағдыларын қалыптастыру; мәдени орындағы тәртіп ережелерін пысықтау; мәнерлеп сөйлеуін дамыту; достыққа тәрбиелеу. | ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойын шартын түсіндіру. Ойынды аяғына дейін тиянақты ойнауға үйрету.<br>Ойын шарты: Санамақ арқылы балалардың ішінен бір бала алынады. Ол бала шырмауықты шешкіш. Ал басқалары шеңбер бойымен тұрады да бір - бірінің қолдарын жібермей, қолдарының астынан олай - бұлай өтіп шырмала бастайды. Сөйтіп балалар шырмалып біттік дегенде, шырмауықты шешуші келіп шырмалған балаларды шешуі керек. Шеше алмаса айыбын өтейді. | де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз.<br><br>"Дауыста, атыңды айтамын" ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың коммуникативтік дағдыларды дамыту; адамгершілік құндылықтарға баулу. Қимылдарды үйлестіре білуді жетілдіру.<br>Ойыншылар қол ұстасып шеңбер құрады. Ортада көзі байланған бір ойыншы тұрады. Ол қолындағы таяқты шеңбердегі ойыншылардың біріне ұсынып: «Дауыста, атыңды айт», дейді.<br>Таяқ алған ойыншы даусын өзгертіп сөйлейді. Көзі байланған ойыншы оның атын табуға тырысады. Егер дұрыс тапса, екеуі орын ауыстырады. Таппаса, келесі ойыншыны тексереді. Үш рет қате тапса, ойыннан шығады. | қабілетін дамыту. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуді, монологты байланыстырып құра білуді жетілдіру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету.<br>Эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты қарым-қатынастар ортасын құру.<br>Балалардың көңіл күйін құрдастары арасына келген кезде сұрату.<br>Жаттығудың тағы бір нұсқасы. Белгілі мультфильмнің (шығарманың) желісін, көргеннен (оқылғаннан) кейін алған әсерлерін талқылау. | <br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару. |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру(мақалмәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді кию алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды. | | | | |
| **Серуендеу** | Тотықұсты бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: құстардың сыртқы түрін қарастыру; жабайы табиғатта таралуы мен өмір салтын білу<br>Жұмбақ жасыру | Мысықты бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: мысық үй жануарлары, сүтқоректілер және белгілі бір ерекшеліктерге ие екендігі туралы білімдерін | Итті бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: иттің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру; үй жануарына күтім жасау қажеттілігін тәрбиелеу | Балықтарды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың балықтар туралы түсініктерін кеңейту, бақылау жүргізе білуді дамыту, талдау, қорытынды жасауға үйрету. | Бақылау «Балықтар қалай тынығады?»<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға барлық тіршілік иелері сияқты тыныштық пен ұйықтау, олар шөпте, түбінде қозғалмай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап,<br>Басына бөрік киер, құндыз ұстап.<br>(Тотықұс)<br>– Кәне, біздің табиғат бұрышындағы тоты құсқа назар аударайық...<br>Назарларын тотықұсқа аударады.<br>Балалардан тотықұс туралы білетіндерін сұрау.<br>Балалардың жауаптарын тындап болған соң, тотықұс туралы ақпарат беру.<br>Тотықұс-құйрығы қысқа,түрлі түсті құс. Ол Африка, Америка және Австралияда тіршілік етеді. Адамдар оны қолға үйретіп, торда ұстайды.<br>Сөйлейтін тотықұстар да бар.Олар сенің айтқаныңды қайталайды Тотықұстың қанаттарын, тұмсығын, аяқтарын көрсетіп,олардың атқаратын қызметімен таныстыру. Мысалы, қанаттары ұшу үшін,тұсмсығы қорегін шоқып жеу үшін,аяқтары жүру және бұтаққа қонып отыру үшін керек. Кәне,тотықұсқа жем беріп,ол жемді қалай шоқып жейтінін көрейік.<br><br>Тыйым сөздер айту<br>1.Құстардың ұясын бұзуға болмайды.<br>2.Торғайларды таспен атуға болмайды.<br>Бұйра тотықұстың Отаны – Аустралия. Жабайы табиғатта олар топ болып өмір сүреді. Үй жағдайында торда асырауға болады. | бекіту;жануарларға деген ізгілік сезімдерін тәрбиелеу<br>Бақылау барысы<br>Педагог балалардан жұмбақ сұрайды, жауап беруді ұсынады<br>сұрақтарға.<br>Жұмбақ<br>Тікірейіп құлағы<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті-қолын жуады. (Мысық)<br>Көркем сөз<br>Сағат сегіз таянды<br>Тарғыл мысық оянды.<br>Жатпайды ол ерініп,<br>Мысық бойын жазады.<br>Созылады керіліп,<br>Аяқ-қолын созады.<br>Дағдысы оның солай-ды<br>Елден бұрын тұрады.<br>Беті-қолын жуады,<br>Жумайды-ау – жалайды. (М. Әлімбаев)<br>- Неліктен мысық үй жануары, үй мысықтары неге ұқсайды? Мысықтар не жейді? Мысықтардың балалары қалай аталады? Сіз мысықтардың қандай тұқымдарын білесіз? Мысықтардың адамдарға қандай пайдасы бар? Үй мысығына қандай жабайы аңдар жақын туыстар? Мысықтың жыртқыш жануар екенін дәлелде.<br>Иттер мен мысықтардың қабілеттері мен темпераментін салыстыру.<br>- Мысық туралы қандай әндер, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіңдер?<br><br>"Ақ сандық, көк сандық" | Бақылау. Ит қандай? Ол қайда тұрады? Ол не жейді? Итке кім қарайды? Ит - адамның адал досы. Қазірдің өзінде иттер үйімізді күзетіп, достық ниетінен таймай келеді. Олар бізге адал, ал біз оларға дос бола алып жүрміз бе? Ит туралы не білеміз?<br>Ит иесін көргенде қуанады, құйрығын бұлғаңдатып, артқы аяғына тұрады. Адам итті жібінен ұстап далаға қыдыртады. Даладан келгеннен кейін аяқтарын жуады.<br>Ауырып қалса мал дәрігеріне көрсетеді.<br>Ит ет, балық, құс етін және құрғақ жем жейді.<br>Иттің сүйікті тамағы, ол сүйек.<br>Мысық пен ит бір – бірімен дос емес.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып керіліп,<br>Беті - қолын жуады. (Мысық)<br>Лағымның құлағы селтиіп тұрады,<br>Қозы көрсе болғаны, оны тұра қуады. (күшік)<br>Үй иесі қыдырып кеткенде ит үйді күзетіп қалады, және үй жануарларын бағуға да үй иесіне көмектеседі екен.<br>Балалар ит адамның досы, оны жәбірлеп ұруға болмайды. Ол біздің, үйімізді, ауламызды күзетеді. Ал, енді мен сендерге күшіктің анасы иттің ерлігі туралы ертегі айтып берейін.<br>Иттің ерлігі әңгіме оқу.<br>- Баяғыда кемпір мен шал өмір сүріпті. Олардың оншақты қойы болыпты. Қой бағып күндерін | -Ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?<br>-Балықтардың басқа жануарлардан айырмашылығы неде?<br>-Балалар балықтың денесі 3 бөліктен тұрады. Олар: Бас, кеуде және құйрық.<br>- Енді балалар аквариумға қараңдаршы, қандай балық жүзіп жүр?<br>-Дұрыс айтасыңдар, аквариумда алтын балық жүзіп жүр. Сендер алтын балық туралы білесіңдер. Бүгін бізге Алтын балық қонаққа келді.<br>- Балалар қарандаршы, аквариумдағы балықтар мен Алтын балықтың қандай ұқсастықтар бар?<br>- Дұрыс айтасыңдар, балықтар осы жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе алады. Жүзуге арналған қанаттары қалай орналасқан?<br>- Балалар енді балықтың бас жағына назар аударыңдаршы, бүлк-бүлк етеді.<br>Бұл –балалар балықтың желбезегі. Олар осы желбезегі арқылы демалады. Аквариумда өсетін балықтар өзен- көлдерде тіршілік ете алмайды, себебі оларды басқа үлкен балықтар жеп қоюы мүмкін. Аквариумдағы балықтар да еркіндікті сезіну үшін, оларға жағдай жасау керек екен.<br>Ол үшін біздер аквариумға нелер орналастыруымыз керек? (тастар, құм, өсімдіктер. Арнайы өсімдіктер орналастыруымыз керек). Жарық жақсы түсетін аквариумдардың тең жарымына өсімдік отырғызуға болады. | тұрған кезде, көздері ашық қалады деген түсінік беру, өйткені балықтарда қабақтар жоқ, бірақ сонымен бірге балықтар ұйықтап жатыр және ештеңе көрмейді; балықтар ұйықтап жатқанда, оларды мазалаудың қажеті жоқ - аквариум жанында шу шығару.<br>Жұмбақ жасыру<br>Жүріп кетсе соңында,<br>Қалып жатқан ізі жоқ (балық).<br>Тәрбиеші балаларды кешкі уақытта аквариум жанына шағылыстырғышты қосып, су тұрғындарының не істеп жатқанын бақылап, айтып беруді ұсынады.<br>Тәрбиеші: «Енді біз бәр жерді қараңғылайық, балықтар тыныштапып, ұйықтасын.<br>Содан кейін бір-бірлеп аквариумға жақындап, олардың қалай ұйықтайтынын бақылайық».<br>Содан кейін олардың барлығы байқаған нәрселерін бірге талқылайды. Тәрбиеші балықтар да адамдар сияқты ұйықтайды, тек көздері ашық, өйткені олардың қабақтары жоқ дейді. Кейде балықтар күндізгі уақытта демалады, бұл кезде оларды алаңдатпау керек, аквариум жанында шу шығарудың қажеті жоқ.<br><br>"Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біздің елімізде бұйра тотықұстар - жүй құстары болып саналады.<br>Тотықұстарды циркте, хайуанаттар бағында, мультфильмдерде көруге болады: «38 тотықұс», «Адасқантотықұстың оралуы»<br>-Бұйра тотықұсының өмір салты қандай?<br>-Тотықұсты қалай тамақтандыруға болады?<br>- Тотықұстың әдеттері.<br><br>"Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту.<br>Алаңның бір жағында «тауық қора», ал қарама-қарсы бетінде «түлкінің іні» белгіленеді. Бір бала – түлкі, қалғандары – тауықтар мен балапандар.<br>Жүргізуші: «Тауықтар, жем шаштым!» дегенде, тауықтар алаңда еркін қозғалып, жем шоқиды.<br>«Түлкі!» деген белгі берілгенде, түлкі інінен шығып, тауықтарды қуады. Тауықтар қораға қашып үлгеруі керек.<br>Түлкі қолмен тигізген баланы ұстап алады. Қора сызығынан өткендерді ұстай алмайды.<br>Ойын бірнеше рет қайталанып, | қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушіні мұқият тыңдай білуге, күштілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Екі бала бір-біріне арқаларын беріп, қол ұстасып отыру керек.<br>Жүргізуші былай жариялайды:<br>- Ертең ауылым көшеді,<br>Уық-буын шешеді.<br>Қара қойым қашады,<br>Құмалағын шашады.<br>Ақ сандық, көк сандық,<br>Арқан тарт, кілем арт!<br>Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасып, тез тұруы керек.<br>Қайсысы қарсыны арқалап кетсе, сол шарт қояды.<br>Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді.<br><br>"Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың құрдастарымен | көреді екен. Бір күні қойға қасқыр шауыпты. Түнде келіп бір қойын жеп кетіпті. Кемпір мен шал «не істейміз» деп уайымға батыпты. Ойланып отырғанда үйдің қасынан бір ит өтіп бара жатады. Шал иттен ақыл сұрайды.- Ит: «Олай болса, қойларыңды мен күзетіп көрейін»- дейді. Түнде иттің ырылдаған дауысынан, кемпір мен шал далаға шығады. Қараса қойларға келген қасқырды ит сезіп, үріп жатыр екен. Содан бастап қойларына қасқыр жоламайтын болыпты. Кемпір мен шал итке рахметін айтып «сен бізбен бірге тұр, біз саған жылы үйшік жасап берейік»- дейді.<br>- Ит: Жарайды мен онда, қойларың мен үйіңді күзетейін,- дейді. Ит осылай ерлік жасап, адамға дос болыпты.<br><br>"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды.<br>Қасқыр түссе қораға,<br>Ұстамас оны бола ма? | Балалар шыны ыдыстағы шілтер құйрық және аквариумдағы алтын балықты бақылап олардың қозғалысына мән береді.<br>-Арқасында, іш жағында қанаттары бар. Аузы, қабықтары ұқсайды.<br>-Кішкентай балықтар суда аквариумда болады. Олар- өзен-көлдерде тіршілік ете алмайды. Себебі, қоректерін тауып жей алмайды.<br><br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай, желісіне белсенді қатысуға бейімдеу; шапшаңдыққа, жылдамдыққа, төзімділікке баулу.<br>Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар».<br>Қойшының көзі байланады.<br>Алаңның бір шеті «қой қора» болады.<br>Жүргізуші қойшыдан: «Қойшы, қанша қадам бересің?» деп сұрайды. Қойшы белгілі бір сан айтады. Сол қашықтықтан ол: «Менің табыным қайда?» дейді. Қойлар «мә-мә-мә» деп дыбыс шығарып, кейін тынышталады. Қойшы дыбыс арқылы оларды іздеп, біреуін ұстап алуға тырысады. Ұстаса, «қойым, өзіңді ата» дейді. Қойшы баланы даусынан таныса, ол бала жаңа қойшы болады. Тани алмаса, ойын сол қойшымен жалғасады. | балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жалтарып, қимылдарды үлестіріп, бір-біріне соғылмай жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" болып бір-екі бала санамақпен тағайындалады.<br>Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады.<br>Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, жеңіске жеткенді табады.<br>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.<br><br>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түлкі әр жолы қайта таңдалады.<br><br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. | қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу. | Қол ұстасып тұрайық,<br>"Қасқыр қақпан" құрайық.<br>Берік қақпан сынбайды,<br>Қасқырларды ұстайды.<br>Қасқыр, қасқыр, келіп көр!<br>Қақпан, қақпан, берік бол!<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>"Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; балалардың күш-жігерін, шапшаңдығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу. | "Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру. | Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу. |
| **Кешкі ас** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br>Міндеттер. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>(шығармашылық іс-әрекет, музыка)<br>Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br><br>Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Үйге қайту Ата-анаға кеңес** | «Балалардың шығармашылығын дамыту» тақырыбы бойынша ата-аналарға арналған кеңес тақырыптары: Кітап оқу мен ертегінің шығармашылыққа әсері. Музыка мен өнердің бала дамуына ықпалы. Отбасындағы қолайлы психологиялық ахуал және шығармашылық. Баланың жетістіктерін қолдау және ынталандыру жолдары.<br>Ата-аналармен кездесулердің тақырыптары:«Шығармашыл бала – табысты тұлға»; «Баланың шығармашылық әлеуетін ашу жолдары». | | | | |

**24.08.2026 ж. - 28.08.2026 ж. «Ғажайыптар әлемінде»**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | «Балабақшам өз үйім» | Менің сүйікті кейіпкерім | «Бір, екі, үш - бойға жинап күш» | Менің Қазақстаным | «Балабақшам өз үйім» |
| **Балаларды далада қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту. | | | | |
| | Көркемсөзді оқу жаттығуы<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер:<br>Мұзафар Әлімбаев «Біздің балабақшада».<br>Балабақша есігін<br>Үшке тола ашқанбыз,<br>Балапандай өсіріп,<br>Мәпелейді бақшамыз.<br>Бұл – екінші үйіміз,<br>Бір туғанбыз бәріміз.<br>Біз – осы үйдің гүліміз,<br>Біз – осы үйдің сәніміз.<br>Бұл – құшағы тым ыстық<br>Мектебіміз бастапқы!<br>Мұнда жақын туыстық,<br>Бұнда тұңғыш дос таптық!<br><br>«Айгөлек» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе:<br>Айгөлек - ау, айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек,<br>Осы топтың ішінен,<br>Анар атты қыз (Асан атты ұл ) керек - деп шақырады.<br>Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек.<br>Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, | Көркемсөзді оқу жыттығуы<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Д. Әбілев «Орман».<br>Көк бояқ орман<br>Бұтақтарына әнші құстар қонған, –<br>Қарасаң оған,<br>Оңнан, солдан<br>Түстіктен, шығыстан –<br>Алыс жолдан:<br>Көгілдір аспан сияқты<br>Мүлгіп тұрған, –<br>Көктемде жерден бу алған<br>Бу алып, нұр боп қуанған!<br>Кейде сол,<br>Көк бояқ орман<br>Бұтақтарына әнші құстар қонған<br>Көкшіл теңіз сияқты кешкі жатқан<br>Ырғалады зордан,<br>Бесіктей тербеткен қолдан!<br>Сипар ма ем маңдайын алақаныммен<br>Оңнан, солдан!<br><br>"Лақтыру - ұстау" қимылды жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу қабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда | Қимылды ойын «Аралар»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.<br>Ойдан сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Бір топ бала қол ұстасып, шеңбер жасап тұрады да үш - төрт бала ортаға шығады. Олар аралар:<br>Баудағы кім?<br>Ара болсаң, ызыңда,<br>З, з, з, з, з, з, з, з.......<br>Жұмыс істе тығылма.<br>Аралар бір - бірімен сөйлесе бастайды. Қандай жұмыс түрін көрсететіндері туралы кеңеседі. «Жұмыс істе, тығылма»- деген сөзді естіген кезде тоқыма тоқығандай, ағаш жарғандай, ағаш аралағандай қимыл - қозғалыстар жасайды.<br>Балалар осылай әндетіп, аралардың қимылын қайталайды.<br><br>Көркемсөзді оқу жыттығуы<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ж. Қашқынов «Палуан».<br>Білегінде бұлтылдап,<br>Бұлшық еті ойнайды.<br>Солай тынбай ол шындап<br>Жеңіс жолын ойлайды. | "Домино" дидактикалық үстел үсті ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.<br><br>Мақал-мәтелдерді қайталау<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Отан елдің анасы,<br>Ел ердің анасы.<br>Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді.<br>Отан отбасынан басталады.<br><br>"Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет) | Қимылды ойын «Ұшты - ұшты»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды<br>ажырата білуге үйрету.<br>Ойын шарты. Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді.<br>Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады.<br>Мысалы: Ұшты - ұшты, ұшақ ұшты – десе, қолдарын қимылдатады.<br>Ұшты - ұшты, кітап ұшты – десе, қолдарын қимылдатпайды.<br><br>Көркемсөзді оқу жыттығуы<br>(қарым-қатынас іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Ө. Тұрманжанов «Отан».<br>Әуелгі Отан – ана алды, оттың басы.<br>Ауыл алды, аунаған шөптің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары ұстап алса өз тобына қайтадан келеді.<br>Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз. | балалардың белсенділігін, дербестігін дамыту. | Кіріп кетіп ішіне,<br>Аяқтан да шалады.<br>Сенгеннен соң күшіне,<br>Тік көтеріп алады.<br><br>Келіп қалса ыңғайға,<br>Қайыстыра бұрайды.<br>Не мықтылар мұндайға<br>Әрең-әрең шыдайды.<br><br>Жарыстарда жүлде алған,<br>Көрсек көзің тойғандай.<br>Елдің атын шығарған,<br>Ер десең де болғандай. | Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді белгілі бір белгі бойынша топтастыруға үйрету. Балаларды өсімдіктерді белгілері бойынша тануға үйрету. Зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді және логикалық ойлауды дамыту. Табиғатқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. | қасы.<br>Сағынғанда тым ыстық көрінеді,<br>Жаста ойнаған үйшік қып сайдың тасы.<br><br>Отан дейміз от жаққан жерімізді,<br>Отан дейміз өсірген елімізді.<br>Отан дейміз туған жер, ата мекен<br>Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.<br><br>Отан дейміз кең байтақ астананы,<br>Жасыл жалау, жаңа жол, жас қаланы.<br>Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,<br>Ол бірақ өз үйіңнен басталады. |
| | Еңбек: учаскедегі ұжымдық еңбек.<br>Мақсат-міндеттер: ортақ іске қатысу, істі соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: гүлзарды жұқарту.<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерді күту дағдыларын бекіту, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: гүлзардағы топырақты қопсыту.<br>Мақсат-міндеттер: қопсытудың не үшін қажет екенін түсініп, жұмысты тиянақты жасауға баулу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: өсімдіктерге күтім жасау.<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге деген қамқорлықты тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | Еңбек: сөрелер мен терезе алды тақтайларын дымқыл шүберекпен сүрту.<br>Мақсат-міндеттері: балаларда тазалық сақтауға дағдылануын дамыту және қолдау, сумен жұмыс істеу ережелерін сақтау; еңбекқорлықты, басталған істі соңына дейін жеткізе білу қабілетін тәрбиелеу. |
| **Таңғы гимнастика** | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені. "Қара жорға".<br>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау).<br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 рет қайталау). | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Таңғы асқа дайындық** | (қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. | | | | |
| **Таңғы ас** | Көркем сөз<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Мүйізді ешкі келеді,<br>Балаларға ереді.<br>Сүт ботқаны жемесең,<br>Келіп сені сүзеді.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен,<br>Таңертен де кешке де,<br>Жуын күндіз-кешке де,<br>Жуын күндіз-түсте де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар кезінде,<br>Жуын тұрған мезгілде.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету.<br>Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | (мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | «Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру жетекшісі, аспазшы және т.б. рөлдерінде бөлініп, рөлдерді өздігінен таңдап, ойнауға мүмкіндік беру.<br>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Күннің шуағы"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіру; гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; балаларда сап түзеуден төрт қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамыту.<br><br>Шығармашылық уақыты: | Сүйікті кейіпкерлер фестивалі.<br>Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы: жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу.<br>Салған кейіпкері туралы әңгімелеу.<br><br>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар<br>""Өзімшілдің өкініші" Салиха Сәмбетова"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларда кейіпкерлерге және олардың іс-әрекеттеріне өз ойларын айта білу; басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын дамыту; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту; сөздік қорларын молайту; достыққа, татулыққа тәрбиелеу; жақсы және жаман іс-әрекеттерді бір-бірінен ажырата алу дағдыларын жетілдіру.<br><br>Музыкадан ойын-жаттығулар<br>""Балапан" әні"<br>Мақсат-міндеттер: Балалардың музыкалық аспаптарында ойнай отырып, мимика, пластик көмегімен музыкалық бейнені мәнерлі, эмоционалды түрде жеткізе білу қабілетін дамыту; әр түрлі сападағы материалмен тәжірибе жасау барысында шығармашылық қиял мен музыкалық сенсорлық | Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, спорттық ойындарды бірлесіп таңдатып, ойнату; серуен кезінде аулада қарапайым еңбекке баулу, бірге еңбектену;<br><br>«Бәйге» ұлттық ойынын ойнату.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер.<br><br>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар<br>"Менің достарым"<br>Мақсат-міндеттер: Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге тәрбиелеу. Балаларды достыққа,бірлікке,татулыққа шақыру.Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.<br><br>Сурет салудан ойын-жаттығулар<br>"Қалықтаған бүркіт"<br>Мақсат-міндеттер: суретте ұшқан құстың бейнесін бере білу, сәйкес түстерді таңдай білу, құсты бетте әдемі орналастыра білу біліктіліктерін қалыптастыру; сурет салуда түрлі техникаларды қолдану және акварель бояуларын, балауыз мелдерін, түрлі-түсті қарындаштарды біріктіре білуді үйрету; қарапайым қарындашпен нобай жасай білу біліктіліктерін, көру қабілеттерін дамыту; өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын | Менің Қазақстаным<br>Туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>«Елім менің» тақырыбында «Мен бастаймын сен жалғастыр» ойыны арқылы алдынала әзірленген ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің видеоматериалдарын көрсету, сол материалдардың ішінен ұнағандарын бірлесіп таңдату.<br><br>Тіл дамытудан ойын-жаттығулар<br>"Тату доспыз бәріміз. (әңгіме құрату)"<br>Мақсат-міндеттер. «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру; ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту; өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру; бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br><br>Мүсіндеуден ойын-жаттығулар<br>"Тату балалар" дене мүшелерін орналасуын, қозғалысының бағытын сақтай отырып адамды мүсіндеу.<br>Мақсат-міндеттер. Дене мүшелерінің, киімнің формасын сақтай отырып, адамды мүсіндеуді үйренуді бекіту; ұсақ бөлшектерді - көз, қас, ерін мүсіндеуді үйрену; алдыңғы сабақтарда үйретілген бөлшектерді қосу, жапсырылған жерді тегістеу тәсілдерін үйренуді бекіту; өз сезімдерін жеткізуді, достық туралы ойлауды кеңейту, балалардың мейірімділігі туралы түсінігін кеңейту. | "Қозы" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда есту, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Балалар екі топқа бөлінеді («қозылар») және бір-біріне қарама-қарсы отырады. Екі басшы («шопандар») таңдалады. Бірінші топтың жетекшісі екінші топтың жетекшісіне келіп: «Мен бір қозыны алуға келдім», - дейді. Екінші жүргізуші («Шопан») жауап береді: «Таңда». Бірінші жүргізуші балалардың бірін таңдайды, көздерін жұмады. Қарсы топтағы бала: «бе-е-е» деп айтуы керек. Егер бала көзін жұмып, айқайлап тұрған дауысы арқылы танылса, онда ол дауысты берген баланы өз командасына алады, егер ол танымаса, онда ол ұтылады және өзі қарсылас командаға кетеді. Содан кейін екінші топтың көшбасшысы ойынды жалғастырады. Ол ұқсас тапсырма береді (дауыспен таниды), ойын жалғасады. Ойынның соңында көп ойыншы бар топ жеңеді.<br><br>Жапсыру "Бақбақтар алаңы".<br>Мақсат-міндеттер: Балаларға бірнеше рет бүктелген қағаз бөлігінен бақбақ гүлдерін қиып алу дағдыларын бекіту; бірігіп, ұжымдық жұмысты үйлесімді жасай білуге ынталандыру; ұқыптылыққа, табандылыққа тәрбиелеу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Қағаздан желдеткішті бүктеу арқылы құрастыру". (шығармашылық іс-әрекет) Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасуға деген құштарлығын жетілдіру. | қабілеттерді дамыту. | қалыптастыру; тиянақтылыққа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. | | қайшымен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын қадағалау.<br><br>"Арқан тарту" қазақ ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру; ойын шартын бұзбай ойнай білуді жетілдіру. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, арқанның екі ұшынан ұстап, белгіленген меже бойынша күш сынасып тартысады. Берілген межеден асып кеткен топ жеңіледі. Оларды өздеріне тартып алған топ мәреге жетеді. Сөйтіп ойын кезекпен жалғасын табады. |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br>Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |
| **Күндізгі серуен** | Жолжелкенді бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.<br>- Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол | Құстарды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түріне, көлеміне, түсіне, дыбысына қарай ажыратуға үйрету. Экологиялық міндет: құстар жабайы табиғаттың бөлігі екендігі туралы түсінік беру<br>Көркем сөз<br>Құстар, құстар келеді,<br>Жерді шуға бөледі. | Арнайы көліктерді бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын молайту.<br>Көркем сөз<br>Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді.<br>«Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді.<br>Үлкенмін ғой міне мен, | Тастарды бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: тастардың өлі табиғат мүшесі екендігі жайлы түсініктерін молайту, олардың әртүрлілігі мен пайдасы туралы білім беру.<br>Балаларға сұрақтар.<br>- Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай-қандай?<br>- Өлі табиғатқа нелер жатады?<br>- Тастардың қандай түрлері болады | Көгершінді бақылау. (танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін пысықтау, адамның оларға қамқор болып, қорғау шаралары туралы түсініктерін жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Педагог балаларға жұмбақтар жасайды, сұрақтарға жауап беруді ұсынады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкимге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңдіісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.<br>- Балалар, мамыр айын халықта қалай атайды? (Шешек айы)<br>- Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (Күннің көзі көп түскен жерде бар)<br>- Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (Өйткені ло жер әлі салқын)<br>- Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (Олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)<br>- Мына өсіп тұрған өсімдік | Көктем келді деп бізге,<br>Жақсы хабар береді.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай ойнау білуге машықтандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.<br>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.<br>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.<br>Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек.<br>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.<br>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".<br>Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.<br><br>"Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше | Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>Сұрақтар.<br>- Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?(«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.)<br>Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.)<br>- Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.)<br>- Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә)<br>- Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)<br>- Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіружәне милиция.)<br><br>Еңбек: тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.<br><br>"Көк ту" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.<br>Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады.<br>Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек.<br>Екі топтың ортасынан сызық | (үгілмелі, қатты)<br>- Үгілмелі тастарды атаңдар? (бор, көмір, графит)<br>- Қатты тастарды атаңдар?<br>- Қандай таспен асфальтқа сурет салуға болады? (бормен)\<br>- Неге? (ол жұмсақ, жұғады)<br>- Көмір қандай тасқа жатады? (үгілмелі)<br>- Көмір не үшін керек? (отынға)<br>Асыл тастар деген не? (қымбат тастар)<br>- Қалай ойлайсыңдар, адамдар тастарды қолдана ма? Қай жерлерде? (асыл тастарды әшекей бұйымдарға, жәй тастарды құрлысқа т.б.)<br>Зерттеу жұмысы<br>Бор таспен қатты тасты салыстырып көру, ұру, сындыру (бор үгітіледі, тас сынбайды )<br><br>Еңбек: ауладағы тастарды жинау және олардан композиция құрау.<br>Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеуге үйрету, шығармашылық қиялын дамыту.<br><br>"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай, қимылдарын үлестіре біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуға дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге машықтандыру.<br>Ақырын-ақырын итеріп, | Қанат қағып шарықтап,<br>Мұхит асып қалықтап,<br>Шарлап бүкіл әлемді,<br>Шаттандырып әр елді<br>Бейбіт күнге сән болған,<br>Бұл қандай құс ән болған? (Көгершін)<br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш)<br>- Олар қайда тіршілік етеді?<br>- Олар нені шоқып жегенді жақсы көреді?<br>- Оларды кім қоректендіреді?<br>- Көгершіндер қайда мекендейді?<br>Өте ерте кезден-ақ көгершіндер бейбітшілік пен достық құсы деп саналған. Ол өте әдемі және адамдарға тез бауыр басады.<br>Көгершіндердің ерекше қасиеті олар өз үйлерін қанша қашықта болса да іздеп табады.<br>Көркем сөз:<br>Құстар менің достарым,<br>Жемін, суын керекгін,<br>Құспен қызық аспаным.<br>Күнде апарып беремін<br>Үйшік жасай білемін.<br>Олар мәз боп қалады,<br>Ағаштарға ілемін.<br>Шаттық әнге салады.<br>- Қандай құстар алаңға келіп қонады?<br>Зерттеу қызметі<br>Кептер мен торғайды салыстыру<br><br>Еңбек: балабақша аумағына жем салғыш ілу.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек әрекетін орындауға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай аталады? (Жолжелкен)<br>- Оны неге олай атаған?<br>- Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>Зерттеу жұмысы<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу.<br>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br><br>Еңбек: ойын алаңын тазалау.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Бізден сізге кім керек?<br>Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді.<br>Айгөлек-ау айгөлек,<br>Айдың жүзі дөңгелек.<br>Теміршіден дем шығар,<br>Үзеңгіден дем шығар.<br>Ақ терек пен көк терек,<br>Шолпан атты қыз керек.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі) | ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бұйрықты тыңдай білуге үйрету; шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Балалар санамақ арқылы «қарақұс» пен «тауықты» таңдайды. Қалғандары – балапандар, олар бір-бірінің белінен ұстап, тізіліп тұрады. Белгі берілгенде, қарақұс ең соңғы балапанды ұстап алуға тырысады. Тауық қолдарын жайып, балапандарын қорғайды. Балапандар тізбекті бұзбай, қарақұсқа ұстатпауға тырысады. Ұсталған балапан қарақұстың ұясына кетеді.<br><br>Еңбек: аланды жақсарту бойынша ұжымдық жұмыс.<br>Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету, топтық жұмыстың құндылығын көрсету.<br><br>Жеке жұмыс: көлбеу жүру, "Қарлығаш" жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: дене тепе-теңдігін дамыту; ептілікке тәрбиелеу.<br>Тура жүріп, тақтайдың (бөрененің) ортасында тоқтап, "қарлығаш" фигурасын көрсету (екі қолды дан-жаққа созып, дене түзу, бір аяққа тұрып, екінші аяқты артқа, жоғары көтеріп, түзу созып тұру), содан соң жүруді жалғастыру, тақтайдан (бөренеден) секіріп, екі аяққа түсу, екі қол екі жақта. | сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.<br>Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді.<br>Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балалардың затты (доптар немесе қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.<br><br>Жаттығу ойындары. Секіргіш жіппен секіру жаттығулары.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.<br>Мақал: "Сақтықта қорлық жоқ". | Өткеншекті қозғалтамыз.<br>Жылдам-жылдам жүгіріп,<br>Шеңберді айналдырамыз.<br>Д. Ахметова.<br><br>"Күркеге кім бұрын жетеді?" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: берілген белгі бойынша жылдам жүгіруге жаттықтыру, жеңіске жетуге деген ынталарын арттыру.<br><br>"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыра білуді дамыту; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Балалармен асфальтқа түрлі-түсті бормен сурет салу «Жазғы табиғат»<br>Мақал-мәтел<br>Асыл тастан шығады,<br>Ақыл жастан шығады.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу. | Жаттығу ойындары: «Қаданы (кегли) құлат».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: допты нысанаға лақтыру, дәлдіктерін дамыту.<br><br>Халық болжамы:<br>- Құс жүнін үрпитсе, жауын болады;<br>- Жыл құстары кеш ұшса, қыс жылы болады;<br>- Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.<br><br>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br><br>"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.<br>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз алаңдарында жеке-жеке сақаларын үйіреді.<br>Сақасы алшы түскен бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, достыққа тәрбиелеу.<br><br>"Сызықты баспа" қимылды жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.<br><br>«Менің балабақшам», жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуенде әңгімелесу. | Еркін спорттық ойындар.<br>Футбол.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Футбол элементтерін меңгерту.<br>Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. | | | бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бүк, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшақтау жерге барып сақа үйіреді).<br>Еркін ойындар.<br>Мақал-мәтел<br>Дана көптен, дәрі шөптен.<br>Құнарлы шөп, қосымша сүт. |
| **Серуеннен оралу** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің<br>біріздік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім<br>мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бірбіріне көмектесуге баулу.<br><br>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). |
| **Түскі асқа дайындық** | Гигиеналық дағдылар<br>Ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне күтім жасау әдетін тәрбиелеу. | Гигиеналық дағдылар<br>Қатты ет өнімдерінің бөліктерін кесуді үйрену. | Гигиеналық дағдылар<br>Дұрыс жууну дағдыларын бекіту үшін: көбік алынғанша сабындау, шаю, құрғатып сүрту; қол орамалды уақытында қолдану қабілеттерін дамыту. | Гигиеналық дағдылар<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтана білуге, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға, қасықты оң қолына ұстай білуге тәрбиелеу. | Гигиеналық дағдылар<br>Ұқыптылыққа, сыртқы келбетіне күтім жасау әдетін тәрбиелеу. |
| **Түскі ас** | Көркем сөз<br>Дастарханға барамыз,<br>Қасықты қолға аламыз.<br>Төкпей-шашпай тамақты,<br>Аузымызға саламыз.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Ыстық құймақ пісірдім,<br>Тәрелкеме түсірдім.<br>Дәмді болды құймағым,<br>Құйып ижедім қаймағын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Бесін астың кезі келді,<br>Дастарханға отырдық.<br>Түзу ұстап денемізді,<br>Ас ішейік отырып.<br>Тамағыңды алаңдамай,<br>Төгіп алма! Дұрыс іш!<br>Дастарханда көп сөйлемей,<br>Отырамыз тып-тыныш.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Құстар келді далаға,<br>Бақтың ішін аралап.<br>Не береміз Ваняға,<br>Дәмді тамақ қалай ма?<br>Бірі ботқа сұрады,<br>Екіншісі айранды.<br>Үшіншісі сүт сұрап,<br>Бірі бөліш қалады.<br>Тойып алып тамаққа,<br>Тыныш тапты бағана.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | Көркем сөз<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырын.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) |
| **Күндізгі ұйқы** | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштықты сақтау.<br>Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тыңдату. | | | | |
| **Ұйқыдан тұру** | Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа). (дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін асқа дайындық. Бесін ас.** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю).<br>Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау.<br>Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу,<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті** | "Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін | "Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер | "Тез жауап бер" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру.<br>Ойын шарты: Балалар шеңберде тұрады, допты кім қағып алады | "Шырмауық" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларға ойын шартын түсіндіру. Ойынды аяғына дейін тиянақты ойнауға үйрету.<br>Ойын шарты. Санамақ арқылы балалардың ішінен бір бала | "Кім тез жинайды" дидактикалық ойыны.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: көгөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>Ойын барысы. Педагог балаларға көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады.<br><br>"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді, берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояй білуді жетілдіріп, бейнелеу сапасына көңіл аудару. | құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, «Жер» деген кезде - жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде - суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде - ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br><br>"Орамал" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. | сол бала заттың аты мен түсін айтып допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі,үш сөзбен жауап беруге болады.<br><br>«Қойлар мен қасқыр» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай бірлесіп ойнауға, бірлікке, достыққа тәрбиелеу. Ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.<br>Ойынға қажетті құралдар: ағаш ат немесе резеңке ат, қамшы.<br>Ойын шарты. Қойшы қойларды өрісте бағып жүреді, ал қойлар алаңсыз жайылып жүреді. Кенет аш қасқыр жақындап келіп қалады. Қасқырды байқап қалған қойшы: қойларым, қашыңдар, аш қасқыр! келіп қалды дегенде қойлар аш қасқырдан қашулары керек. Ал қойшы қойларын аман алып қалу үшін, атымен шауып, қолына қамшысын алып қасқырды қуады. Қасқырды қойшы соғып алса, қойшы қасқырға ән, би билетеді. Ал қасқыр қойларды ұстап алса ұсталған қой ойыннан шығарылады. | алынады. Ол бала шырмауықты шешкіш. Ал басқалары шеңбер бойымен тұрады да бір - бірінің қолдарын жібермей, қолдарының астынан олай - бұлай өтіп шырмала бастайды. Сөйтіп балалар шырмалып біттік дегенде, шырмауықты шешуші келіп шырмалған балаларды шешуі керек. Шеше алмаса айыбын өтейді. сөзді сандықшаларға салады.<br><br>"Мектеп" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мектеп туралы білімдерін кеңейту және нақтылау. Балаларға рөлді жүзеге асырудың экспрессивті құралдарын (интонация, мимика, қимылдар) игеруге көмектесу. Балалардың оқуға деген ынтасын арттыру.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>"Қара сиыр" қазақ ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету, кеңістікті бағдарлау, шапшаңдық пен тапқырлықты дамыту, достыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға бірнеше бала қатысады. Бір зат (малақай, дорба т.б.) таңдалып, балалар шеңбер құрып, көздерін жұмады. Бір ойыншы затты тығып қояды, ал қалғандары оны іздейді. Зат табылған соң, иесі оны қорғайды, ал басқалары алдап алып қоюға тырысады. Затты алған бала келесіде оны тығушы болады. Ойын осы ретпен жалғасады. | <br>Санамақ айту жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>"Жеті ұл"<br>Сәл демалып, тынып ал.<br>Тақпақ тыңдап, ұғып ал.<br>Апта деген ағайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі - Дүйсенбі,<br>Екіншісі - Сейсенбі,<br>Үшіншісі - Сәрсенбі,<br>Төртіншісі - Бейсенбі,<br>Жұма деген - Бесінші ұл,<br>Алтыншы ұл - Сенбі,<br>Жетіншісі - Жексенбі.<br><br>"Итеріспек" қимылды қазақ халық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларда қозғалу, бір аяғынан секіру, жылдамдық, ептілік қабілеттерін дамыту.<br>Үлкен шеңбер сызылған. Бір аяғымен секіріп тұрған балалар бір-бірін шеңберден шығарады. Екінші аяғын жерге тигізсе жеңіліс болып саналады. |
| **Серуенге** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру(мақалмәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br>Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |
| **Серуендеу** | Құмырсқаны бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: құмырсқалардың пайда болу ерекшеліктері, олардың тіршілік көріністері туралы білімдерін кеңейту; сыртқы дүниеге деген қызығушылықты ояту.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Қатар - қатар қара нар,<br>Аспанменен бара бар,<br>Алды биік, арты жар.<br>(Құмырсқа)<br>Көркем сөз<br>Қаламайды құмырсқа<br>Қаңғыруды, билеуді.<br>Тыным алмай, ырысқа<br>Толтырады илеуді.<br>Тапқан заты ауыр боп,<br>Түссе бірі әлекке,<br>Қауымдасқан бауыр кеп,<br>Келеді тез көмекке.<br>Ауыртпалық көрмедім<br>Олар алып жықпайтын.<br>Қиындық аз дер едім<br>Түбі жеңіп шықпайтын.<br>Неге?<br>Айтсақ дұрысын:<br>Демей ұсақ, ірісің,<br>Бірі істейді бәрі үші,<br>Бәрі істейді бірі үшін! (Қадыр Мырза Али)<br><br>Еңбек: алаңдағы жерді қопсыту | Жаяу адамдарды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс:<br>Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар!<br>Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!<br>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді.<br>- Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.<br>- Жаяулардың тек осы жерден | Гүл егілген алаңқайды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Көркем сөз<br>Кешкілік пе, күндіз бе, Үзіп алсаң сен бір гүл,<br>Өсіп тұрған гүлді үзбе. Үзіп алсам мен бір гүл,<br>Туған жерді далаға, Не қалады сиқынан,<br>Тастағалы жүрміз бе? Қызыл-жасыл жердің бұл<br>Жайнап өсіп далада,<br>Көздің жауын ала ма.<br>Бірде – бірін жұлғызба,<br>Қасындағы балаға.<br>Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі.<br>Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз.<br>Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз.<br>Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін | Ауа райын бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: ауа райының бақылай білуге, күннің бұлттануына қарап жаңбыр жаууы мүмкін екендігін болжауға үйрету.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз<br>«Найзағайлы нөсер» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада көлкіп қақ қалды.<br>Нақыштап жатыр сәулемен,<br>Найзағай экран аспанды.<br>Нұрлана түсті жасыл бақ,<br>Нәрлене түсті атырап.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>Балаларға сұрақтар<br>- Жаңбыр неден пайда болады?<br>- Жаңбыр жауарда бұлт қандай болады?<br>- Жаңбыр неге керек?<br>- Қандай жаңбыр түрлері естерінде бар? (ақ жаңбыр, сылбыр жаңбыр, нөсер жаңбыр, найзағайлы жаңбыр)<br>Зерттеу жұмысы<br>Ауа-райын бақылау. Аспандағы бұлтқа назар аудару. Жаңбыр болуы мүмкін бе? Болса қандай болуы мүмкін?<br>Халық болжамы<br>- Жаз жаңбырлы болса - қыста қар мол болады, әрі аязды болалы.<br>- Жаңбыр болар алдында | Торғайларды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру.<br>Көркем сөз<br>Қалатындай қиқылдап,<br>Әдетіңді білемін,<br>«Шиық, шиық» еттің шиқылдап<br>Дайын асқа ортақсың<br>Шашып берген жемімді<br>Торғай, торғай торғайым,<br>Жейсің сонша қиқымдап,<br>Сені әркез қорғаймын<br>Қорқақсың-ау, қорқақсың,<br>Қыстың қамын жаз ойлап,<br>Еңбек десе шорқақсың.<br>Бәріне де бол дайын!<br>Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді.<br>- Торғай қандай болып көрінеді? (Бұл кішкентай пысық құс.)<br>- Ол жайлы үнемі «сұр торғай» деп айтады. Ал шындығында торғай сұр емес Ал қандай? (оның арқасы қызыл қоңыр, жіңішке қара жолақтары бар)<br>А-л қанаты мен құйрығы қандай? (құйрығы-қара- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: келесі жылы тұқым отырғызуға жерді дайындауды үйрету.<br><br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар». «Қойшының» көзі байланады. Ол белгілі қашықтықтан «Менің табыным қайда?» деп сұрайды, ал «қойлар» «мә-мә» деп дыбыс беріп, тығылады. «Қойшы» дыбысқа қарап балаларды іздейді. Ұсталған баладан дауысын шығаруды сұрайды. Егер «қойшы» оны дауысынан таныса, сол бала келесі «қойшы» болады. Танымаса, ойын сол «қойшымен» жалғасады.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру.<br><br>Жеке жұмыс: баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. | өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br><br>Еңбек: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау, түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау.<br>Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.<br><br>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік бер; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - түлкі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін жетілдіру; қимылдарды үлестіруге,ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу.<br>Балалар шеңберге жиналып, көздерін жұмады. Педагог бір баланы білдіртпей таңдап, оны «қу түлкі» етеді. Балалар «Қу түлкі, сен қайдасың?» деп үш рет сұрайды. Соңында «қу түлкі» өзін білдіріп, балалар одан қашады.<br>«Қу түлкі» кімге қолын тигізсе, сол ойыннан шығады. Ойын осылай жалғасады.<br><br>"Үшінші артық" қимыл- | күтіп, баптау кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші!<br>Зерттеу жұмысы<br>Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру. Әр гүлдің жапырақтары мен сабақтары арасындағы айырмашылықты қарау.<br><br>Еңбек: балалармен гүл егілген алаңға сусепкішпен су себу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету.<br><br>«Ақ серек-көк серек» қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірлесе ойнауға,ойын шартын сақтауға баулу.<br><br>Жаттығу ойындары «Волейбол ойыны»<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: бір-біріне доп беру, кері лақтыру.<br><br>"Резеңке" аула ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың секіру қабілеттерін жетілдіру; жылдамдыққа, күштілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құралы: Ұзындығы шамамен 2 | карлығаштар төмен ұшып жүреді.<br>- Қарлығаш жер бауырлап ұшса, жаңбыр болады.<br><br>Еңбек: құмсалғыш айналасына шашылған құмдарды, алаңға алып шыққан құралдар мен ойыншықтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жинақылыққа, тазалыққа баулу. Өздеріне қажетті заттарға мұқият болуға тәрбиелеу.<br><br>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.<br>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.<br>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.<br><br>"Ұшты - ұшты" ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ұшатын заттар мен ұшпайтын заттарды ажырата білуді жетілдіру.<br>Тәрбиеші балаларға ұшатын құс, әуе көлік атауларын, сонымен қатар кез келген атауларды атайды.<br>Егер олар ұшатын болса құс қанатын қағып қимыл көрсетеді. | қоңыр, қанаттары да қара-қоңыр, жирен түспен жиектелген)<br>- Ал басының түсі қандай? (Сұр)<br>- Торғайлар қайда өмір сүреді? (қалада және ауылда.)<br>- Иә, олар әркез адамдарға жақын жерге мекендейді. Торғайлар неге адамдарға көрші болғанды жақсы көреді? (адамдардың қасында олар жырткыштардан аулақ болады, жемді де тез тауып жейді, оңаша мекен де табады.)<br>-Торғайлар әсіресе өз «үйлерін» ағаш үйлердің терезе қондырғыларына салады.<br>- Ал қалада торғайлар қайда мекендейді? (подъездің немесе балконның күнқағарларына.)<br>Қане, жақсылап қарайықшы біздің балабақша ауласында қай жерге мекендеді екен?<br>Адамдар құстарға қандай қамқорлық жасауы керек? (Жемсалғыш жасап, күнде жем сеуіп тұру керек)<br>Жазда, күзде торғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктердің дәндері мен тұқымдарын шоқиды)<br><br>Еңбек: ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру.<br>Мақсат-міндеттер: ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу | қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. | м резеңке таспа (ұштары байланған).<br>Ойын барысы:Екі ойыншы резеңкені тобық деңгейінде керіп ұстайды, үшінші ойыншы секіреді. Секіру кезінде әртүрлі қимылдар (фигуралар) орындалады және оларды дұрыс қайталау керек.<br>Қате жіберген ойыншы резеңкені ұстап тұрған ойыншымен орын ауыстырады.<br><br>Болжам: гүлдердің иісі одан сайын аңқып шықса, жауын жауады. | Ал, егер ұшпайтын зат атауын атаса, онда қолдарын қимылдатпайды.<br>Егер керісінше ұшатын затта қимылдатпай, ұшпайтын затта қимылдатса, бала ойыннан шығарылады. | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық танытa отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br><br>Жаттығу ойындары:<br>«Жалауды құлатпа»<br>Мақсат-міндеттер: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелеңдеп жүру. |
| **Кешкі ас** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br>Міндеттер. Балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br><br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>(шығармашылық іс-әрекет, музыка)<br>Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br><br>Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | | |

| | |
|---|---|
| **Үйге қайту Ата-анаға кеңес** | Ұсынымдар: қоғамдық орындарға, мәдени-көпшілік іс-шараларға бірге бару, қоғамдық орындардағы әдеп ережелерімен, кітапты пайдалану ережелерімен танысу.<br>Кеңестер: «Қазақ халқының әдеп ережелері»; «Сұрақтарға жауап беру дағдысы»; «Балаңыздың көркемдік талғамын дамытыңыз».<br>Фотоколлаж: «Бұл – менің достарым». Әлеуметтік желідегі сторис эстафетасы: «Біздің көрші елдегі достарымыз». Әңгімелесулер: балалардың мектепке психологиялық дайындығы туралы. |

**31.08.2026 ж.**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды далада қабылдау** | Балалардың терісін, сыртқы түрін қарау; ата-ананың сұрақтарына педагогтің жауаптары; балаларға қолайлы жағдай жасау; балалардың далаға киетін бас киімдері мен аяқ киімдері туралы ескерту. | | | | |
| | Санамақ айту жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне, санамақ өнеріне баулу. Балалардың сөйлеу тілін дамыту.<br>Бір дегенім - бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі деген - елім,<br>Дала, туым, көлім.<br>Үш дегенім - үміт,<br>Үміт артар жігіт,<br>Төрт дегенім - төзім,<br>Төзе білем - өзім,<br>Бес дегенім - бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; балалардың күш-жігерін, шапшаңдығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу. | | | | |
| | Еңбек: өсімдіктерге күтім жасау.<br>Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге деген қамқорлықты тәрбиелеу.<br>Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. | | | | |
| **Таңғы гимнастика** | Таңертеңгілік гимнастика жаттығулары<br>(дене тәрбиесі)<br>Жалпы дамыту жаттығулары кешені. "Қара жорға". | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - иықты алға қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - иықты артқа қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 р.).<br>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1- оң аяқты алға созып, оңға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - сол аяқты алға созып, солға қарай иіліп, қолды бүге, саусақтарды қозғау; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 р.).<br>3. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде. 1 - сол аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 2 - бастапқы қалыпқа келу; 3 - оң аяқты алға созып, оң қолды жоғары көтере, сол қолды алға соза, сол қолды, оң қолға тигізу; 4 - бастапқы қалыпқа келу (6 р.).<br>4. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1- екі аяқты бірге ұстап, қолды 2 жаққа соза, иықты қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 р.).<br>5. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол төменде.1 - аяқты айқастыра тұрып, қолды белге ұстап, иықты алға, артқа қозғау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 р.).<br>6. Бастапқы қалып: аяқ арасы сәл алшақ, қол белде. 1 - екі аяқты кезек көтеріп, қолды белге ұстап, орнында шоқырақтау; 2 - бастапқы қалыпқа келу (6 р.). | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | | | | |
| **Таңғы асқа дайындық** | (қоршаған әлеммен таныстыру, мәдени-гигиеналық дағдылар)<br>Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. | | | | |
| **Таңғы ас** | Көркем сөз<br>Денемді таза ұстап,<br>Шомыламын ағынмен.<br>Тамақ ішер алдында,<br>Қол жуамын сабынмен.<br>Өз бетінше және ұқыпты тамақтануға, дұрыс қалыпты сақтай отырып, үстел басында тыныш отыруға тәрбиелеу; тамақтану әдебін ұсануға баулу.<br>Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.<br>Ауызды тамақ ішкеннен кейін шаюды дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Тақырыпқа сәйкес асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу. (шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br><br>Дене тәрбиесінен ойын-жаттығулар<br>"Күннің шуағы"<br>Мақсат-міндеттер: Балаларды арақашықтығы 40 см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқтап секіру; гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылған толтырылған доптардан аттап жүру іскерліктерін жетілдіру; балаларда сап түзеуден төрт қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамыту.<br><br>Шығармашылық уақыты: "Қағаздан қалаған заттарды құрастыру".<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Масқат-міндеттер: балалардың түрлі материалдардан (қағаздан) құрылыс жасауға деген құштарлығын жетілдіру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br>Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |
| **Күндізгі серуен** | Арнайы көліктерді бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: арнайы көліктер туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорларын молайту.<br>Көркем сөз<br>Үлкен болдым десем де,<br>Ешкім маған сенбейді.<br>«Жалғыз жүрме көшеде,<br>Кішкентайсың сен»-дейді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үлкенмін ғой міне мен,<br>Ойыншықтарды жинаймын.<br>Машинаға мінер ем,<br>Кабинаға сыймаймын.<br>Сұрақтар.<br>- Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер?(«Жедел жәрдем», өртсөндіру, қар жинайтын, су себетін, милиция машиналары.) Бұл машиналар не үшін керек? (адамдарға көмектесу үшін.)<br>- Өрт болғанда неге «Жедел жәрдемді» қоса шақырады? (зардап шеккендерге көмектесу үшін.)<br>- Сиренасы қосулы машиналарға өзге машиналар жол беруге тиіс пе? (иә)<br>- Неге? (Олар адамдарға көмекке асығады.)<br>- Оларды атаңдар. («Жедел жәрдем», өртсөндіружәне милиция.)<br><br>Еңбек: тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау.<br>Мақсат-міндеттер: жұмыс уақытында ұқыпты болуға баулу.<br><br>"Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту.<br>Санамақ арқылы бір бала «қойшы» болып таңдалады, қалғандары – «қойлар». «Қойшының» көзі байланады. Ол белгілі қашықтықтан «Менің табыным қайда?» деп сұрайды, ал «қойлар» «мә-мә» деп дыбыс беріп, тығылады.<br>«Қойшы» дыбысқа қарап балаларды іздейді. Ұсталған баладан дауысын шығаруды сұрайды. Егер «қойшы» оны дауысынан таныса, сол бала келесі «қойшы» болады. Танымаса, ойын сол «қойшымен» жалғасады.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br><br>Жаттығу ойындары. Секіргіш жіппен секіру жаттығулары. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер: алға, артқа айналдыра отырып секіруге жаттықтыру.<br>Мақал: "Сақтықта қорлық жоқ". | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің<br>бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім<br>мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бірбіріне көмектесуге баулу.<br><br>Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату;<br>- ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту.<br>Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау.<br>Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет ету дағдыларын бекіту (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу). | | | | |
| **Түскі асқа дайындық** | Гигиеналық дағдылар<br>Дұрыс жууну дағдыларын бекіту үшін: көбік алынғанша сабындау, шаю, құрғатып сүрту; қол орамалды уақытында қолдану қабілеттерін дамыту. | | | | |
| **Түскі ас** | Көркем сөз<br>Құстар келді далаға,<br>Бақтың ішін аралап.<br>Не береміз Ваняға,<br>Дәмді тамақ қалай ма?<br>Бірі ботқа сұрады,<br>Екіншісі айранды.<br>Үшіншісі сүт сұрап,<br>Бірі бәліш қалады.<br>Тойып алып тамаққа, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тыныш тапты бағана.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | (дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.<br>Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету.<br>Тыныштықты сақтау.<br>Ертегілер оқу, аудиоертегілерді тындату. | | | | |
| **Ұйқыдан тұру** | Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін асқа дайындық. Бесін ас.** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.<br>Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю).<br>Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау.<br>Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.<br>Мақсат-міндеттер:<br>- киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу,<br>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| **Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті** | "Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.<br>Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып, «Жер» деген кезде - жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде - суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде - ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.<br><br>"Орамал" қимылды ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Ойын шарты. Балалар шеңбер құрып отырады, ал шеңбер | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойымен бір бала жүгіреді, қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойынша отырған баланың біріне орамалды артына тастап кетуге тиісті. Бала артына бұрылып қарап, орамалды алып, орамал тастаған баланы қуып жетіп орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуушы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады.<br><br>"Мектеп" сюжетті-рөлдік ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер: балалардың мектеп туралы білімдерін кеңейту және нақтылау. Балаларға рөлді жүзеге асырудың экспрессивті құралдарын (интонация, мимика, қимылдар) игеруге көмектесу. Балалардың оқуға деген ынтасын арттыру. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру(мақалмәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер).<br>Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.<br><br>Серуендеуге дайындық.<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін қайталау.<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстау ережелеріне баса назар аудару - тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.<br>4. Балалар өздігінен киінеді, қажет болса - тәрбиешінің немесе басқа баланың көмегі. | | | | |
| **Серуендеу** | Жаяу адамдарды бақылау.<br>(танымдық, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер: жолда жүру ережесі туралы, жолдың жаяулар жүретін бөлігі туралы білімдерін тиянақтау.<br>Жаяу жүргінші білуі тиіс: Бағдаршамның өз белгісі бар-оған ешқандай қарсылықсыз көнуің керек! Сары түс-ескерту: қозғалыс белгісін асықпай күте біл! Жасыл түс-жол ашық. Жолдан еркін өте бер! Қызыл түс бізге ТОҚТА дегенді білдіреді. Қауіпті! Жол жабық! Балалар жолдан өтерде өте сақ болыңдар! Жолда жүру ережесін үнемі есте сақта!<br>Тәрбиеші балаларды жолдың жаяулар жүретін бөлігіне әкеліп, әңгіме өткізеді. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Жаяу жүргінші жолдың қай бөлігімен жүруі керек? (тротуармен)<br>Жүргенде жолдың оң жағымен , өзгелерге соқтықпай, басқаларға кедергі келтірмей жүруге тырысу керек. Көшеде сабырлы болу керек. Жолдан өтерде бағдаршамның жасыл түсінің жануын күтіп, жаяулар жүретін жолақтан өту керек.<br>- Жаяулардың тек осы жерден өтуі керегін сендер қайдан білдіңдер?<br>- Дұрыс айтасыңдар, «Жүргіншілер жолы» деген белгі бар және жолға жалпақ ақ жолақ сызылған.<br><br>Еңбек: гербарий жасау үшін әдемі жапырақтарды жинау, түскен жапырақтарды ағаш түбіне тырмамен жинау.<br>Мақсат-міндеттер: табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру.<br>Санамақ арқылы бір бала «жапалақ» болып таңдалады. Ол «ұясында» жасырынып тұрады, ал қалған балалар «тышқандар» мен «шымшықтар» рөлін орындайды.<br><br>"Жыланша жүгіру" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Кедергілердің арасымен өту арқылы белгілі жылдамдықпен "жыланша" жүгіру қимылын жетілдіру.<br><br>Өздік ойындар.<br>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру, дербес қимыл белсенділігін дамыту. Балаларды айналасындағыларға әрқашан әділ болуға баулу. | | | | |
| **Кешкі ас** | Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті** | Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>(шығармашылық іс-әрекет, музыка)<br>Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.<br><br>Өнер бұрышында білім тақырыбында құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.<br>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)<br>Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу техникаларын жетілдіру; шығармашылық ойлауды дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | | |
| **Үйге қайту Ата-анаға кеңес** | Ата-аналарға күзгі маусымға бейімделу кезеңінде балалардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша кеңестер өткізу.<br>Әңгімелесулер: балалардың мектепке психологиялық дайындығы туралы. | | | | |